

ҚАЗАҚСТАН БҰҰ ЖАРҒЫСЫН ТОЛЫҚТАЙ ҚОЛДАЙДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев БҰҰ Бас хатшысының орынбасары, Терроризмге қарсы күрес басқармасының басшысы Владимир Воронковпен және БҰҰ Қауіпсіздік кеңесінің Терроризмге қарсы күрес комитеті Атқарушы директоратының атқарушы директоры Наталья Германмен кездесу өткізді.

Мемлекет басшысы Астанада өтіп жатқан Қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі Орталық Азия форумына қатысқаны үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының делегациясына алғыс айтты.

— Сіздер бұл форумға қатысу арқылы аталған жиынға маңызды қолдау көрсетіп отырсыздар. Қазіргі әлемде болып жатқан оқиғаларды ескерсек, конференцияның күн тәртібіндегі мәселелер өте өзекті. Еліміз Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысын толықтай қолдайды. Мен бұл жөнінде барлық халықаралық іс-шараларда үнемі айтып жүрмін. БҰҰ-ға мүше басқа мемлекеттердің бәрі Ұйым Жарғысында бекітілген қағидаттарды мүлтіксіз сақтауы керек деп санаймын. БҰҰ — Қазақстан үшін баламасы жоқ әрі әмбебап халықаралық ұйым. Ұйымға мүше елдердің әр-

қайсысы оның қызметін жетілдіру ісіне барынша үлес қосуға тиіс. Біз БҰҰ Бас хатшысы Антониу Гутерриштің қызметін жоғары бағалаймыз. Осы мүмкіндікті пайдалана отырып, оған ізгі тілегім мен сәлемімді жолдаймын. Қазақстанға келер болсақ, біздің тарапымыздан БҰҰ-ның кең ауқымды қызметіне жан-жақты қолдау көрсетіледі. Бүгінде БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесін реформалау қажеттігі туралы көп айтылып жүр. Бұл мәселе демократия қағидаттарына сай егжей-тегжейлі талқылауға лайық деп санаймыз. Әрбір ел бұған өз үлесін қосып, пікірін айта алады, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Кездесу барысында аймақтағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету, сондай-ақ террористік қауіп-қатерлерге қарсы іс-қимыл мәселелері талқыланды.

БҰҰ өкілдері Қазақстанның бұл саладағы күш-жігеріне жоғары баға беріп, еліміз БҰҰ-ның терроризмге қарсы күрес мәселесінде қосбасшылардың бірі екеніне назар аударды.

Владимир Воронков Астанада қауіпсіздік жөнінде Форум өткізудің маңызды екенін атап өтіп, бұл жиын диалог пен өзара сенімді қалпына келтіруге, ортақ шешімдер іздеуге арналған аландардың біріне айналғанын жеткізді.



ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ



Мемлекет басшысы Франция Президентіне құттықтау жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Эмманюэль Макронды және барша француз халқын Францияның ұлттық мейрамы — Бастилияны алу күнімен құттықтады.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Франция арасындағы сенімді саяси диалог пен өзара тиімді сауда-экономикалық ынтымақтастыққа негізделген стратегиялық серіктестіктің нығайып келе жатқанын атап өтті.

МҰҚИЯТ ТЕКСЕРУДІ ТАПСЫРДЫ

Мемлекет басшысына Түркістан облысының Сарыағаш ауданында 5 жасар қыз баланың өлтірілгені жөніндегі қайғылы оқиға туралы мәлімет берілді. Бұл туралы Ақорда Telegram-дағы ресми арнасында хабарлады.

Президенттің баспасөз қызметінің мәліметінше, Президентке құқық қорғау органдары істі тергеу амалдарын жүргізіп жатқаны, сондай-ақ күдіктінің кім екені анықталғаны жеткізілген.

«Колда бар ақпарат бойынша күдікті бұған дейін кісі өлтіргені үшін сотталып, 10 жылға бас бостандығынан айырылған. Биыл оған адам денсаулығына қасақана ауыр зиян келтіргені үшін 3 жылға бас бостандығын шектеу жөнінде үкім шығарылған», — делінген хабарламада.

Президент Бас прокуратура мен Ішкі істер министрлігіне болған қайғылы оқиғаның мән-жайын мұқият тексеруді тапсырды. Мемлекет басшысы биыл шығарылған сот үкімінің заңдылығын қарастыру және адамға қатысты аса қауіпті қылмыс жазағаны үшін қылмыстық жауапкершілікті күшейту маңызды деп санайды.

«Баланың туыстары мен жақындарына қайғырып көңіл айтамыз», — делінген Ақорданың ресми хабарламасында.

Біздің сұхбат



Айдос САРЫМ, Мәжіліс депутаты:

ЗАҢНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПІ — БАЙЫПТЫЛЫҚ

Заман талабына сай адамдардың өмірі де, қолданатын терминдері де өзгеріске ұшырап жатыр. Айталық, бұрын заңда әлеуметтік желіні қолданушы және инфлюенсер деген терминдер мүлдем жоқ еді. Бірақ уақыттың өзі заманмен бірге заңның да өзгеретінін дәлелдеді. Жақында Мемлекет басшысы «Онлайн платформалар және онлайн жарнама туралы» Заңға қол қойды. Заң жобасының негізгі мақсаты — адам құқығын қорғау.

4 >>

ҚАРҒА ҚУҒАН ҚАЗАҚТАР

Бұрын қазақ жастары арман қуып Ұлыбританияға баратын. Тұманды Альбионда білім алып, абыроймен елге оралатын. Биыл да Ұлыбританияға аттанғандар арасында жастар көп. Бірақ олардың мақсаты — басқа. Бірінің басында берешек қарызы болса, енді бірі көлік алып, баспаналы болуды армандайды. Күнкөріс қамы үшін отанынан жырақта қырыққабат теріп, қарға қууға, құлпынай жинап, саңырауқұлақ тасуға мәжбүр. Біз Ұлыбританиядағы жастармен хабарласып, еңбек күшінің елден кетуінің себебін зерттеп көрдік.

8 >>



ПРЕЗИДЕНТ ПӘРМЕНІ: КЕСЕЛДІҢ ЖОЛЫ КЕСІЛЕДІ



Электронды сигареттердің денсаулыққа аса зиянды, өмірге қауіпті екені соңғы жылдары барлық мінберден, соның ішінде Парламенттен мамандар үнемі айтып келеді. Тіпті, оны шегушілердің өкпесінің сау-тамтығы қалмай, іріп кететіні паш етілген бейнероликтер де дүркін-дүркін таратылады. Бірақ Үкімет оған лайықты ден қоймай келді. Тіпті, депутаттардың вейптерге акциз салығын еселеп арттыру туралы ұсынысы да қолдау таппады. Жағдайды ел Президенті бірауыз сөзімен өзгертті. Енді Қазақстан е-сигареттердің сатылымына толық тыйым салмақ.

9 >>

ЖҮН ӨНДЕУ ФАБРИКАСЫ ТОҚТАП ТҰР



7
БЕТ

ЕСІЛ ЕҢБЕК ЕШ КЕТТІ...



15
БЕТ



ЖАРНАМА ЕРЕЖЕСІ ЕСКЕРІЛУІ ТИІС



Елордада 2019 жылы бекітілген қаланың дизайн-кодына сәйкес сыртқы жарнама мен маңдайшаларды ретке келтіру бойынша белсенді жұмыс жүріп жатыр.

Қазіргі уақытта бекітілген дизайн кодқа элемент бөлшектелді. Мұндай бұзушы-сәйкес келмейтін 1200-ден астам жарнамалық элементтерді жою үшін шағын және орта бизнес

иелеріне сыртқы жарнаманы сәйкестендіру туралы хабарламалар жіберілетін болады. Бұл жұмыс қаланың барлық ауданында жүргізілмек.

Бүгінде Астана қаласының Урбанистика орталығы маңдайшалар бойынша 400 эскиздік ұсыныс пен ұсыным әзірледі. Қалалық Урбанистика орталығында келісілмеген сыртқы жарнама визуалды шу шығаратынын, қаланың жалпы көрінісі мен үйдің келбетін бұзатынын атап өтті. Мақсат – сыртқы жарнаманы ретке келтіру, біртұтас және тартымды қалалық ортаны құру. Мысалы, қазіргі уақытта «Лазурный квартал», «Триумфальный тұрғын үй кешендері, сондай-ақ Сәтбаев, Түркістан көшелерінің, Мәңгілік ел, Республика даңғылдары секілді көше бойында орналасқан тұрғын үй кешендері бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр.

Қалалық әкімдік жарнамалық белгілердің сәйкес келмеуі бойынша ұсыныстарды елорданың Урбанистика орталығының Centerofurbanism@gmail.com поштасына жіберуге болады.

ӨГЕЙ ШЕШЕСІ ӨМІРІН ҚИДЫ МА?

Алматыда өгей қызын өлтірді деген күдікке ілінген әйел екі айға қамауға алынды.

Бұл туралы Алматы қалалық сотының баспасөз қызметі мәлімдеді.

«Алматы қаласы мамандандырылған ауданаралық тергеу сотының 14 шілдедегі қаулысымен күдікті Т. есімді әйелге қатысты «ауыр қылмыс жасады» деген айып бойынша сотқа дейінгі тергеу органының арызы қанағаттандырылып, сотқа дейін

бұлтартпау шарасы санкцияланды. Оған 2 ай мерзімге қамауға алу түріндегі жаза тағайындалды», – делінген хабарламада.

Бұған дейін Алматы қалалық полиция департаменті Бостандық аудандық полиция басқармасы қылмыстық іс ҚР ҚК 99-бабы 3-бөлігімен тергеліп жатқанын хабарлаған болатын.

Әлеуметтік желіде тараған ақпаратқа сүйенсек, 47 жастағы өгей анасы бүлдіршінді жан тапсырғанша соғып тастаған.



СӘБИДІ ҰРЫП, СОТТЫ БОЛДЫ



Атырауда үш баланы ұрып-соққан оңалту орталығының маманы 4 жылға сотталды.

Атырау қаласы №2 сотының баспасөз қызметінен мәлім еткендей, оған ҚР Қылмыстық кодексінің 110-бабы 2-бөлігінің 1,2-тармақтары бойынша айып тағылған.

«Балаларды оңалту орталығының маманы К-ның міндетіне 45 минутта ерекше балаларды дағдыларға үйрету, мінез-құлығын оңалту кірген. Ол балалар орталығының арнайы кабинетінде көмелетке толмағандармен жеке сабақ өткізу кезінде көмелетке толмаған К, Б, А-ға ұдайы ұрып-соғу немесе күш қолдану әрекеті арқылы тән зардабын немесе психикалық зиян келтірген. Сотталушы К-ның кінәсі жәбірленушілердің заңды өкілдерінің, куәгерлердің айғақтарымен, сараптама қорытындысымен, бейнежазбалармен, іс бойынша басқа да дәлелдемелермен толық дәлелденді», – деп хабарлады №2 соттың баспасөз қызметі.

Сотталушыдан сондай-ақ жәбірленушілердің пайдасына 6 млн теңге көлемінде моральдық зиян өтемақысы өндірілді.

ЕСІРТКІ САТҚАН ЕЛОРДАЛЫҚ ҰСТАЛДЫ

Астанада интернет дүкен арқылы синтетикалық есірткі сатқан күдікті ұсталып, уақытша ұстау изоляторына қамауға алынды.

Елордалық полицейлер Астанада синтетикалық есірткіні өткізуге қатысы бар интернет дүкендерді жою бойынша жұмыс жүргізіп жатыр. Соның барысында Қабанбай батыр көшесінде тікелей байланыссыз интернет дүкен арқылы есірткі саудалаған 19 жастағы астаналық жас жігітті анықтады. Есірткіні өткізуші оны халық көп жиналатын орындарға, орталық саябаққа жасырып кету арқылы белгілі бір жерлерге қалдырып отырған.

Жедел-тергеу іс-шараларын жүргізу барысында жас жігіт қылмыс жасағанын мойындаған және интернет дүкеннің жұмыс жүйесі туралы және ол жерден алатын заңсыз сыйақы туралы айтып берген.


Жеке тінту барысында одан ішінде синтетикалық есірткісі бар 40 түйіншек табылып, тәркіленді. Алынған мефедрон синтетикалық есірткісінің жалпы салмағы – 40 грамм немесе 150 рет қолданылатын доза.

Қылмыстық іс қозғалды. 19 жастағы елорда тұрғыны Астана қаласы ПД уақытша ұстау изоляторына қамалды. Есірткіні өткізуге бірге қатысқандарды анықтау және ұстау бойынша жедел-ізвестіру іс-шаралары жүргізіліп жатыр.



17 жастан есепке алынады

2024 жылдың қаңтарынан бастап 17 жастағы ер-азаматтар автоматты түрде әскери есепке алынатын болады.



«Пилоттық жоба аясында 17 жастағы ер-азаматтарды әскери есепке алу автоматты түрде өтеді. Қорғаныс істері жөніндегі департаменттің бастамасын Премьер-Министр, мүдделі мемлекеттік органдар, облыс, қала әкімдіктері қолдады.

Оны жүзеге асыру мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерін түрлендіру мен интеграциялаудың арқасында мүмкін болды. Бұл еліміздің 16 жастан 60 жасқа дейінгі ерлерді әскери есепке алумен толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді», – дейді ведомство өкілдері.

Енді 17 жасқа толған ер-азаматтарды тіркеу жыл сайын жүргізілмек. Әскери қызметке жарамдылығын тексеру міндетті түрде жүзеге асырылады.

Ол үшін денсаулық сақтау ұйымдары профилактикалық медициналық тексерулерді бір айынан 18 жасқа дейінгі балаларды динамикалық бақылаумен жүзеге асырады. Сондай-ақ 15 пен 18 жас аралығында жалпы практика дәрігерлері бейінді мамандардың қорытындысын және зертханалық-диагностикалық зерттеулерді ескере отырып, олардың денсаулық жағдайына кешенді бағалау жүргізеді. Бұл туралы деректер Қорғаныс министрлігімен біріктірілген Денсаулық сақтау министрлігінің ақпараттық жүйесінде көрсетіледі.

Қорғаныс министрлігінің мәліметінше, қызметті автоматтандыру әскерге шақыру учаскелерін ұйымдастыру және тіркеу үшін әкімдіктерге жыл сайын бөлінетін миллиард теңгеден астам бюджет қаражатын үнемдеуге мүмкіндік береді. Қаражат дәрігерлік комиссия мүшелеріне енбекақы төлеуге, шағнай ауылдық округтерден ер-азаматтарды әскери комиссариаттарға жеткізу, кеңсе тауарларын алу және басқа да қажеттіліктерге жұмсалды.

57 млн теңге заңсыз жұмсалған

Елордалық Антикор білім беру саласының қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық құқықбұзушылық жасағаны үшін жауапкершілік бары туралы ескертті.



Статистикаға сүйенсек, білім беру – сыбайлас жемқорлық ең көп тараған салалардың бірі және ол қылмыстық құқықбұзушылықтар саны бойынша алдыңғы орында тұр. Көбіне қылмысты оқу орындарының директорлары мен есепшілері, білім бөлімдерінің басшылары мен қызметкерлері жасайды. Осы мәселе жүйелі сипатқа ие және жойылуы тиіс екенін ескере отырып, агенттіктің бастамасымен департамент білім басқармасымен бірлесіп сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізді.

Кеше елордада мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдары басшылығы мен есепшілердің қатысуымен білім беру саласындағы талдау нәтижелері жарияланды. Белгілі болғандай, астаналық мектептердің есепшілері мен директорлары білім беру ұйымдарының жалпы сомасы 57,4 миллион теңге болатын қаражатын заңсыз иемденген. Мұның ішінде 29,6 миллион теңгеге жуық сома өтелді.

Департамент басшысының бірінші орынбасары Айтуар Ағыбаев өз сөзінде агенттік Оқу-ағарту министрімен бірге сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша жол картасына қол қойғанын хабарлады.

ЖАҢА ЖҮЙЕ ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮКТЕЙДІ

Бұл аптада да депутаттар бірнеше аймаққа ат басын бұрып, әлеуметтік маңызды кешендердің құрылысымен танысты. Сондай-ақ Мәжіліс қабылдаған заңнамалық құжаттардың маңызын түсіндіріп, партияның сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі жол картасының жергілікті жерлерде жүзеге асырылуын көзбен көріп қайтты.

МЕКТЕП ҚҰРЫЛЫСЫН КЕШІКТІРМЕУ КЕРЕК

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Ерлан Абдиев Түркістан облысы Қазығұрт ауданының Амангелді елді мекеніне барып, жалпы орта білім беретін мектептің құрылыс жұмысымен танысты.

Онда 150 орынға арналған қосымша мектептің құрылысын жүргізіп жатқан мердігермен және тапсырыс берушімен объектілерді салу процесінде туындайтын проблемалық мәселелерді талқылады. Бұл нысан 2022 жылдың мамыр айында басталған. Бірақ қаржының жетіспеушілігіне байланысты құрылыс тоқтап, биылғы жылдың наурыз айында қаржысы бөлініп, қазір құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Сапар барысында депутат құрылыс жүріп жатқан Сарапхана ауыл округі, Майлыошақ елді мекенінен 200 орындық А.Байтұрсынов атындағы жалпы орта мектебіне барды. Білім ошағының құрылысын «Өмірзақ» ЖШС жүргізуде. Құрылыс 2021 жылы басталған. Биыл желтоқсан айына дейін аяқталуы тиіс.

Мәжіліс депутаты қос нысанды аралау барысында құрылыстың бірқатар атқарылуы тиіс жұмыстарына назар аударды.

— Мектеп құрылысын жоспар бойынша осы жылдан кешіктірмеу керек. Бұл



нысан партия тарапынан қазір толық бақылауда. Біздің сайлауалды бағдарламамызда дәл осы нысандарды енгізіп қойған. Біздің қазір осында келу мақсатымыз жұмыстарды өз көзімізбен көріп, бақылауға алу, — деді Ерлан Абдиев.

Сондай-ақ құрылыс сапасына да баса мән беру керектігін айтқан депутат облыстық құрылыс басқармасына жұмыстарды қадағалауға алуды қатан түрде тапсырды.

Түркістан облысы

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАР ҚОЛДАУҒА ЗӘРУ

Мәжіліс депутаттары, «AMANAT» партиясы фракциясының депутаттары Айдос Сарым және Сергей Пономарев Алматы қаласы Алматы ауданындағы «Кенес» әлеуметтік бейімдеу және еңбекті оналту орталығына барды.

«Кенес» әлеуметтік бейімдеу және еңбекті оналту жобасы 2023 жылдың көктемінен бастап, партияның сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі жол картасы шеңберінде ашылды. «Кенес» орталығы даму патологиясы бар және 3 жасқа дейінгі қауіп-қатер тобындағы балаларға, сондай-ақ 3 жастан 7 жасқа дейінгі дамуында кідірісі бар балаларға бағытталған кешенді сипаттағы қызметтер көрсетеді. Жобаның ашылуынан бастап осы уақытқа дейін жана туған нәрестеден 3 жасқа дейінгі 140 бала кешенді психологиялық-түзету қызметтерімен қамтылды және 400-ден астам фронтальды және жеке сипаттағы сабақтар өтті.



— Біздің орталықтың басты міндеті — қоғамда ерекше балалар үшін жағымды ахуал қалыптастыру және оларды тәрбиелеу мен оқытуда кешенді тәсілді қамтамасыз ету болып табылады. Бұдан басқа, біз қолжетімді бағдарламаны игере алатын балаларға болашақта арнайы мектептерде оқуға мүмкіндік береміз, бұған дейін арнайы дайындықсыз мүмкін болмады, — деді орталықтың бас директоры Майра Сүлеева.

Кездесу барысында депутаттар орталықтың жұмысымен танысып, балалардың ата-аналарымен және мамандармен сөйлесті, сондай-ақ ерекше балалармен сабақтарға қатысты. Олар ерте араласу саласындағы мамандардың балаларға келерліктері мену және толыққанды дамуға қалай көмектесетінін көрді. Мәжіліс депутаты Сергей Пономарев өз сөзінде: «Даму патологиясы бар балаларды және қауіп-қатер тобындағы балаларды қолдаудың тиімді жүйесін құру үшін үш министрліктің, яғни Денсаулық сақтау, сондай-ақ Оқу-ағарту министрлігі мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің тікелей өзара іс-қимылы қажет. Бұл аспектіні біз «Кенес» орталығы бүкіл республикаға үлгі болсын деп Жол картасына енгізетін боламыз. Онда мамандар алған тәжірибесін Қазақстан бойынша тарату үшін оқытудан өте алады, — деді.

— Сонымен қатар депутаттар ерекше қажеттіліктері бар балаларды дамытуға бағытталған әлеуметтік жобаларға мемлекеттік қолдау мен инвестициялардың маңыздылығына тоқталды. Біз ерекше балалармен жұмыс істеуге байланысты мамандықтар бойынша гранттарды ұлғайтуға қол жеткізуіміз керек және осы салада білімнің қолжетімділігін қамтамасыз етуіміз керек. Сонымен қатар біздің қолдау жүйемізді нығайту балалардың дамуына мамандандырылған психологтардың санын көбейтуді талап етеді. Тек осылай ғана біз әр баланың толыққанды дамуын қамтамасыз ете аламыз және ешкім шетте қалмайтын инклюзивті қоғам құра аламыз, — деді Айдос Сарым.

Алматы қаласы

БАРЛЫҚ МӘСЕЛЕ БАҚЫЛАУҒА АЛЫНАДЫ

Мәжіліс депутаты, «AMANAT» фракциясының мүшесі Болат Керімбек Жетісу облысы Текелі қаласындағы «Қора» гидроэлектростансасының жұмысымен танысты. Қуаты 28,5 МВт болатын ГЭС Қора



өзенінде орналасқан. Ол 2017 жылы іске қосылды.

«Станса басшылығы «Қора» ГЭС-ның тұрақты жұмысын қамтамасыз ету және жаңғырту үшін барлық күш-жігерін жұмсауы тиіс. Стансаның қуатын арттыру жоспарларын жүзеге асыра отырып, үздік нәтижелерге ұмтылу қажет. Өйткені Текелідегі өзендердің әлеуеті шағын гидроэ-

нергетиканы дамытуға үлкен мүмкіндік береді», — деді Болат Керімбек.

Стансадағы процестердің көпшілігі автоматтандырылған. Мұнымен қоса, гидроэлектростанса — инвестициялық нысан ретінде өндіріс бизнесіне дамытуға мүмкіндік береді. ГЭС-тің негізгі артықшылықтары оның жанар-жағармай бағасының

жөндеу көрмеген. Атап айтқанда, су қоймасының түбіндегі бетондар әбден мүжіліп, тозығы жеткен, электр жабдықтары да ауыстыруды қажет етеді. Депутат барлық түйінді мәселені бақылауға алуға уәде берді.

Сондай-ақ ол Текелі қаласы мәслихатының депутаттарымен кездесті. Халық қалаулысы оларға Мәжіліс қабылдаған заңнамалық жаңалықтар, атап айтқанда, жақында Мемлекет басшысы қол қойған «Зансыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заң жайында айтып берді. Болат Керімбек өкілді орган жұмысының маңыздылығын атап өтті.

«Партиямыздың Төрағасы Ерлан Қошанов мәслихаттар депутаттарының I республикалық форумында сөйлеген сөзінде мәслихаттар кең өкілеттіктерге ие, олар өңірдің дамуына ықпал ете алады деген болатын. Сіздер жана жүйе бойынша, бірмандатты округтер бойынша сайландыңыздар және бұл үлкен жауапкершілік жүктейді. Барлығымыз «AMANAT»-тың сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру үшін бірлесіп жұмыс істеуіміз керек», — деді ол. Айта кетейік, өңірлік сайлауалды бағдарлама аясында алдағы бес жылда облыста күнделікті тіршілікке қажетті жүйелерді жаңғырту бойынша бірқатар жұмыс атқарылады. Оның ішінде 322 км су бұру, 57 км жылумен жабдықтау, 684 км электрмен жабдықтау желілері күрделі жөндеуден өтеді.

Жетісу облысы

ШАРУАЛАРДЫҢ ШАРУАСЫ ШАТҚАЯҚТАП ТҮР

Мәжіліс депутаттарының өңірлерге сапары аясында «AMANAT» фракциясының мүшесі Гүлдара Нұрымова Жамбыл облысы Қордай ауданында болып, іскер әйелдермен, аудан тұрғындарымен, дәрігерлер қауымымен жүздесті.

Ең алдымен, халық қалаулысы Сарыбұлақ ауылдық округінің шаруаларымен кездесіп, алқаптарды суару мәселесін талқылады.

«Шаруаларға су жеткізу мәселесі қиынға соғып тұр. Ағын су каналдарының небары 20%-ы бетондалған. Қалған 80%-ы — қара жер. Соның салдарынан, су шаруаларға жетпей, жерге сіңіп кетіп жатыр. Су қоймасы мәселесін де ретке келтіру қажет. Аудандық әкімдік шаруа қожалықтары арасында су жүргізу кестесін бекітіп, жіті назарда ұстауы керек. Бұған қоса, Қақпатас, Сарыбұлақ және Қайнар ауылдарына да су жеткізу мүмкін болмай отыр. Соның салдарынан, дикандар су тапшылығын сезінуде», — деді депутат.

Сонымен қатар, халық қалаулысы партияның аудандық филиалында тұрғындарды қабылдап, тұрғындардың өтініш-тілегіне құлақ түрді. Қабылдау барысында қандастарымызға ҚР азаматтығын беру, республикалық маңызы бар автокөлік жолдарын ретке келтіру, жайылым жер бөлу, мүгедектікті рәсімдеу, жер дауы, су тапшылығы мәселелері көтерілді. Депутат қабылдауға келген азаматтарға заң аясында жауап қатып, ұсыныс-кеңес берді.

Бұдан бөлек, халық қалаулысы «AMANAT» партиясынан сайланған аудандық округ әкімдерімен, ауданның іскер әйелдерімен кездесіп, бірқатар мәселені талқылады. Тұрғындар мемлекет тарапынан бөлінетін қайтарымсыз гранттар санын көбейту, азық-түлік баға-

сын тұрақтандыру, кәсіпкерлерге қолдау көрсету мәселелерін қозғады.

Бұған қоса, депутат Бәйтерек ауылында жаңадан салынып жатқан 150 орындық мектептің құрылыс барысын бақылап қайтты. Жоспарға сәйкес, білім ошағының қабырғасы тұрғызылып қойып тиіс еді. Алайда жұмыс кестеге сай жүріп жатқан жоқ. Жаңа мектептің тек іргетасы қаланыпты. Ал Сортөбе ауылындағы аурухана мамандарымен жүздесу кезінде сала қызметкерлері ғимаратта үнемі жарық сөніп қалатынын және интернет баяу жұмыс істейтінін айтып, шағымдарын жеткізді.

Сондай-ақ, халық қалаулысы Қордай бекетіне барып, маман тапшылығы мәселесіне мән берді. Мұнда қазіргі таңда 238 бос жұмыс орны бар. Бекетте бас-аяғы 95 адам жұмыс істеп жатыр. Олардың арасында қатардағы жауынгерлер де бар. Шекарада кептеліс жилеп, тіркеу кабинасы 100% жұмыс істемей тұр. Мекеме



ғимаратының құрылысы да сапасыз болып шықты. Халыққа да жайлы жағдай жасалмауда. Халық қалаулысы аудан азаматтарына арналған бірнеше тіркеу кабинасын әзірлеу туралы ұсыныс жасады. Алдағы уақытта депутат халықты толғандырған мәселелерді Парламент қабырғасында көтеруді көздеп отыр.

Айта кетейік, партияның Жамбыл облыстық сайлауалды бағдарламасында

өңірдегі суармалы жердің жалпы көлемін 179,2 мың гектарға жеткізу, Қордай ауданында «Қалғұтты», «Ырғайты» су қоймаларының құрылысын жүргізу мәселесі қамтылды. Сондай-ақ, партия аймақтағы 69 елді мекенді орталықтандырылған таза ауыз сумен қамтамасыз етуге күш салады.

Жамбыл облысы



Айдос САРЫМ, Мәжіліс депутаты:

ЗАҢНЫҢ НЕГІЗГІ ПРИНЦИПІ – БАЙЫПТЫЛЫҚ

Заман талабына сай адамдардың өмірі де, қолданатын терминдері де өзгеріске ұшырап жатыр. Айталық, бұрын заңда әлеуметтік желіні қолданушы және инфлюенсер деген терминдер мүлдем жоқ еді. Бірақ уақыттың өзі заманмен бірге заңның да өзгеретінін дәлелдеді. Жақында Мемлекет басшысы «Онлайн платформалар және онлайн жарнама туралы» Заңға қол қойды. Заң жобасының негізгі мақсаты – адам құқығын қорғау. Осылайша, онлайн-орта қауіпсіз және ашық түрде дамиды. Біз Мәжіліс депутаты Айдос Сарымнан жаңа заңның ерекшеліктері жайлы сұрадық.

– «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» заң біздің қоғамға қаншалықты қажет?

– Менің ойымша, ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы – үлкен терендік пен бағыттың иесі. Шынын айту керек, еліміздің заңдары заман талабынан кішкене болса да кешігіледі жатыр. Бір ғана мысал, қазір Қазақстанда жасалып жатқан қылмыстың 40-45 пайызы киберсалада болып жатыр. Біздің өмірімізге интернет дендеп енді. Қазір адамдардың өмір сүру сапты мен құндылықтары да ғаламторға байланған. Бірақ біз осы кезге дейін, өкінішке қарай, ұзақ уақыт бойы осы саланы дұрыс түсінбегендіктен бұл бағытты анархияға жатызып келдік. Ал шын мәнінде, интернет – біздің өміріміз. Салықты да интернет арқылы онлайн төлейміз. Қалтамызда қағаз ақша да ұстамаймыз. Өмірдің өзі интернетпен ұштасқан кезде, оған тиісті шараларды қолдану, бағыттарды реттеу – заман талабы және заңгерлердің міндеті. Сондықтан қабылданған жаңа заң біздің қоғамымызға қажет.

АЗАМАТТАРДЫҢ ОНЛАЙН ҚАУІПСІЗДІГІ ҚОРҒАЛАДЫ

– Аталған заңның міндеті қандай? Жаңа заң жобасы әлеуметтік желіде болып жататын буллингтен азаматтарды қорғай ала ма?

– Заңның басты идеологиясы – азаматтардың онлайн қауіпсіздігін қорғау. Яғни шынайы өмірдегі бар құбылыстар мен қарым-қатынастардың барлығы, виртуалды әлемде де дәл солай көрініс табады. Өмірдегі ережелер мен тыйымдар интернет желілерінде де күшінде болуы керек. Мысалы, бизнес интернетте жасалса да, өмірде жасалса да, бизнес болып қала береді. Адамға өмірде қолдануға қажет екенін, интернетте болса да – екеуі де буллинг. Заңда осы принциптер ескерілді. Жаңа бастамаларға жол аштық. Шынайы өмірде адамның құқығы қай деңгейде қорғалса, онлайн платформаларда да азаматтардың құқығы сол деңгейде, дәл сондай дәрежеде қорғалуы қажет. Мысалы, осыдан бір ай бұрын бізге Ұлыбритания парламентінің делегациясы келді. Мүмкіндік болған кезде олардан онлайн қарым-қатынастары жайлы сұрадық. Сонда британдық әріптесім екі адамды түрмеге отырғызғанын айтты. Себебін сұрағанымда: «Біреуін 8 айға, екіншісін 6 айға соттапты. Себебі олар фейсбукта маған «сені өлтірем, бала-шағанды отқа ораймын» деп сөз көрсетті» деді. Фейсбуктағы буллингті сотта дәлелдеп, британдық әріптесім екі адамды түрмеге отырғызды. Содан кейін фейсбукта ешкім оған буллинг жасамапты. Кез келген саясаткердің, қоғам белсендісінің аккаунтын ашып қарасаныз, комментариінде «қарғыс атсын, түбіне жетем» деген сияқты әңгімелер айтылады.

– Иә, қазір фейк аккаунт ашып, профилі несіне аузына келгенін айтатын адамдар көп. Сонда жәбірленуші буллинг жасағанын дәлелдеп, фейк аккаунт иесін сотқа бере ала ма?

– Әрине, заңның арқасында мемлекеттік органдар мен сот органдарының және әлеуметтік желідегі белсенділердің арасындағы қарым-қатынас мәселелерін шешіп жатырмыз. Қазір балаларға қатысты кибербуллинг, порнография сияқты салалардың әлеуметтік желідегі мәселелері ұшығып тұр. Осыны Қазақстанның заңнамасына сай реттейміз. Көп адам бұл заңнама не үшін керек деп сұрайды. Шын мәнінде, әлеуметтік желі арқылы мемлекеттігімізге де нұқсан келуі мүмкін. Сонда тиісті техногиганттар мемлекеттік органнан: «Біз заңды тындайтын заңды қолданатын еліміз. Сіздің заңнаманың қай жерінде онлайн платформа туралы бап бар?» деп сұрайды. Сондықтан біз осы заңды мемлекеттік құрылымдар мен техногиганттар арасындағы қарым-қатынасты негіздеу үшін қабылдадық. Заң жобасы онлайн-платформалардың жұмысын Қазақстан Республикасының заң аясында жүйелендіріп, әлеуметтік желі қолданушыларды еліміздің әлеуметтік-экономикалық айналымына енгізе отырып, осы саланы мемлекеттік реттеудің негіздерін қалыптастырады. Жалған ақпаратты орналастыратын немесе тарататын онлайн-платформаларды пайдаланушылар үшін – 20 АЕК, ал әкімшілік қызметпен айналысатын блогерлер үшін 40 АЕК мөлшерінде әкімшілік жауаптылық енгізіледі.

– Бұл заң еліміздегі саяси сепаратизм мен экстремизмнің алдын ала ма?

– Иә, «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» Заң саяси сепаратизм мен экстремизмнің алдын алады. Қателеспесем, соңғы жарты жылдың ішінде 8-9 адам түрмеге отырды. Кейбір адам қателесіп пікір айта, кейбірі біреулерге қосылып пікір айта. Біз бүгінгі заңда кезіндегі Қылмыстық кодекстің декриминализация бағытын да қарастырып жатырмыз. Егер азаматтың мемлекетке ешқандай қарсылығы болмаса, ағартық жасамаса, тек қателесіп пікір айтып қойса,

оған айыппұл төлеуге мүмкіндік беріледі. Бірақ осыдан кейін азамат қате пікірін жалғастыра берсе, оны насихаттаса, қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

– «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» Заң қабылданғанға дейін шығарылған шешімдерге әсер ете ме?

– Жоқ, әсер етпейді. Заң күшіне енгеннен кейін жарты жылдың ішінде тиісті мемлекеттік құрылымдар әкімшілік шешімдерін шығаруы керек.

– Қазір әлеуметтік желіні халықтың көп бөлігі қолданады. Бірақ олар заңнан бейхабар болып, қателік жасауы мүмкін ғой. Жалпы заң жобасы халық арасында насихаттала ма?

– Әртүрлі жағдайлар болуы мүмкін. Заңның негізгі принципі – байыптылық. Ең алғаш рет қателік жасаған азаматқа айыппұл салы-

жатырмыз. Сол заң қолдау тапса, қабылданып қалады.

ИНФЛЮЕНСЕРЛЕР МЕМЛЕКЕТКЕ САЛЫҚ ТӨЛЕУІ ТИІС

– Заң жобасын жасау аясында онлайн платформалардың жұмысын реттеудің халықаралық тәжірибесі зерттелді ме?

– Көптеген елдердің тәжірибесі зерттелді. Атап айтсақ, Еуропа елдерінің, Американың, Жаңа Зеландия, Аустралияның заңдары қарастырылды. Шынын айту керек, біз қазір солардың деңгейіне жете алмай жатырмыз. Өйткені әлеуметтік желілердің Қазақстанға немесе онлайн платформа туралы заң күшінде емес елдерге көзқарасы әртүрлі. Мысалы, Испанияда, Францияда «инфлюенс маркетинг» деген ұғым бар. Яғни олар әлеуметтік желідегі жарнамамен түсінеді. Қазір жарнаманың көп үлесі теледидар, радио, билборд арқылы емес жекелеген жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер арқылы жүзеге асырылады. Есесіне ол елдерде көз қысты, бармақ басты оқиғалар орын алмайды. Әлеуметтік желіде заңсыз жарнамамен айналысқан азаматтарға 300 мың еуроға дейін айыппұл салатын мемлекеттер бар. Оның қасында, біздің іске асырып отырған заң жобамыз үлкен жү-



Еламп ҚАБА (қолтама)

нады. Заңды бұзу деңгейіне қарай айыппұл салынбай, тек ескерту жасалуы да мүмкін. Егер әлеуметтік желіні тұтынушысы, аккаунт иесі қате ақпарат таратып жіберсе, оған аудандық әкім немесе мемлекеттік орган ең бірінші ескерту жасайды. Кейін аккаунт иесі пікірінен бас тартпаса, оған әкімшілік іс қозғалады. Азаматқа өз қателігін мойындауға мүмкіндік беріледі. Бірақ азамат айтқанынан қайтпаса, өз ақпараты үшін жауап бере алатын болса, сотқа жүгінеді. Шешімді сот шығарады. Егер сот шешімінен кейін де аккаунт иесі пікірінен қайтпаса, айыппұлдары екі еселенеді.

ЕШКІМНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕГІ ЕРКІНДІГІ ШЕКТЕЛМЕЙДІ

– Қоғамда «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» Заңға қарсы пікір айтатындар да бар. Олар заң әлеуметтік желіні бұғаттауға немесе біреудің құқығын бұзға өкеледі деп санайды. Бұл қате пікір ме?

– Заңды қолдамағандар саны аз. Олардың пікірі – қате. Осыдан 1-2 жыл бұрын кибербуллингке қатысты заңнамаға өзгерістер енгізу туралы айтқан кезде де, біраз адам қарсы пікір айтқан. Олар «Үкімет барлық желіні бұғаттайды» деп ойлады. Мінеки, содан бері 2 жыл өтті. Ешкімнің әлеуметтік желідегі еркіндігі шектелген жоқ. Біз бұл заң жобасын дайындайтын кезде халықаралық ұйымдармен де кездестік. Ең бірінші айтарым, біздің үкімет азаматтарының құқығын таптағысы келмейді. Екіншіден, халықаралық ұйымдармен де қарым-қатынасын бұзғысы келмейді. Бірақ ешбір азамат әлеуметтік желіні «айтқым келгенді айтсам, қаржы пирамидасын құрамын» деп пайдаланбауы керек. Біздің жұмыс әлеуметтік желіні осындай қате пікірден тазалау.

– Қаржы пирамидалары да өз жарнамасын әлеуметтік желіде көп жасайды. Соның салдарынан қарапайым халық оны көріп, адынып жатыр. Заңда қаржы пирамидаларына қатысты бап қарастырыла ма?

– Бұл заңда қаржы пирамидаларына қатысты бағыт қарастырылмайды. Бірақ біз осы бағыттағы мәселелерге қатысты көптеген деректер жинадық. Бірнеше партияның азаматтары осы мәселе бойынша комитет отырысын, жұмыс топтарының отырысын өткіздік. Күзде лудоманияға, ойынқұмарлыққа, онлайн казиноға қатысты арнайы заң жобасын әзірлеп

мыстың басы ғана. Осы заң арқылы бірінші азаматтардың арасындағы байланыстар реттеледі. Екінші, салық төлеу мәселесі жолға қойылады. Мысалы, заңды жұмыс істейтін қызметкер өз табысының белгілі бір пайызын зейнетақы қорына аударып отырады. Дәл солай онлайн платформаларда миллиардтап ақша жинап жатқан азаматтар неге салық төлеуі керек? Халықтың басым бөлігі заң жобасын қолдап отыр. Енді әлеуметтік желіден миллиардтап табыс тауып келген инфлюенсер (блогерлер) өзінің заңдастырып, мемлекетке салық төлеуге тиіс. Парақшасында жұмыстарының ақылы екенін көрсетуі керек. Олар қандай компаниямен келісім жасағанын айттып, жарнамасының ақылы екенін жариялауы керек.

– Онлайн платформаның иесі балаға қарсы кибербуллинг ақпаратты және мемлекетке қарсы контентті тартақан жағдайда аккаунттарды тоқтатуға міндетті ме?

– Шынын айту керек, мемлекеттің кез келген әлеуметтік желіні белгілі бір уақытқа бұғаттауға мүмкіндігі бар. Бірақ тек мемлекетке қауіп төнген кезде ғана. Бірақ үкіметтің елдегі онлайн платформаларды түгілімен бұғаттайтын ойы жоқ. Біздің мақсат – заң арқылы әлеуметтік техногиганттар мен мемлекеттік органдар арасындағы байланысты реттеу. Яғни балаларға буллинг жасалып жатса, әлеуметтік желіде саяси сепаратизм мен экстремизм насихатталып жатса, біз тиісті маманмен хабарласып аккаунтын заңға қайшы екенін айта аламыз. Заң осындай қарым-қатынастарды тереңдете түседі.

– Осы уақытқа дейін инфлюенсер (блогер) кез келген ақпаратқа жарнама жасап келді. Енді олардың жарнамасы тексеріле ме?

– Кез келген аккаунт иесі тарататын ақпараттың шынайылығына өзі жауап беруі керек. Егер қате ақпарат таратса және оны жәбірленуші дәлелдесе, аккаунт иесі заң алдында жауап береді. Бұл жерде ақпараттың парақшаға пост ретінде жарияланғаны немесе пікір ретінде қалдырылғаны маңызды емес. Маңыздысы – әрбір адам өз сөзіне жауап беруі керек. Бұл кез келген елдің Конституциясына, ішкі тәртібіне қатысты дүние.

– Әңгімеңізге рақмет!

Көктем ҚАРҚЫН

Қазіргі кезде Сенат депутаттары еліміздің түкпір-түкпірін аралап, республика халқымен кездесулер өткізуде. Жүздесулерде өзекті мәселелер талқыланды, күрделі мәселелердің шешімін табу жолдары іздестірілуде. Сол кездесулер туралы ақпараттар топтамасын назарларыңызға ұсынамыз.

СЕНАТОРЛАР ЕЛ ІШІНДЕ



Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Бибигүл Жексенбай «Аманат» партиясының қалалық филиалы мен қалалық құрылыс басқармасының өкілдерімен бірге елордалағы Қ.Мұнайпасов атындағы Орталық стадионда болды. Спорт ғимараты бірнеше жыл бұрын апатты жағдайға байланысты жабылған болатын. Депутатқа сапар барысында футбол орталығының жаңа құрылысының жобасы таныстырылды.

Бұдан бұрын осы стадионға күрделі жөндеу жұмыстарын жасау көзделген болатын. Мамандар мәселені зерделей келіп, оны жанадан салған тиімді екені анықталды. Қазіргі кезде әлемдік стандарттар бойынша футбол ойындарын өткізу мүмкіндігі бар 4500 орындық толыққанды стадион салу туралы шешім қабылданғаны айтылды. Жоба бойынша тек футбол ғана емес, сонымен қатар стадион аумағында балалар мен жасөспірімдердің спортпен шұғылдану мүмкіндігі қарастырылған.

Депутат Бибигүл Жексенбай өз кезегінде балалар мен жасөспірімдердің жан-жақты дамуы үшін қолайлы жағдай жасау, оның ішінде өнерді зерттеу және спортпен шұғылдану мемлекеттің басымдығы болып табылатынын жеткізді. Білімді, тәрбиелі және дені сау ұрпақ – ұлттың ең қымбат игілігі екені атап өтті. Кездесу барысында сенаторға Астанада салынуы жоспарланған басқа да нысандар бойынша ақпарат айтылды.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Қайрат Тастекеев Абай облысындағы Ақсуат және Көкпекті аудандарының тұрғындарымен және мәслихат депутаттарымен кездесті.

Сенатор кездесу барысында тұрғындармен сөйлесіп, аймақтың жағдайымен танысты. Депутат сондай-ақ VIII сайланған Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясы аясында атқарылған жұмыстар туралы тұрғындарды хабарлар етті.

Кездесу соңында тұрғындарды толғандыратын мәселелер талқыланды және Парламент қабылдаған заңдар бойынша жан-жақты пікір алмасу өрістеді.



ҚР Парламенті Сенатының депутаттары Ернұр Әйткенов пен Алтынбек Нұхұлы Екібастұздағы жылу энергетика орталығында болды және жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарының барысымен танысты. Депутаттар ЖЭО-да жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүріп жатқан учаскелерді қарады және жылу беру маусымына дайындық үдерісіне куә болды. Станцияда барлық 10 қазандықты жөндеу қарастырылған, оның ішінде 8 қазандықта күрделі жөндеу жұмыстары жасалатын болды. Су жылытатын 5 қазандыққа бюджет қаржысы есебінен күрделі жөндеу жүргізіледі. Сондай-ақ 5 энергетикалық қазандықты, қосалқы жабдықтарды, ғимараттар мен құрылыстарды күрделі және ағымдағы жөндеу жұмыстарын жасау жоспарланып отыр.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Амангелді Толамисов Абай облысында болып, аймақ тұрғындарымен кездесті. Сенатор өңірге сапар барысында Абай облысының Аягөз ауданындағы бірқатар әлеуметтік нысандарды аралады, емханалардың жұмысын және қала құрылысындағы проблемалармен танысты. Сенатор сонымен қатар өңірдегі «Жайлы мектеп» жобасын іске асыру барысымен де танысты.



«AMANAT» партиясының төрағасы Ерлан Қошанов бастаған республикалық сайлауалды штаб мүшелері биыл 1 наурызда Солтүстік Қазақстан облысына сапары барысында Мағжан Жұмабаев ауданындағы Сарытомар ауылында зиялы қауым өкілдерімен кездесуінде Ресей архивтерінен Алаш ардақтыларына қатысты мәліметтерді алуды ұйымдастыру туралы өтініш айтылған болатын. Партия басшылығы бұл аманатты аяқсыз қалдырмады. Жұрыда көршілес елден ұлы Мағжанның өмірі мен шығармашылығына қатысты деректердің көшірмесін Қазақстанға әкелуге қол жеткізілді.

Роза ШӘКЕН

Республикалық сайлауалды штаб мүшелері Мағжан еліне табан тіреп тұрып, ұлы ақынның туған ауылына бармау жөн болмас деп, Сарытомарда зиялы қауым өкілдерімен емен-жарқын әңгімелескен болатын. Сол кездесу барысында өңірдің игі жақсылары партия төрағасына бірқатар базынасын айтқан-тын. Соның ішінде көршілес Ресейдің Омбы және Мәскеу қаласындағы архивтерінен атакты жерлесімізге қатысты құжаттарды Петропавл қаласына әкелу туралы өтінішті зиялы қауым өкілдерінің атынан Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архивінің директоры Сәуле Мәлікова жеткізген еді.

«Мағжан ғұмырнамасының іздері жақында Ресейдің Мәскеу қаласындағы әлеуметтік-саяси тарих архивінде де бар екені анықталды. Айталық, отты ақын 1917 жылдың наурызынан қарашасына дейін Ақмола облыстық қазақ комитеті ағарту бөлімінің меңгерушісі болған. 1922-1923 жылдары Ташкентте қазақ оқу-ағарту институтының лекторы-оқытушысы, Түркістан Республикасы мемлекеттік ғылыми Кеңесі құрған Қазақстанды зерттеу қоғамы төрағасының орынбасары болған. Қоғам төрағасы Халел Досмұхамедов, мүшелері: Мұхтар Әуезов, Мұхаметжан Тынышпаев, Александр Есполов болғанын анықта-

дық. Сонымен қатар Шығыс Еңбекшілері Коммунистік университетіне шпарттан тыс лектор болып жұмыс істегенін дәлелдейтін құжаттар бар. Қылмыстық ісі, жеке ісінде сонда сақталған. Қазандағы университет архивінде шығармалары бар», — дейді Сәуле Зейноллақызы.

Құнды құжаттарды Қазақстанға алдырту үшін Мәдениет және спорт министрлігі тарапынан Ресей Федерациясының мемлекеттік архивіне сұрау жолдануы тиіс. Бүгінде тиісті өтініш жасау туралы хат министрліктің қарауында.

МАҒЖАННЫҢ ҚАЙРАТКЕРЛІК ҚЫРЫ

Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архивінің жоспарлы ғылыми-зерттеу жұмысы аясында, мекеме директоры Сәуле Мәлікованың тікелей мұрындық болуымен Мәскеудің және Омбының тарихи архивінен табылған Мағжан Жұмабаевтың өмірі мен шығармашылығына қатысты құжаттардың көшірмелері Петропавлға жеткізілді. Соның ішінде ұлт ақынының Мәскеудегі қызметі, Әлихан Бөкейханмен бірлесіп атқарған жұмыстары және аудармалары жөнінде тың деректер бар.

Сондай-ақ жуырда Алаштың ардақты тұлғасының 130 жылдық мерейтойына және саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күніне орай М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан университетінде өткізілген ғылыми-тәжірибелік конференцияда ел Президентінің және

ТЫҢ ДЕРЕКТЕР ТАБЫЛДЫ

Солтүстік Қазақстан облыстық мемлекеттік архиві «Қызылжар өңірінің Алаш қайраткерлері» атты жылжымалы фото-құжаттық көрмесі ұйымдастырды. Осы көрмеде Мағжан Жұмабаев, Смағұл Сәдуақасов, Жұмағали Тілеулин, Қошке Кеменгеровтің өмірі мен шығармашылығына қатысты бірегей құжаттар алғаш рет көпшілік назарына ұсынылды. Тарих ғылымдарының докторы Бүркітбай Аяған жариялаған материалдардан Мағжанның қайраткерлік қасиеті таныла түседі. Әсіресе, аштық жылдарында өз басын бәйгеге тіге отырып, халқына шама-шарқынша көмек көрсетуге тырысканы

Облыстық архив директоры, тарих ғылымдарының кандидаты Сәуле Мәлікова келтірген деректерге сәйкес, 1922 жылы 5 мамырда Қызылжарда аштыққа қарсы күрес жөніндегі төтенше комиссияның мәжілісі болды. «Мәжілісте Көкшетау, Атбасар, Петропавл уездерінде орналасқан қазақ ауылдарының қиын жағдайы тұңғыш рет баса көрсетілді. Қабылданған қаулыда Помгол комиссиясының құрамына казактардан адам кіргізу туралы Мағжан Жұмабайдың ұсынысы қабылданып, ол аштыққа қарсы күрес комиссиясының төрағаның орынбасары болып бекітілді.



тарихи құжаттар арқылы дәлелденген. 1922 жылы құрылған аштықтың зардаптарын жою жөніндегі төтенше комиссия төрағасының орынбасары болып Мағжан Жұмабаев тағайындалған. Бірақ комиссияның жұмысына негізінен Мағжан Бекенұлы басшылық жасағаны оның жазған құжаттары мен хаттарынан белгілі болды. Құжаттарда Мағжан өзін төтенше комиссияның төрағасы деп көрсетіп, қол қойған. Ол Помгол (помощь голодающим) комиссиясының құрамына ұлтты қазақ адамдарды енгізуге ықпал еткен.

Бұл жұмысқа Мағжан Ерденев, Бегішев, Байғазин, Төкібаевті ұсынады. 1921 жылы наурызда Ақмола губерниясында 1 миллион 21 мың адамның 472 мыңы аштыққа ұшыраған», — дейді Сәуле Мәлікова.

Сондай-ақ ақпалының айтуынша, Мағжан бірнеше адамды губкомның өкілдері ретінде іссапарға мал мен астық жинауға жіберіп, мандаттарына қол қояды. Сонымен қатар Алаш қайраткері сол жылдары Сарыайғыр, Келтесор, Тайынша, Жамантүз, Торанғұл болыстарына аштыққа ұшырағандарға көмек көрсетуге адамдар жібере отырып,

нақты тапсырмалар берген. Жергілікті органдардың аштыққа ұшырағандардың тізімін, жедел түрде ақпарат беру, азық-түлік қорын есепке алып, аштыққа дұрыс бөлінуіне, жиналған көмекті Помголдың рұқсатымен тарату қажеттігіне баса назар аударған.

24 мамырда мұхтасиб Абдухаликовқа мұсылман халқынан көмек жинап, оның 25 пайызын Помгол қорына, 75 пайызын Қызылжардың аштығына тарату туралы құжатқа қол қойған.

1922 жылғы 9 маусым күні Помгол төрағасының орынбасары Мағжан Жұмабаев губерниялық әскери комиссар Приморскийге казактың 100 жетім баласын және мүмкін болғанша орыс балаларын қамқорлыққа алуды сұрап, хат жолдайды. Ол елдің басқа қалаларынан ашыққан халыққа астық, мал, алтын-күміс сияқты заттар да жиналған. Күніне бір мезгіл ыстық тамақ беретін асхана да ұйымдастырады. Оған қуә болатын құжаттар баршылық.

1922 жылғы 11 маусым күні Мағжан «Мир труда» газетінде мақала жазып, казак даласындағы аштықтың тұтас ұлтқа қатер төндіріп отырғанын көрсетіп, ашы шындықты жайып тастайды. Сол жылдары Мағжан ақын қазақ халқының мүшкіл жағдайына біліктің назарын аударуға бағытталып тырысып баққан. Басылым беттерінен де үнемі үндеу жолдап, аш-жалаңаш халыққа көмек көрсетуді өтінеді. Қолдан жасалған нәубеттен зардап шеккен халыққа тікелей көмек көрсетуге бағытталған жұмыстың бел ортасында білек сыбанып өзі жүрді. Сол жылдарда оның жазған хаттары мен мақалалары, өзге де құжаттар — казактың аяулы ұлының отансүйгіштігі мен ұлтқа адалдығының дәлелі.

Келесі уәкілетіне Мағжанның бұл бәлсенділігі ұнай қоймағаны айдан анық. Қызылқөздер бастапқыда ақынның шығармаларына тыйым салудан бастап, біртіндеп Қызылжарын тастап, бас сауғалауға мәжбүр етті.

Казактың ұлы ақынының өмірі мен шығармашылығын зерттеу бағытындағы жұмыстар әлі де болса терең талдауды, жан-жақты ізденуді қажет етеді. Мағжанның помголға көмек істеген кезеңін арнайы зерттеп, қол қойған құжаттарын жинап ретінде басып шығару туралы ұсыныс та айтылуда. Бұл шаруалар — алдағы уақыттың еншісінде.

Солтүстік Қазақстан облысы

СӘТТІ ЖҮЗЕГЕ АСҚАН ЖОБАЛАР



Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ

Елде ауылды аймақтарды дамыту халықтың әлеуметтік-экономикалық жағдайын жақсарту мақсатында «AMANAT» партиясы қолға алған бірнеше бағдарлама Ақмола облысында сәтті жүзеге асып келеді.

Әсіресе, «Ауыл Аманаты» бағдарламасы бойынша ауылдағы ағайынның табысын арттыру мақсатында өңірде 1,2 млрд теңге сомасында қаржы бөлінген. Бұл қаржыға өңірдің ауылды аймақтарында жаңа бизнес-жобаларды ашу және қолда бар бизнесті кеңейту үшін 250-ге жуық кәсіп ашуға бел буған азаматқа қарыз беру және жаңадан 265 жаңа жұмыс орнын ашу көзделіпті. Әрбір адамға берілетін қарыз сомасы шамамен 4,8 миллион теңге көлемінде болмақ.

Бұл мақсатта осыған дейін бірнеше бағдарламалардың жүзеге асырылуына мұрындық болған «KOKSHE» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы таңдап алынған. Бағдарламаларды ұйымдас-

тырушылардың мәліметінше, жылдық пайызы 2,5 пайыздан аспайтын шағын несиелер беру мерзімі 5 жылға, егер мал шаруашылығы саласында болса 7 жылға берілмек. Шағын несиенің ең жоғарғы көлемі 2,5 мың айлық есептік көрсеткішке дейін яғни 8,6 миллион теңгеге дейін болмақ.

Ауылды аймақта кәсіп ашуға ниеттенген азаматтар үшін шағын несиелер етті және сүтті мал шаруашылығы, жылқы және қой өсіру кәсібін дамыту, көкөніс егу сияқты ауыл шаруашылығының барлық түрлері қамтылмақ. Бағдарламаның тиімді жүзеге асырылуын қамтамасыз ету үшін облыстың әр ауданында құрамына аудан әкімінің орынбасарлары ауылдық округ әкімдері, «AMANAT» партиясы, ауыл шаруашылығы, жер қатынастары, кәсіпкерлер палатасы, сәулет және қала құрылысы, «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының өкілдерінен құралған жұмыс топтары құрылған.

«Ауыл АМАНАТЫ» партиялық жобасының жүзеге асырылу сапасын бақылау мақсатында бағдарламаның орындалуы «AMANAT» партиясының «Халықпен бірге» сайлауалды бағдарламасының жол картасына кірген. Жалпы өңірде 2023-2027 жылдар аралығында аталған бағдарлама бойынша 9,3 миллиард теңге сомасында қаржы бөліп, 1 147 шағын несиелер беру және 1 216 жаңа жұмыс орнын құру жоспарланыпты.

Облыста партияның «Құқықтық көмек» жобасы бойынша да жүйелі жұмыс жүргізілгені байқалады. Тек осы жылдың алғашқы жарты жылдығында ғана партияның қоғамдық қабылдауына 1 459 өтініш түсіп, оның 57 пайызы оң шешімін тапқан. Қалған 41 пайызы бойынша түсіндіру жұмыстары

жүргізілсе, 2 пайызының орындалуы партияның тікелей бақылауына алынған.

Партия филиалының мәліметінше, түскен арыз-шағымдардың басым бөлігі яғни 38 пайызы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері бойынша болған. Мұнымен қоса, тұрғындарды электрмен қамту, ауызсу, елді мекендерді абаттандыру, жылумен қамту мәселелері аландатады. Әлеуметтік қамту, материалдық көмек беру, мүгедектігі бойынша жәрдемақы алу сияқты өтініштер де көбейген. Аталған өтініштердің 75 пайызы оң шешімін тауыпты.

Халықтың құқықтық көмек беру мақсатында тақырыптық қабылдаулар ұйымдастырылып, апта сайын заңгерлер, нотариустар мен адвокаттардың қатысуымен қабылдаулар өткізілген. Жалпы «Заңгерлік көмек» жобасы аясында 53 қабылдау өткізіліп, нәтижесінде 99 азаматқа консультативтік көмек көрсетілген. Сондай-ақ жоба шеңберінде 95 мәрте көшпелі қоғамдық қабылдаулар өткізіліп, 175 адам қабылданған. Партия филиалының қоғамдық қабылдауының жетекшісі тұрғындар тарапынан түсінбеушіліктердің де болып жататынын жасырмады.

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан азаматтарды тұрғын үймен қамту небары 8 пайызды ғана құрайды. Адамдарға партияның тек заң аясында ғана жұмыс істейтінін түсіндіру қиынға соғады. Сондықтан уақытша шараларды іздеуге тырысамыз. Өңірдің әр ауданында қоғамдық қабылдаулар қызмет етеді. Біздің негізгі міндетіміз де азаматтардың өтініштеріне дереу үн қатып, мәселенің шешілуіне көмектесу болып табылады. Қазір өтініштерді бақылаудың электронды жүйесі де жұмыс істеп тұр. Жергілікті атқарушы органдар тарапынан азаматтардың құқықтары бұзылып, қағазбастылыққа жол берілсе, мәселе партияның бақылау комиссиясына тапсырылып, олар оқиға орнына барып партиялық жауапкершілік туралы шешім қабылдайды. Ешқандай өтініштер қараусыз қалдырылған жоқ. Өтініштер онлайн және офлайн түрде де қабылданады, — дейді

«AMANAT» партиясы Ақмола облыстық филиалының қоғамдық қабылдау меңгерушісі Ақманат Әлімбетов.

Партияның қоғамдық қабылдауына түскен арыз-шағымдардың бірқатары демеушілердің көмегі есебінен де шешіліп жататыны да анықталды. Мәселен, Бұланды ауданы партиялық филиалының қоғамдық қабылдауына келген Воробьевка селосының тұрғыны Татьяна Шевченконь айтуынша, 60-қа жуық бала тұратын ауылда бірде-бір спорт және балалар ойын алаңы жоқ. Партия филиалының төрағасы Раушан Хожабайды ықпалымен «ABU-Agro» ЖШС-нің басшысы Әміржан Байғалиев өз есебінен 20 миллион теңге сомасына балалар ойын алаңы және спорт алаңын орнатып берген. Жылдар бойы қордаланған мәселелері шешімін тапқан азаматтар партия қатарына өтуге де ниеттерін білдіріп, 75 адам партия қатарына мүшелікке қабылданған.

Мүмкіндігі шектеулі жандарға қамқорлық көрсетуге бағытталған «Кедергісіз келешек» партиялық жобасының орындалуында да бірталай маңызды істердің басы қайырылған.

Партия филиалының мәліметінше, ерекше қажеттіліктері бар адамдарды толықтай бейімдеуді қамтамасыз ету үшін 192 әлеуметтік инфрақұрылымдарда жұмыс жүргізу жоспарланған. 1 маусымда партияның «Халықпен бірге» сайлауалды бағдарламасы шеңберінде көру, есту, тірек-қимыл жүйесі бұзылған кембағал балаларға қайырымдылық шара ұйымдастырылған. Облыстық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламаларды үйлестіру басқармасымен Сарыарқа шағын ауданында республикалық бюджет есебінен 150 орындық мүгедектірі оналту орталығының құрылысына жобалық-сметалық құжаттама әзірленіпті. Бұған қоса, әлеуметтік және көліктік инфрақұрылымның 94 нысаны бейімделгені анықталды.

Жалпы партиялық жобалардың жүзеге асырылуы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына да тың серпін бергені байқалады.

Ақмола облысы

Соңғы жылдары Түркияның академиялық орта өкілдері қазақ классиктерінің туындылары мен халық фольклорын түрік тілінде жариялап, әдебиетіміз бен мәдениетімізге қызығушылық таныта бастады. Мәселен, Түркиядағы Мугла Сытқы Кочман университеті Әдебиет факультетіндегі қазіргі түрік диалектілері мен әдебиеттері бөлімінің меңгерушісі, PhD докторы, профессор Экрем Аян қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысы туралы баяндайтын бірнеше кітап шығарды. Бұл ғана емес, түрік ғалымы екі ел ғалымдарымен бірге фольклорлық туындыларға зерттеу жүргізіп, «Қазақ эпостары» атты жинақтың жарық көруіне де атсалысты.



Экрем АЯН,
профессор

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНЕ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫМ ӘУЕЗОВТЕН БАСТАЛДЫ

Жақында «түркиялық ыбырайтанушы» атанған ғалымнан Абайдың шығармашылығын, философиялық, эстетикалық және қоғамдық көзқарастарын зерделеуге, сондай-ақ ағартушылық білімнің негізін қалаушы Ыбырай Алтынсариннің өмірбаяны және туындыларымен танысуға не түркі болғанын сұрап-білген едік.

— Сіздің қазақ ағартушы тұлғаларың күллі түркі әлеміне насихаттап жүргеніңізді білеміз. Жалпы, қазақ ғалымдары туралы зерттеу жүргізуіңізге не түркі болды?

— Университеттің екінші курсында оқып жүргенімізде оқу бағыттарымызды анықтауға тура келді. Түрік тілдерінің жіктелуі бойынша солтүстік-батыс (қыпшақ), оңтүстік-батыс (оғыз), оңтүстік-шығыс (карлұқ) сияқты бөлімдерге бөліндік. Бірге оқытын группаластарымыздың көпшілігі оңтүстік-батыс, яғни оғыз тобын таңдады. Себебі ол оңай әрі түрік тіліне ең жақын. Бірақ «ауырдың астымен, жеңілдің үстімен» жүргеннен гөрі, қиын болса да көп студенттердің тісі баппайтын тапсырманы орындаудан бастайық деп шешіп, топтағы 5 адам Солтүстік-Батыс тобына таңдау жасалды. Қыпшақ тобына татар, қырғыз, башқұрт, ноғай, қазақ халықтары кіреді. Осылардың ішінен қазақ тілі мен әдебиетін таңдадым. Қазақ тілі мен әдебиетіне деген қызығушылығым осы кезден басталды.

Қазақ тілі мен әдебиеті бойынша алғашқы жұмысым «Қазақтың жануарлар ертегілері» деп аталды. Бұл менің университеттегі дипломдық жұмысым болды. Қазақ ертегілерін түрік тіліне аударудан басталдым. Шамамен, 400 беттен тұратын бұл аударма жұмысы қазақ тіліне деген қызығушылығымызды нығайтып, туыс халықтың тілін тереңірек үйренуіме мүмкіндік берді. Осылайша, қазақ тілін үйренуім бакалавриат кезіндегі грамматикалық білім бойынша дипломдық жұмыс жазуымның арқасында келді. Оның кейінгі еңбектерім қазақ және түрік тілдерінің салыстырмалы синтаксисі мен сөйлем элементтеріне арналды. Бұл тақырып бойынша 6 мақала жарияландым. Артынша мақаламадағы жұмысты ары қарай зерттей жүріп, «Қазақ тілінің грамматикасы» кітабын жаздым. Осы жұмыстың тақырыбына деген қызығушылық шабытымды ашып, бұдан кейін жазған кітаптарыма мотивация беретін көз болды ғой деп ойлаймын.

Сіз жана «Қазақ тілін қалай үйреніп алдыңыз?» деп сұрадыңыз. Кейін Қазақстанда да қызмет ету бақыты бұйырды. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетіндегі қызмет етіп жүрген кезімде де қазақ тілін өз бетінше үйренуге мүмкіндік туды. Бұл кезеңді мен қазақ тілін біржолата меңгеруге мүмкіндік берген уақыт болды деп санаймын. Елге оралған соң Мугла Сытқы Кочман университетінде қазақ тілін үйренуге қызығушылық танытқан түрік студенттері үшін қазақ тілін үйрететін курстар аштым. Шыны керек, өзім ашқан курста студенттерім ғана емес, өзім де қазақ тілін одан да терең үйренуге мүмкіндік алдым. Кейін қазақ тілінің фонетикалық, грамматикалық, сөйлемдік ақпараттары туралы кітап шығардым.


— Қазақ ағартушы ғалымдарының арасында ең алғашқы зерттеуіңіз кімге түсті?

— Талай жылдан бері қазақ тілі пәнінен бөлек, әдебиетпен де айналысып келем. Тіл мен әдебиетті қатар алып, екі жақты жұмыс істеу маған да мотивация береді. Қазақ әдебиетінің классигі, қоғам қайраткері Мұхтар Әуезов — қазақ әдебиетіне деген қызығушылығымды оятқан тұңғыш қазақ зиялысы. Қазақ әдебиеті мен қазақ мәдениетін зерттеуім Әуезов шығармалары мен «Абай жолы» романының сөздік қорын, тиісінше, қазақ тілінің қаншалықты бай екендігін түрік оқырмандарына дәлелдеуге арналды десем артық емес. «Абай жолы» романынан бұрын алдымен Мұхтар Әуезовтің басқа шығармаларын ерекше ыждаһаттылықпен

оқып шықтым. Жазушының әр шығармасынан қоғамға ой салатын құнды дүние таптым. Оның шығармаларындағы әрбір кейіпкерге берілген суреттемелері тәнті етті. Бұған «Абай жолы» романын оқыған кезде де күз болдым. Тіпті, «Абай жолы» романын оқып отырғанда өзін де сол заманда, сол уақытта жүргендей сезінесін. Солқын желдің соққанын сезіп, бір сәт тоңып кетесін. Мен мұндай жарқын сипаттамаларды ешқашан, ешбір шығармадан оқыған емеспін.

Қазақ стилін әуелі аңыз-әңгімелерден, сосын әңгімелерден, ең соңында романдардан үйрендім. Бұл шытырман оқиғада мен қазақ тілінің әдеби шығармаларда қаншалықты сауатты екенін көріп, түрік тілімен тамырлас болса да, қазақ тілін үйренуге ерекше күш салу керектігін түсіндім.

— Көпшілік Сізді «түркиялық ыбырайтанушы» деп таниды екен. Ыбырай Алтынсариннің қазақ ғалымдары танып білмеген



жана қырын аша алдыңыз ба? Сіз таныған Ыбырай кім?

— Қазақтан шыққан білім ағартушысын қазақтардың өзінен асып ешкім танып, жана зерттеу жасаған жоқ. Бірақ Түркияда Ыбырай Алтынсарин туралы зерттеулерді алғаш рет жасадым. Ол кісі туралы 9 мақала мен кітапты басып шығардым. Осылайша, Ыбырайдың ілімін Түркияда насихаттап келемін. Ағартушының «Мұсылманшылық тұтқасы» атты шығармасымен танысып, оны әрі қарай зерттеуге қызығушылығым ояна берді. Осы уақытқа дейін ағартушының бірнеше туындысын түрік тіліне аударып, өзімнің зерттеу кітабымды жарыққа шығардым. Ыбырай Алтынсарин білектің емес, білімнің күшімен егемендікті сақтап қалуды үйреткен. Қазақ мемлекетінің

Алдағы уақытта да Ыбырай Алтынсариннің Ильминскийге, Катаринскийге, Соколовка, Мозахинге жазған хаттарының мазмұнын бағалауды тұтас кітап етіп шығарамын. Хаттарды түрік тіліне аударуды аяқтадым. Қазір мәтін ішіндегі оқулар мен бағалауларды орындап жатырмын. Ыбырай туралы зерттеу жүргізіп жүргенімде оның қазақ балаларының білім алуы үшін жанын пидаеткенін, қандай жағдайда да бұл жолдан тайынбағанын көрдім. Кеңес өкіметінің ең ауыр езгісінде халқының білім алуы, дінін насихаттау, қорғау жолында күрескен ол өз басын да өлімге тәуекел етеді. Түрік тілінде Kelle koltukta gezmek деген идиома бар. Яғни, ұлт жолында басымды бәйгеге тігу деген сөз. Ыбырай да қазақ халқының бойына білім дәннің сеуіп, сол жолда құрбан болуға тәуекел еткен қайраткер.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқып жүргенімде «Шариатул ислам-мұсылманшылықтың Тұтқасы» атты шығарманы оқығанда, автордың ерік-жігеріне еріксіз таңғалдым. Тарихқа көз жүгіртсек, шығарма жазылған кезеңдер кеңестік қуғын-сүргіннің ең ауыр кездері болды. Осындай кеңестің қылышынан қан тамып тұрған заманында қуатты туындыны шығарған Ыбырай Алтынсариннің еңбегі өлшеусіз. Күні бүгінге дейін ағартушының жазып кеткен еңбектері ұрпаққа мол азық.

Ағартушы ғалымның Ильминскиймен жақын қарым-қатынасын түсінбейтіндер болуы мүмкін. Меніңше, бұл толық

кателік. Өйткені Алтынсарин қазақ даласында мектеп ашу, сол мектептерде оқытылатын кітаптарды жазып, басып шығару үшін Ильминскиймен басшы қарым-қатынаста болған болуы керек. Мұны мен қатты желден аман қалу үшін тербелген ағаш сияқты дер едім.


— Қазақтың ұлы ойшылы Абайға аударма жасаған екенсіз. Абайды оқу арқылы не түйдіңіз?

— Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде түрік тілі мен әдебиеті кафедрасы болды. Осы жерде бөлім меңгерушісі болып жұмыс істеп жүргенімде «Абайдың кара сөздерін



іргетасын осындай ағартушылар, алашордашылар қалады. Негізінен, тәуелсіздік соғыспен келеді. Бірақ Қазақстанның егемендігі Абай, Ыбырай Алтынсарин, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы секілді тұлғалардың қаламының қуатымен келді. Яғни, қазақтың егемендігі үшін ұрыс қаламмен жасалды. Сол қаламның еңбегімен Қазақстан 91-ші жылы Тәуелсіз ел болды.

Менің қазіргі мақсатым да қазақ ағартушыларының салып кеткен сара жолын, еңбектерін күллі түркі әлеміне әрі қарай насихаттау.



түсінбейміз» дейтін қазақ достарым болды. Сол кезде қазақ тіліндегі жазуды түсінбейтін қазақтарды түсіне алмадым. Абайдың кара сөздерін оқып, қиындығы негізінен араб, парсы сөздерінің болуынан деп ойладым. Бірақ бұл ақын жан дүниесін түсіне білген адамға қиын емес болатын. Себебі Абай ойының тереңдігі, оның философиялық сөздері тәнті етті. Абай — қазақ халқының ең құдіретті ойшылы екенін түсіндім. Осы тұрғыдан мен Абай Құнанбай туралы зерттеуді жөн көрдім. Абайдың кара сөздерін, барлық өлеңдерін түрік тіліне аудардым. Осылайша, Абай туралы ең іргелі зерттеулерді жасадым. Абайдың барлық шығармаларын түрік тіліне аударып, Түркиядағы ең беделді баспалардың бірі — Түрік әдебиеті қорынан шығардым. Абайдың туғанына 175 жыл толуына орай Қазақстанда, Түркияда және көптеген елдерде түрлі мерекелік шаралар өтті. Сонымен қатар Абай шығармаларын 10 түрлі тілге аудару жобасы жүзеге асырылды. Бұл жоба Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынып, үлкен табыспен аяқталды. Осы жоба аясында Абайдың барлық шығармаларын түрік тіліне аудардым. Осы арқылы қазақтың Абайын қазір түрік оқырмандары біліп, оқып жүр. Абай атындағы мектептеріміз, көшелеріміз бар. Түркияның бірнеше қаласында Абайдың монументалды мүсіндері бар. Абайдың ұлы ойшыл екенін күлі халыққа таныстырып, «елім» деп еңіреп өткен ақынның еңбегін ел-жұрт білсе екен деймін.

— Осы уақытқа дейін қазақ әдебиетіне қатысты қанша зерттеу кітап жаздыңыз? Алашордалықтар туралы қалам тербеп, зерттеу жүргізіп көрдіңіз бе? Әсіресе, бүкіл түркі әлемінің тарихи тұлғасына айналған біртуар азамат Мұстафа Шоқайдың Түркиядағы өмір жолы туралы ғалымдардың еңбегінде көрсетілді ме?

— «Заман айнасы Абай Құнанбай және кара сөздер», «Абай (барлық шығармалары)», «Қазіргі қазақ әдебиетінің көсемі Ыбырай Алтынсарин», «Яңқы (Ғалым Жайлыбай өлеңдерінен бөлімдер)» атты кітаптарым жарық көрді. Сонымен қатар «Қазақ эпосы» атты еңбегім кітап болып шықты.

Алаш қозғалысының қайраткері Мұстафа Шоқайға қатысты жобалық жұмысым бар. Бұл жобада «Шоқай» баспасынан шыққан «Яш Түркістан» журналы талқыланды. Араб әліпбиімен 117 нөмірмен жарық көрген бұл журналда Мұстафа Шоқайдың мақалалары латын әріптеріне аударылып, түрікше аударылды. Журналдың негізгі мақсаты — Түркі Одағын құру және Түркістанның тәуелсіздігін алу. Мұстафа Шоқайдың журналдағы мақалаларында қолданған тіл ортақ түрік тілі зерттеулерінің алғашқы үлгілерін құрайды. Бұл менің жұмысымның маңызды нәтижелерінің бірі болды.

Біздің елде Мұстафа Шоқайды негізінен тарихшылар зерттеген. Алаш қайраткері туралы докторлық диссертациялар дайындалды. Бұл еңбектердің ең маңыздысы Дархан Қыдырәлі мен Әбдуқап Караға тиесілі. Мұстафа Шоқай туралы айтқанда, есіме түсетіні: «Әр түркінің екі отаны бар, біріншісі — туған жері, екіншісі — Түркия».

— Өзіңіз секілді қазақ әдебиеті мен мәдениетін, алашордалықтар туралы зерттеу жасап жүрген түрік жазушыларының кімдердің есімін атап өзіңіз?

— Соңғы жылдары бауырлас қазақ халқының тарихы, әдебиеті мен мәдениетіне қызығушылық танытып, қалам тербеп жүрген түрік ғалымдары бар. Түрік қазақ тілі, әдебиеті, асортандары бойынша жұмыс істейтін зерттеушілер мен жазушылар арасында Нергис Бирай, Ахмет Буран, Мұстафа Фанер, Орхан Сөйлемез, Наджие Йылдыз, Гүлжанат Эржиласун, Кенан Коч, Джемиле Кынажи, Эрджан Петек, Лайық Алтынмақастың есімін ерекше айтар едім.

— Қазақ қайраткерлерінің өмірі мен шығармашылығын зерттеген екенсіз. Осы аралықта екі елдің әдебиетіне тән қандай ортақ құндылықты байқалдыңыз? Алаштың арманы мен мұраты түрік халқына қаншалықты жақын екен?

— Қазақ халқы мен түрік халқы — өз тәуелсіздігін сүйген бауырлас халық. Олар бұл үшін майдан даласында да, кітап бетінде де күресті. Бұл тұрғыда ақындардың тәуелсіздікті қорғауға, алуға қосқан үлесі зор болды. Бұл тұрғыда Мехмет Акиф Ерсой, Мұхамбет Өтемісұлы, Мағжан Жұмабаев, Ариф Нихат Асия сияқты ақындар салыстырмалы түрде зерттеліп, жарық көрді. Алаштың мақсаты — тәуелсіз, мәңгілік Отан құру. Бұл тұрғыда алаш қайраткерлерінің еңбегі зор. Алаш қаламгерлері халық арасындағы ұлттық құндылықты дәріптеп, елі мен жерін қорғаудың алғышартын ұсынды. Осы арқылы ұлтты қауіптен сақтандырып, ынтымақты болуға шақырды. Қазақ пен түрік ағартушылары халықтың санасын ояту мақсатында шығармалар жазды. Ол — өз кезінде халық арасында бірлік пен ерліктің отын жаққан адамдар. Бұл екі жақта да болды. Біздің елде де батырлар жыры жазылған. Егемендік үшін күресте ақын-жазушылар мешіттерге барып уағыз айтып, халықты тәуелсіздік жолындағы күрестің айналасына шақырды.

— Қазіргі кезде қазақ студенттерінің Түркияда тәжірибе алуына мүмкіндік жасап, дәріс өткізетінін білді де естіп білген едік. Бұл жоба өзіңіздің идеяңыз ба?

— Бүгінде білім беру халықаралық сипатқа ие бола бастады. Сондықтан университетімізге қазақ жастарының көптеп келуіне күш салып жатқаныма қуаныштымын. Осы күні Мугла Сытқы Кочман университетінің Түрік тілін оқыту орталығының (TÖMER) директорымын. Қазақстаннан университетімізге оқуға келетін ағайындарымызға жағдай жасап, университетіміздегі қазақ студенттерінің санын көбейтуге тырысамын. Түркияда жүрсе де өз елінде жүргендей сезінсе деймін.

Қазір университетіміздің Түрік тілін оқыту орталығының қазіргі түрік диалектілері мен әдебиеттері кафедрасының меңгерушісімін. Біздің бөлімде түрік халықтарының тілдері, әдебиеті және қысқаша тарихы оқытылады. Біздің бөлімді бітірген әрбір студент түрік әлемінің географиясын біледі және қызығушылық танытқан тілде сөйлеуге жеткілікті білім алады. Кафедрамызда қазақ, қырғыз, өзбек, әзербайжан, түрік-мен, татар тілдері мен әдебиеті оқытылады. Біздің басты мақсатымыз — шәкірттерімізге тамырлас халық екенімізді үйрету. Осы санамен түркі бірлігіне қызмет етуін қамтамасыз ету. Бұл жолда еңбек етіп жатқаным мен үшін үлкен абырой.

— Әңгімеңізге рахмет!

Сұхбаттасқан
Жадыра МҮСЛІМ



Елімізде тұтынушылар шағымы жыл сайын артып келеді. Тұтынушы деген – сіз бен біз екенімізді ескерсек, кейбір тауар мен қызметтің сапасына көңіліміз толмайтыны жасырын емес. Мемлекеттік органдардың мәліметінше, алдыңғы үштікте медицина, ұялы байланыс пен интернет, қоғамдық көлік салалары тұр. Ал көптеген тұрғын сапасыз сервис пен өнімді алған жағдайда да ешқандай арызданып бара бермейтінін ескерсек, наразылық ауқымының әлдеқайда кең екенін түсінеміз. Ал тұтынушылар құқығын қорғайтын ұйым өкілдері шағым саны артып келе жатқанын мойындап, олардың түрлі салаға қатысты екенін жеткізді.

ТҰТЫНУШЫ САПАСЫЗ ДҮНИЕГЕ ТҰТЫЛУШЫ ЕМЕС

Жәнібек АМАНГЕЛДІ

ҚАНДАЙ ҚЫЗМЕТТЕРГЕ ШАҒЫМ КӨП

Тұтынушылар құқығын қорғау комитетінің төрағасы Асқар Тынысбековтің айтуынша, тұтынушылар құқығы бұзылғаны туралы шағымдар жыл сайын 20%-ға өседі.

Аталмыш мекемеге былтыр 50 мыңға жуық өтініш келіп түскен. Шағымдар көбінесе бөлшек сауда (48%), тұрмыстық қызметтер (19%), электронды сауда (9%) және тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы қызметтеріне (5,6%) қатысты. Комитет басшысы тұтынушылар шағымының саны істің нақты жай-күйін көрсетпейтінін атап өтті. Өйткені құқығы мен заңды мүдделері бұзылған барлық азамат мемлекеттік органдарға жүгіне бермейді.

Асқар Тынысбековтің мәлімдеуінше, қазақстандықтар қанағаттанбайтын салалардың ең басында медициналық қызмет, байланыс және қоғамдық көлік тұр. Қазақстандық тұтынушылар ең алдымен медициналық қызметтерге (9,3%) көңілі толмайтын болып шықты. Нақтырақ айтқанда, медициналық қызметкердің дөрекілігі, ұзынсонар кезек және сапасыз көрсетілген медициналық қызметтер көңілден шықпайды.

Екінші орында – байланыс, оның ішінде интернет (33,3%). Яғни абоненттік төлемдерін заңсыз өсіру, сапасыз интернет, сол сияқты тарифтік жоспардың құнын ұлғайту және өзгертуге қатысты.

Үшінші зекте – қоғамдық көлік жұмысына шағым көп (30,7%). Атап айтқанда, жолдаушы тасымалдау ережесінің бұзылуы, қызметкердің дөрекілігі, жол-ақысын қолма-қол және онлайн есеп айырысуға баға айырмашылығы.

Атырауда кезінде индустрияландыру картасы аясында ашылған Жүн өңдеу фабрикасы наурыз айынан бері тоқтап тұр. Кезінде жарнамасы жер жарған фабриканың расымен де Қазақстанда баламасы жоқ. Жылына 200 мың табиғи көрпені нарыққа шығаруды жоспарлаған кәсіпорын 2019 жылдан бері азды-көпті тапсырысқа жұмыс істеп келді. Түрлі қиындықтарды бастан өткерген фабрикада қазір құрылғылар ғана қалған. Жұмысшылар әлдеқашан жөнімен кеткен.

Біз мәселенің мән-жайын Caspiy Lana Атуғау жүн өңдеу фабрикасы директоры Назгүл Есмаханованың өзінен анықтап көрдік.

«Осыдан 8 жыл бұрын ашылған фабрикада тоқырау проблемасы негізі 2019 жылдан басталды. Қазіргі уақытта зауыт мемлекет тарапынан кепілдендірілген тапсырыстың болмауынан және шикізат жетіспеушілігінен тоқырап тұр. Одан басқа да проблемалар бар», – дейді фабрика директоры Назгүл Есмаханова.

Статистика бойынша Атырауда 30 мың бас, Ақтауда 60 мың бас түйе бар. Кезінде Атыраудағы фабрика ашыларда 90 мың түйе малынан жылына 150 тонна жүн жиналады деген болжам болған. Бірақ нақты іске келгенде ондай көлемдегі жүн жиналмаған.

«Кенес Үкіметі құлағаннан кейін Қазақстанда малдың жүні жинаусыз қалғаны ашы да болса шындық. Іс жүзінде түйені қырып, жүнін жинау үшін де адам керек. Түйе үнемі далада жайылып жүретін мал болғандықтан, қырықтықты ұйымдастыру белгілі бір уақытты қажет етеді. Фабриканың қырықтық маусымын ұйымдастыратын мүмкіндігі жоқ. Ал шағын қожалықтар қолда бар жүнді Қытайға сатып жіберіп отыр. Себебі Қытайдан келетін тауар алушылар жүнді қолма-қол ақшаға

Сонғы орында – қоғамдық орында тамақтану қызметі (24,4%). Ол жерде де дөрекілік және сапалы қызмет көрсетпеу, бүлінген тамақ және санитарлық-гигиеналық нормалардың сақталмауына шағым көп.

ТҰТЫНУШЫ ШАҒЫМЫ ЖЫЛ САЙЫН АРТЫП КЕЛЕДІ

Тұтынушылар құқығын қорғаумен айналысатын қоғамдық бірлестік өкілдері де шағымданушылардың легі еселеп артқанын растады. «Тұтынушылар лигасы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Баян Ахметжанова жекеменшік сот орындаушыларына қатысты шағым көп түсетінін айтып өтті.

«Сот орындаушылардың құзыретін азайту керек. Көп адам осыған қатысты көмек сұрап келеді. Айталық, бір адам біраз жыл бұрын банктен алған несиеcін жауып тастайды. Алайда «осы несие бойынша қарызы бар» деп жеке сот орындаушылар оның банктегі есепшотын бұғаттайды. «Қарызы өтелмеген» деп төлем картасы жабылған адам жалақысын ала алмайды. Тауар алып, қызметтерді төлей алмай қалады. Егер ол жұмыссыз қалса, басқа жерге жұмысқа тұра алмауы мүмкін. Кей жағдайда адамның қарызы жоқ, болмаса ол болмашы сома болып шығып, тұтынушылар зардап шегеді. Мысалы, несие төленген, болмаса коммуналдық төлем төленген. Алайда ақша келіп түскенше мәлімет сот орындаушысына берілген. Екі-үш жыл бұрын өз басым осындай жағдайға кездестім. Күйеуімнің шотын бұғатталды. Біздің қарызымыз жоқ еді. Хабарласып, қарызымыз жоқ екенін дәлелдеп есепшотты аштырдық. Алайда көпшілік өз құқығын біле бермейді. Ал

“
Тағы да бір тұтынушы құқығы бұзылуы белең алып бара жатқан сала ол – интернет саудасы. Онлайн тауар сатушыларға тұтынушы алданып қалып жатады. Тауар қолына тимей, ақшасын қайтара алмай қалғандар көп.

банк омбудсмендер осы жағдайда көмекке келмейді», – дейді Баян Ахметжанова.

Оның айтуынша, тегін берілетін дәрілердің сапасы сын көтермейді, әрі өте арзан баламалары тандалады екен. Сондықтан осы дәріге мұқтаж жандар жиі келіп шағымданады. Сонымен қатар қымбат дәрілер осы тегін берілетін жүйеге енгізілмеген. Қоғамдық бірлестік басшысына бір тұрғын шағымданып келген. Ол көзін емдеу үшін тұрақты түрде пайдаланатын сұйық дәрілері өте қымбат тұрады екен. Оны сатып алуға тұтынушының қаржысы жоқ. Сондықтан осындай дәріні тегін берілетін тізімге алуға сұрайды.

ШАҒЫМ САНЫН ҚАЛАЙ АЗАЙТУҒА БОЛАДЫ?

Баян Ахметжанова пайымынша, сапасыз тауарлар мәселесінде өте өзекті

нәрсе ол кемшілікті анықтап, айғақтайтын зертханалар мен білікті мамандар жоқтығы.

«Нарықта көп балалар ойыншықтары сатылады. Олардың аламға зиянды әсері бар. Соның сапасын тексергенде сынау нәтижесі аса қымбат болмауы тиіс. Бізге келген тұтынушының дүниесін сынаққа өткізіп, соған қатысты талдауды жедел қолға алсақ, оның бағасы қолжетімді болса тұтынушының құқығын білікті қорғауға жол ашылар еді», – дейді ол.

Қоғамдық бірлестік басшысының айтуынша, тауар немесе сервистің сапасына сынақ жүргізгенде дау тудырмайтын білікті маман талдауды да жетіспейді.

«Қазір сатылып жатқан баланың киімдері өте қымбат. Бағасы ересектердің кімінен 2-3 есе жоғары тұрады. Алайда олардың сапасына қатысты сын көп айтылады. Мысалы, аяқ киімдердің табаны адам анатомиясына сәйкес келмейді. Тұтынушы аяқ киімге шағымданып келсе, оны экспертиза-сынақ жүргізу үшін зертхана керек. Бізде қазір осындай сервис тапшы. Тіпті аяқ киім шығаратын фабрика жоқ, оның сауатты маманы да жоқ. Осындай қызмет тапшылығы бар бізде», – дейді Баян Ахметжанова.

«Әділет» тұтынушылардың құқықтарын қорғау қоғамы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Еркін Томпиевтің айтуынша, осы ұйымға жарты жылдың ішінде 8 мыңдай адам шағымданған. Өтініштің біраз бөлігі ұйымның сайтында қалдырылған немесе телефон арқылы айтылған. Ал көптеген тұтынушы мекемеге өзі келіп арызданған.

«Арыз-шағымның көбісі азық-түлік қымбатшылығына қатысты. Өйткені қант, күріш, мақоран өнімдері, сонымен қатар алма, жүзім, қызанақ, қияр секілді көкөніс түрлері қымбаттап кетті. Үйлердің арасындағы шағын азық-түлік дүкендерінде зат бағасы күн сайын өсіп жатыр. Бағаның жосықсыз өсуіне қатысты шағым болса, оны мемлекеттік органдар кәсіпкерлер қызметін тексеруге жарияланған мораторийге байланысты тексеру жүргізе алмайды. Сондықтан жауапсыз кейбір кәсіпкер бағаны жоғары қояды, сапасыз тауар сатады. Ал тұрғын бізге келіп шағымданады. Мысалы, тұтынушы көңілі толмайтын жағдайдың бірі – кулинария. Онда тамақтың сақтау мерзімі өтіп кетеді немесе тағамды сақтау мерзімі көрсетілмейді. Мысалы: торт, салат, бәліштердің шыққан күні көрсетілген. Алайда оны қанша тәулік немесе сағат сақтау керектігі жазылмайды. Мен осындай шағым бойынша жана ғана бір дүкенге барып келдім. Тұтынушы арызындағы айтылғанның бәрі рас болып шықты. Салаттың сақталу мерзімі көрсетілмеген. Қуырылған балықтан бөтен иіс шығып тұр», – дейді Еркін Томпиев.

Оның айтуынша, мұны мемлекеттік органдар тексеру үшін прокуратура мен санитария-эпидемиологиялық бақылау мекемесінен рұқсат алу керек. Ол рәсім ұзаққа созылып, не аяқасты калып кәсіпкер жауапкершіліктен құтылып кетеді екен.

«Ал біз бір тұтынушы шағымданса, барып көмек көрсетеміз, айтылған нәрсеңнің қаншалықты рас екенін сол орында барып көз жеткіземіз. Мысалы, Тұтынушылар құқығын қорғау комитетінің басшысы «арыз-шағымдар көбейіп кетті» деп отыр. Неге өтініш саны көбейді? Менің пайымдауымша, тұтынушылардың өтініш-арыздары уақытында тексерілмейді, ол шағымданған дүкендерге ешкім бармайды. Егер тексеріп, сервис не тауар нысанына барып қараса, ескерту жасаса, мониторинг жүргізілсе мәселе шешімін табады. Сонда ғана арыз-шағым легін тоқтатауға болады. Ол үшін ең алдымен халықпен бірге алдын алу жұмысын

жүргізуді қажет», – дейді Еркін Томпиев. Оның айтуынша, медицина мекемелеріне қатысты өтініштер де аяқсыз қалады.

«Емханаларды алсақ, ай сайын көптеген шағым келіп түседі. Ол шағымдарды әрбір емхананың бас дәрігері ғана қарайды. Өтініші әрі қарай кетпейді, жіберілмейді. Өздері шешкен болады. Содан барып тұтынушы шағымна қанағаттанбайды. Осыны әкімдікке, мәслихат жиынына айтып жатырмын», – дейді ол.

Тұтынушы құқығын қорғайтын белсендінің айтуынша, қазір бизнесі, тауар сатуды үйрететін ақылы курстар мен тренинг өте көбейіп кеткен. Осындай оқуға ақшасын беріп, дұрыс білім алмағандардың шағымы еселеп артып келеді. Бұрын курс оқығанын, сертификат беретін ұйымдар тексерілетін, білім беру саласының бақылауында болған.

«Қазір бизнес жүргізуді үйретеді, түрлі салалар бойынша ақылы тренингтер өткізеді. Білім саласынан сұрастырдык, оны ешкім қадағаламайды екен. Осы саланы заңмен реттеп, бақылауға алуды ұсынамын», – дейді Еркін Томпиев.

Тағы да бір тұтынушы құқығы бұзылуы белең алып бара жатқан сала ол – интернет саудасы. Онлайн тауар сатушыларға тұтынушы алданып қалып жатады. Тауар қолына тимей, ақшасын қайтара алмай қалғандар көп.

«Біз шағымданушыдан сұрасақ нақты кімге тапсырыс бергенін білмейді. Алдымен сатушының ЖСН немесе басқа да деректерін сұрауы, білуге тиіс. Кейін сапасыз тауар немесе көрсетілген қызметке көңіл толмаса осы деректер арқылы арыз жазуға болады. Сондықтан азаматтар тауарға интернет арқылы тапсырыс бергенде осыны ескерсе», – дейді Еркін Томпиев.

Оның айтуынша, кәсіпкермен келіссөз тығырыққа тірелгенде дау-дамай тек сот арқылы шешіледі. Мысалы, зейнеткер көлік сататын компаниядан көлік сатып алады. Алайда келесі күні ойынан айнап, 2,5 млн теңгесін қайтаруды талап етеді.

«Көлік сататын компания ақшаны толық қайтарудан бас тартты. Мен барып сұрасам «1 млн теңгені ғана қайтарамыз, қалғанын ұстап қаламыз, ережеміз солдай» деген жауап алдым. Компания өкілдігі басшысына дейін бардым. Болмаған соң, сотқа жүгініп соманы тұтынушыға толық көлемде қайтарғандық», – дейді Еркін Томпиев.

Оның айтуынша, тұтынушы ретінде шағымды көп бұл – қарттар қауымы. Өйткені алаяқтар мен жосықсыз сатушылар қарттарды жағалап, ақшасын қағып алуды ойлайды. Қазір массаж креслосын саудалайтын алаяқтар қарттарды, зейнеткерлерді шақырып, «бұл құрылғы денсаулықты жақсарталды, белдің, арқаның ауруларын емдейді» деп алдап, азғырып тауарын бөлен есеге қымбатқа бағалап, оны несиеге рәсімдеп береді екен. Алматыда осындай шағым берген 3 адамның ақшасы тек сот арқылы қайтарылған. Алайда тағы бір осындай алаяқтар тобы компанияны жауып, шетелге кетіп қалған. Алданған көп адам ақшасын қайтарып алуға үлгермей қалған.

«Қалай ғана адамдар қомақты сомасын бөтен біреуге сеніп бере салады. Алаяқтардың мүлдем қисынсыз ұсыныстарына сену мүмкін емес қой», – деп күйінді Еркін Томпиев.

Тұтынушы құқығын қорғайтын ұйымдардың өкілдері алаяқтарға алданып қалмауды, кәсіпкер немесе компанияларды тексеріп, жауапкершілігіне көз жеткізіп алуды ұсынады. Сонымен қатар өз құқықтары сақталмаған жағдайда өкілетті органдарға немесе үкіметтік емес ұйымдарға өтініш беріп, өз мүддесін қорғаудан қашпауға тиіс. Өйткені олар сапалы тауар мен қызметтер алуға құқылы.

«Фабрика соңғы уақытта жұмыс істемей, шығындарын жаба алмады. Шикізат өнімінің Атырауда тапшы болуына байланысты жүнді өзге өңірлерден және Ресейден тасымалдауға мәжбүр болды. Себебі аталған қондырғыларда өңделетін жүн меринос қойының биязы жүні болуы керек. Түйе жүнін қырықудың өзіндік құны қымбат болғандықтан да, фабрика өңделген түйе жүнін басқа өңірлерден сатып алып келді. Кәсіпорынның қазіргі уақытта тұралауының басты себебі – айналым қаражатының болмауы салдарынан, шығарылған өнім көлемі кәсіпорын шығынының аз бөлігін жапты», – деді Н.Қаппазов.

Сонмен қатар Нұрлан Қаппазов нарықта халық тарапынан Қытай мен Өзбекстаннан әкелінетін синтетика аралас көрпелерге сұраныс көптігін және осыған байланысты фабрика бәсекелестікке төтеп бере алмағанын айтты. Сол себепті, Caspiy Lana Атуғау ЖШС өндіретін табиғи өнімді ішкі нарыққа да шығаратын, шетелге де экспорттауға қарым-қабілеті жететін кәсіпкер керек.

Еске сала кетейік, кезінде 3 млрд теңге жұмсалған Жүн өңдеу фабрикасы биылғы жылдың наурызына дейін қой мен түйе жүнін жуып, оның түбітінен жіп иіріп, көрпе мен жамылғы тігіп келді. Тіпті, 2018 жылы республикалық «Алтын сапа» конкурсында «Ең үздік тауар» атаңды. 2017 жылы өткен халықаралық EXPO көрмесіне келген шетелдік меймандарға осы зауыттан шығарылған жамылғылар сыйлыққа берілді. Еуропа, ТМД елдерінен де сұраныстар түсті. Бірақ бұл жетістіктердің бәрі әзірге жай ғана тарихқа енген дерек болып қалып отыр.

Фабрика нақты қашан қайта іске қосылады? Қай уақытта толық қуатында жұмыс істейді? Инвестор қашан келеді? Әзірге бұл сұрақтар басы ашық күйінде қалып отыр.

Баян ЖАНУЗАҚОВА,
Атырау облысы

Жүн өңдеу фабрикасы тоқтап тұр



сатып алады. Мен фабрика басшысы ретінде келісімшарт жасап, қаражатты есепшотқа аударамын. Қожалықтар қосымша табыстан салық төлегісі келмейді. Қойдың жүніне қатысты да біраз мәселе бар. Қойдың өзі етті және жүнді бағыттағы болып, екіге бөлінетіні белгілі. Атырауда негізінен еділбай тұқымдас қойлар өсіріледі. Мұндай қойлардан алынатын биязы жүн көрпе-жамылғы жасауға жарамсыз. Осы мәселелерді кезінде Үкіметке де, министрлерге де жеткіздім. Тіпті,

фабрикаға жүн тапсырған қожалықтарға субсидия бөлу де ұсындым. Бірақ нәтиже болмай тұр.

Зауыт тоқырағалы бері 10 адаммен жұмыс істеп келдім. Тапсырыс болса, шикізатты әзірге көршілес елдерден алдырып-ақ, жұмысты ұйымдастыруға болатын еді. Мен мемлекеттен қаржы сұрамаймын. Бізге Қазақстандағы баламасы жоқ жалғыз зауыт ретінде кепілдендірілген тапсырыс керек. Кезінде әскер, ауруханалар, лагер, балабақшаларды табиғи жүннен жасалған

көрпе-жамылғылармен қамтамасыз етеміз деген мақсатпен ашылған фабрика қазір ішкі тендерлерге де қатыса алмай отыр», – дейді зауыт директоры Назгүл Есмаханова.

Кезінде жарнамасы жер жарып, қазіргі уақытта тұралап тұрған фабриканың жайымен Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Марат Қарабаев таныс болып шықты.

Атырау облысына жұмыс сапары кезінде министр Жүн өңдеу фабрикасының жұмысын қайта жандандыру мақсатында ең төмен қайта берсе беру мәселесін қарастыруға мемлекеттің дайын екенін де айтты.

«Жүн өңдеу фабрикасы ашылар алдында «Атырау» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясынан қарыз алды. Бірақ жұмысын жүргізе алмады. Егер оны қайта жандандырамын десе, мемлекет әртараптан қолдауға дайын. Өйткені елімізде 40 мың тоннаға жуық жүн жиналады. Оның көбі жойылады немесе қояққа тасталады. Осындай жағдайлы болдырмау үшін өнеркәсіпті қолдау қоры жүнді өңдеу және тоқыма бұйымдарын жасау үшін 3 пайыз несие береді. Басқа жана жобаларға 7 пайыз қарастырылған. Осылайша, жеңіл өнеркәсіпке осындай мүмкіндік беріп отырмыз. Бұл – мемлекет тарапынан көрсетілетін базалық көмек», – деді министр Марат Қарабаев.

«Атырау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» АҚ басқарма төрағасының орынбасары Нұрлан Қаппазовтың айтуынша, қазір тұралап тұрған фабриканы жандандыру мақсатында әлеуетті инвестор іздетірілуде.



Көктем ҚАРҚЫН

Жақында әлеуметтік желіде Англияда қарға қуған қазақтың видео жазбасы тарап кетті. Сағатына 6 мың тенге, сонда бір күнде он екі сағат жұмыс істеп, 72 мың тенге алады екен. «Бәріне қайырлы таң, Англияда сағат таңғы бес жарым. Қолымда мынадай зат бар, бүгін — алғашқы жұмыс күнім. Менің жұмысым — мынау үлкен алаң, бірақ бұл жерде не өсетінін білмеймін. Тек осы жердегі қарғаларды қуамын. Сосын сөмкемде жарылғыштар да бар, соларды атып жүремін. 12 сағат жұмыс істеп, сағатына 6 мың тенге аламын. Сонда бір күнде 72 мың тенге табамын. Қарғаларды қуу — күлкілі, бірақ күшті жұмыс», — дейді ер адам.

Оқырмандар ер жігіттің еңбеккерлігіне тәнті болып, Англияға барудың жолын сұрап жатты. Қазір Ұлыбританияға ауыл шаруашылығы саласындағы жұмысқа барушылар көбейген. Бұған дейін қазақ жастарының біразы Англияда құлпынай терумен айналыса, енді олар үлкен алқаптардағы қарғаларды үркіту жұмысына кіріскен. Желіде көптің назарына іліккен видеода қазақ жігіті дәл осындай тәжірибесімен бөліседі. Біз мақалаға кейіпкер іздеп отырып, телеграмдағы «Англиядағы жұмыс» чатына қосылдық. Чатқа шамамен 10 мыңдай адам жиналыпты. Жартысы Тұманды Альбионда жұмыс істеп жүрсе, жартысы сол жаққа баруды жоспарлағандар екен. Олар бұл жолды өздері тандаған. Ешкім күштеген жоқ. Бәрі жарқын өмірге қол жеткізуді, ел қатарлы жағдайларын жасауды армандайды.

— Англияға келу үшін арнайы агро бағдарламаға тапсырдым. Келіп кету жолымды және керек-жарақтарымды өзім алдым. Шығымым шамамен 500 мың теңгедей болды. Мұнда жұмыс істеуге адамдар әртүрлі себептермен келеді. Фермаға, жұмыс маусымына байланысты жалақылар да әртүрлі. Кейде 12 сағат, ал кейде 6 сағат жұмыс істейміз. Қазақстанда 200 мың тенге айлық алатынмын. Жарты жылда қыруар қаржы таппаймыз. Шамамен 4 миллиондай таза пайда үйге апарамыз. Тек жұмыс істеп қоймай, арасында басқа елдерді де аралап үлгерудеміз. Қарға қуып, тек 1 апта жұмыс істеп жүрдік. Негізі, мұнда жұмыс ауыр. Қазір қоймаға ауыстым. Өнімді қораптарға салып отырамын. Жалқау адамдар жұмысқа шыдамайды. Қашып кетіп жатқандар да бар, — дейді Бекболат Садыр.

ЖҰМЫС ІСТЕУҮШІН ТІЛ БІЛУ
МАҢЫЗДЫ ЕМЕС

Жалпы, азаматтар Англияға заңды түрде Tier-5 Seasonal worker визасымен барып, бұған дейін де жұмыс істеп жүрген. Тек биыл Ұлыбританияның ТМД елдерінен еңбек иммигранттарын тартуға бөлген квота саны өскен. Себебі елдің Еуропалық Одақтан шығуына, пандемияға және Украинадағы ахуалға байланысты Шығыс Еуропадан британдық фермаларда жұмыс істейтін маусымдық жұмыскерлер саны едәуір азайған. Сондықтан 2022 жылы жергілікті үкімет басқа елдерден, соның ішінде ТМД елдерінен Ұлыбритания аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін еңбек иммигранттарын тартуға 38 мың квота бөлген. 2019 жылы — 2 500, 2020 жылы — 10 000 және 2021 жылы 30 000 квота бөлінген, сондай-ақ 2023 жылға еңбек иммигранттарын тартуға 45 мың квота белгіленіпті.

— Ұлыбританияға Tier-5 Seasonal worker визасымен бардым. Бұл виза уақытша 6 айға жұмысқа баруға беріледі. Жұмысқа Concordia, AG Recruitment деген компаниялармен бардым. Concordia Англияда 1943 жылдан бері жұмыс істейтін организация. Кезінде Англияның жастары фермаларда практикадан өткен болатын. Қазіргі заманда фермаға жұмыскерлерді шет елден алып жатыр. Визаға тапсыру үшін

COS — спонсорлық нөмірі керек. Concordia спонсорлық нөмір береді, соның арқасында визаға тапсырған кезде банкеттегі есепшотта қанша ақша бар екенін тексермейді. Жұмысқа орналасу тегін, өйткені бұл мемлекет арқылы қаржыландырылған бағдарлама. Өз қалтамын шығын тек билет пен визаға төлеуге ғана кетті, — дейді Әсел.

Seasonal Worker visa (Temporary Work) бағдарламасы өзге елдің азаматтарына көңіс пен баубақша секторында, жалпы және бастапқы өндірістік жұмыс және бақылау жұмыстарын орындау үшін ұзақтығы 6 айға дейінгі мерзімге дейін баруға мүмкіндік береді. Жұмысшылар көбіне өсімдіктерді күту, жинау, жылыжайларды салу және жинап алу, суару, күтіп ұстау, өсімдік шаруашылығы, жұмыс берушінің аумағында дақылдарды буып-түю сынды жұмыстарды атқарады.

— Бұрыннан шетелге шығып жұмыс істеп көргім келетін. 2021 жылы осы бағдарламаны көріп ойланбай тапсырдым. Жұмысқа кіру үшін әңгімелесуден өту керек. Ауыр жұмысқа төзімділік, ешқандай ауырсырқатыңыз болмауы қажет. 18 жастан бастап 48, кейбір агенттіктер 53 жасқа дейін алады.

Сіз Қазақстаннан кетпей тұрып қандай фермаға баратыныңызды оқып, келісім-шартқа қол қоясыз. Сол фермадан басқа жерге істеуге болмайды, ферма жағдайы ұнамааса агентке айтып, басқа фермаға ауысуға өтініш толтыруға болады. Бірінші жылы Қазақстаннан 9 адам болып бардық, бізді аэропорттан трансфер, мини автобус күтіп алды. Фермаға дейін жеткізді.

Ағылшын тілін білсеңіз өзіңізге жақсы, өйткені трактор жүргізуге немесе супервайзер болуға болады. Ал былайша орыс тілін білсеңіз — жеткілікті, — дейді Англияға бірнеше жыл катарынан жұмысқа барған Әсел.

Ол бірінші жылы барғанда 1 ай құлпынай теріпті. Сосын буып-түюмен айналысатын цехқа ауысады. Аптасына 180-300 мың тенге арасында табыс табады. Сонда



1 айда 700 мыңнан 1 миллионға дейін айлық алыпты.

— Мен ақшамды несиелерімді жабуға, ел-жер көруге жұмсадым. Депозитке де жақсы қаржы салдым. Бірақ ол әлі үй алуға жеткіліксіз. 6 ай виза біткен соң Англияда қалып қоятындар да бар. Бірақ маған заң бұзған ұнамайды. Мен 6 ай ішінде Қазақстанға қайтамын, сосын 6 ай өткен соң өзім істеген фермадан тағы да шақырту келеді, солай бұйырса үшінші жыл бара жатырмын. Осы жолы «сапа бақылаушысы» болып жұмыс істеймін. Бір кезеңде 10-12 адам жұмыс істейді. Супермаркетке кететін тапсырыстың сапасын тексеремін, құжаттарын толтырамын. Ағылшын, орыс тілін білгендіктен осылай көтеріді, — дейді Әсел.

Тұманды Альбионда тер төгіп жұмыс істеп жүргендердің бірі — Дулат Жанұзақов. Ол бастапқыда Англияға келу үшін бір агенттіктің қызметіне жүгінген. Олар көмек бергені үшін 220 мың тенге сұрайды.

— Бірақ мен 10 мың тенге ғана беріп, ары қарайғы жұмыстарымын барлығын өзім істедім. Негізі, бұл бағдарламамен әр адам өз бетінше келе алады. Ешқандай қиындығы жоқ. Арнайы сайттарға кіріп, өтініш қалдырып, анкета толтырдым. Англияда жұмыс істеу туралы ой он бір ай бұрын, былтыр тамызда келді. Бір танғысым-

Бұрын қазақ жастары арман қуып Ұлыбританияға баратын. Тұманды Альбионда білім алып, абыроймен елге оралатын. Биыл да Ұлыбританияға аттанғандар арасында жастар көп. Бірақ олардың мақсаты — басқа. Бірінің басында берешек қарызы болса, енді бірі көлік алып, баспаналы болуды армандайды. Күнкөріс қамы үшін отанынан жыраққа қырыққабат теріп, қарға қууға, құлпынай жинап, саңырауқұлақ тасуға мәжбүр. Біз Ұлыбританиядағы жастармен хабарласып, еңбек күшінің өлден кетуінің себебін зерттеп көрдік.



Қарға қуған ҚАЗАҚТАР

нан осы бағдарлама жайлы естідім. Англияда жұмыс істеп жүрген достарымнан сұрастырдым. Өтініш жібергенде қай жерде тұратының, қандай жұмыс істейтінің бәрі белгілі болады. Ферманың қасында қарауан деген вагон сияқты кішігірім үйлер бар. Төрт алаң тұрады. Ішінде барлық жағдайы жасалған. Бірақ біз қарауанда емес, үйде тұрып жатырмыз. Қазір қырыққабат өсіретін фермада жұмыс істеп жүрмін. Мұнда Брюссель қырыққабаты, түсті орамжапырақ, брокколи сияқты неше түрлі қырыққабат түрлері өседі. Соларды егіп, беттерін тормен жауып, кейін қайта ашамыз, өнім піскенде оларды жинаймыз. Айына орта есеппен 700 мың тенге табамыз, — дейді Дулат Жанұзақов.

Оның айтуынша, жұмыс істеу үшін тіл білу міндетті емес. Себебі ферманың жетекшілері орысша біледі.

— Біздің елде айына 700 мың тенге табытын жұмыс жоқ. Сондықтан да жастар шетелде жұмыс істеуді таңдайды. 18 жасқа толған кез келген азаматқа Англияға келіп көп табыс табуға болады. Елге барғаннан кейін ипотекаға үй алуға немесе көлік алуға болады. Біреулер үлкен өмірге бастапқы жарна жинау үшін келсе, енді біреулер ел көру үшін келеді. Мен басымдағы несиені жабу үшін Англияда жұмыс істеп жүрмін. Жұмысқа уақытша келетіндер де, осы жақта қалып қойып 2-3 жыл жүргендер де бар. Біздің фермада 80-90 адам бар. Соның 75 пайызы — қазақтар. Қазір жұмысшыларға сұраныс жоғары, — дейді Англияда жүрген отандасымыз.

АЛАЯҚ АГЕНТТІКТЕР
ҚАПТАҒАН

Қазір Tier-5 жұмыс визасын беруге Ұлыбританияның кеңейтілген маусымдық жұмысшыларды жалдау схемасы бойынша жұмыс істеу үшін үкімет іріктенген төрт ірі рекрутменттік компания бар. Олар: Concordia, Pro Force Limited, Fruitful Jobs және AG Recruitment and Management Ltd. Бұл компаниялар барамын деушілерге тегін қызмет көрсетеді. Бірде-біреуіне ақша төлеудің қажеті жоқ. Алайда ақша жүрген жерде алаяқтардың да жүретіні — заңды құбылыс. «Англияға жетіп, миллион тенге табыс табамын» деп жүрген азаматтардың біразы осы алаяқтардың құрбаны болып та үлгеріпті.

— Жұмысқа бару үшін ешкімге 1 миллион тенге ақша төлеп керек еместігін айтқым келеді. Қазақстанда делдалдар мен алаяқтар қаптап кетті. Тегін сайттарға кіріп, әр адам өзі өтініш қалдыра алады. Ал делдалдар тура сол сайтқа өтініш тастап, аудан 1 млн тенге тауып отыр. Сонда жұмысқа барған адам 1-1,5 ай тегін жұмыс істейді. Өзің тапсырып барсаң шығын 500-700 мың тенге ғана кетеді. Билетке, визаға 150 мың тенге, алғашқы уақытқа ұстағанға — 100 мың тенге. Оған қосып алаяқтар мен делдалдарға 1 млн төлеп жатқандар да бар. Тіпті, кейбірі не жұмысқа бара алмай, не ақшасын қайтара алмай жүр, — дейді Әсел.

Самал Мырзабай да агенттік-делдалдар көмегіне жүгінудің қажеті жоқ екенін айтты. Ол бұл бағдарлама жайлы 2020 жылы алғаш рет біліпті.

— Алдын ала келісімшарт бойынша фермада құлпынай теріп жүрмін. Айлығы — әркімі. Егістік болғанына қарай. Орташа 500-800 мың тенге арасында. Орыс тілін білу міндетті. Ағылшын тілін білсеңіз де көмектеседі. Қарға қуып жүрген жігітке келсек, 6 ай бойы қарға қуумен айналыспайды. Ол жігіт бір онай жұмысты түсіріп қалған. Негізі, жұмыс өте қиын және психологиялық, физикалық табандылықты талап етеді. Біріншіден жастар лайықты табыс тапқысы келеді, екіншіден ел-жер көргісі келеді. Қазір Ұлыбританияда фер-



ТМД елдерінен Ұлыбритания аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін еңбек иммигранттарын тартуға бөлінген квоталар саны:

2019 жылы — 2 500 квота
2020 жылы — 10 мың квота
2021 жылы — 30 000 квота
2022 жылы — 38 мың квота
2023 жылы — 45 мың квота



маларда тек жастар емес, 40-50-дегі ағаларымыз да жеткілікті. Агенттіктерге алданып қалғандар өте көп. 700 мыңдап ақшасын қайтара алмай жүргендер бар. Мемлекет тарапынан, ИМ тарапынан агенттіктерге қарсы бақылаушы керек деп ойлаймын, — дейді Самал Мырзабай.

Айта кету керек, Англияда жұмыс істеп ұзақ уақытқа қалып, заңды бұзатындар да, фермадағы жұмыстың қиындығына төзбей, егіс алқабынан қашып кететіндер де бар екен. Олар осы арқылы Қазақстанның имиджіне кір келтіреді. Себебі қазақстандықтар фермадан қашып кеткені үшін кейбір ресми рекрутменттер Қазақстаннан жұмысшы алудан бас тартыпты.

ЭМИГРАЦИЯҒА
ИТЕРМЕЛЕЙТІН ФАКТОР —
ЖАЛАҚЫНЫҢ АЗДЫҒЫ

Жалпы, жұмыс күшінің шетелге кету мәселесі бұрыннан бар құбылыс. Еңбек миграциясы — мемлекеттің инвестициялық ахуалына, халықаралық аренадағы рейтингіне кері әсерін тигізетін нәрсе. Мемлекеттен жұмыс күші неғұрлым көбірек сыртқа ағылса немесе білікті кадрлар басқа мемлекетке барып жұмыс істейтін болса, ол мемлекеттің ішкі жұмыс күштерін қамтамасыз етуге мүмкіндігі жоқ дегенді білдіреді. Әрине, Өзбекстан мен Қырғызстанға қарағанда біздің жағдайымыз әлдеқайда жақсы, бірақ кейінгі уақытта Оңтүстік Кореяға,

Түркияға, Ұлыбританияға кетіп жатқан жұмыс күшінің көбеюі біздің мемлекет үшін қуанарлық тенденция емес. Мемлекет ішкі еңбек ресурстарын өзінде қалдырып, өз экономикасына жұмсауға мүмкіндігі болса, онда, ол жақсы көрсеткіш болып есептеледі. Әлеуметтанушылардың пікірінше, бұл мемлекеттің денгейде қаралуы керек мәселе.

— Өкінішке қарай, қазір Қазақстаннан көпшілік жастар мүмкіндік тауып шетелге уақытша қоныс аударып, жұмыс істеп жүр. Бұл еліміздегі жалақы мөлшерінің төмен екенін көрсетеді. Инфляцияға байланысты жалақы мөлшерін қанша өсірсе де, мемлекет тарапынан жасалып жатқан шаралар да эффектісінің төмен екенін көрсетті. Қазір қарапайым халық табысының 60 пайызын азық-түлік алғанға жұмсайды. Қалған 40 пайызын жүріп-тұрғанға, балаларының оқуына жаратады. Сол кезде халықтың ақша жинауға, ары қарай бір мүлік сатып алуға жағдайы жетпейді. Сондықтан да жастар жаппай шетелге жұмысқа кетіп жатыр, — дейді әлеуметтанушы Шыңғыс Төрезов.

Оның айтуынша, тек осы мүмкіндікті байқап, пайдаланғандар ғана Англияда жұмыс істеп жүр. Біреуі барып келеді, сөйтіп екіншісіне айтады. Ал Оңтүстік Кореяға барып жұмыс істейтін арнайы виза бізде қарастырылмаған. Сонда да жастар Оңтүстік Кореяға барып, ұсталғанша жұмыс істеп келеді. Жинаған ақшаларына көлік, үй алады.

— Жастардың шетелге кетуіне инфляция әсер етіп отыр. Соның салдарынан азаматтардың шығындары екі есе артты. Табыс табу үшін шетелге қара жұмыс істеуге барады. Бұл қуанарлық жағдай емес. Бизнес тарапынан, үкімет тарапынан ұсынылып жатқан жұмыстың өтемақысы өте төмен. Еңбек нарығында ұсынылып отырған жұмыс көп. Бірақ жалақысы аз. Сол жалақыны арттыру үшін жастар шетелге кетіп жатыр. Бұл — негізгі әсер етуші фактор. Жастардың шетелге жұмысқа кетуіне басқа факторлар да әсер етуі мүмкін. Бірақ бізге негізгісімен жұмыс істеу керек, — дейді әлеуметтанушы.

Мұны Англияда жұмыс істеп жүрген Әсел де растады. Ол ағылшын тілі пәнінің мұғалімі болса да, Қазақстанда жұмыс істегісі келмейді.

— Қазақстанда еңбек ресурсы бағаланбайды, жастар тек қана Англия емес Оңтүстік Корея, Еуропаға да кетіп жатыр. Былай айтқанда, жұмыс күшінен айырылып жатырмыз. Англияда таңертен жұмыс басталып, кешке біткенде сағатты қарайды, айлық алғанда минут, секундтыңа дейін есептеп береді. Қазіргі күреспен алғанда сағатына 6 000 тенге төлейді. Қазақстанда бір ауысым 12-14 сағат жұмыс істеп, күніне 10 мың тенге аласын. Жұмысқа ерте кел дейді, кеш қайтарады. Сол кездегі артық істеген минуттарды ешкім есептемейді. 6 ай келісімшартпен жұмыс істеп бітірген

соң, елге қайтарда маған айлықтан бөлек 1100 фунт стерлинг демалыс төлемі түсті. Ол — 620 мың тенге. Қазақстанда ешқашан демалыс үшін төлем алып көрмеппін, — дейді Әсел.

Ұлыбританияның Ішкі істер министрлігінің ақпаратына сәйкес, 2022 жылдың қаңтар-маусым аралығында Қазақстанның 1 655 азаматы маусымдық жұмысшы ретінде тартылған. Қазір бұл көрсеткіш артпаса, кеміген жоқ. Жұмысшыларға аптасына кемінде 30 сағат жұмыс істеуге болады және сағатына 10,1 фунт стерлинг төленеді. Бұл 2023 жылғы 15 шілдесіндегі Ұлттық банктің бағамы бойынша 5 835 теңге.

Айтпақшы, біз Сыртқы істер министрлігіне хабарласып, Англиядағы қарға қуып жүрген қазақтарға қатысты пікір сұрадық. Бірақ министрлік өкілі бұл видеоның Англияда түсірілгеніне күмәнмен қарады.

— Тура осылай біздің елде немесе басқа елде видео жазып шығаруға мүмкіншілік бар. Адамның түрі көрсетілмеген, — деді Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Айбек Смадияров.

Бір кезде ұлы даланы дүрліктіріп, қыран қазақтар қазір Ұлыбританияның алқабында қарға қуып жүр. Еріккеннен емес, күйбегі тірліктен баз кешкендіктен. Жақсы жалақы тауып, жарқын өмірге ұмтылғысы келеді.

Қарға қуса да, қаражат тапқан қазаққа кіно арта аламыз ба?!

Быттыр Жамбыл облысында «Әулиеата жастары» тұрғын үй бағдарламасы жанданып, жастардың баспаналы болуына жол ашқан еді. Жергілікті бюджет есебінен қаралған 500 миллион теңгеге 40 жас қоныс тойын тойлап, бақытқа кенелген. Бұл – әрине, пилоттық жоба үшін үлкен олжа. Алайда быттыр өтінім берген жастардың барлығы бірдей баспана кілтіне қол жеткізе алмаған. Сондықтан олар биыл жалғасын тапқан жобаға үміт артып отыр.

Жамбыл облысы әкімдігі Жастар саясаты мәселелері басқармасы берген ақпаратқа сүйенсек, быттыр бағдарламаға үш лекте 831 қатысушыдан өтінім келіп түскен екен. 73 азамат өтініштерді қабылдаудың соңғы күніне дейін өтінімдерін қайтарып алыпты. 21 өтінім қайталанғаны анықталған. 737 жастың өтінімі бағдарламаға қатысушылардың өтінімдерін қарау және бағалау жөніндегі комиссияның қарауына ұсынылған. Нәтижесінде, 93 жасқа «Отбасы банк» АҚ-на жолдама берілген. Оның ішінде 40 жас бағдарлама аясында баспаналы болса, 51 үміткер түрлі себептермен төлем қабілеттілігін растай алмаған, бір қатысушының өтінімі банк қарауында жатыр.

Биыл Жамбыл облысы әкімдігі мен «Отбасы банк» АҚ ЖОФ арасында 2023–2025 жылдарға арналған «Әулиеата



ЖАМБЫЛ ЖАСТАРЫНА

жаңа мүмкіндік

жастары» тұрғын үй бағдарламасын іске асыру бойынша тағы келісім жасалған. Осы мәміле негізінде бағдарламаға денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет, спорт, журналистика және дін саласының қызметкерлері қатысуға мүмкіндік алып отыр. Ал ең бастысы, биыл бағдарламаға 2 миллиард теңге қаражат бөлінген. Оның 1 миллиард теңгесі жергілікті бюджеттен болса, 1 миллиард теңге – «Отбасы банк» АҚ тарапынан. Бұл қаржыға жобамен 140 жасты баспанамен қамту жоспарлануда.

– Быттырмен салыстырғанда биыл бағдарлама талаптарында бірқатар ерекшелік бар. Біріншіден, қарыздың ең жоғары сомасы 13 миллион теңгеден 15 миллион теңгеге өсті. Екіншіден, еңбек өтілі бойынша биыл балл қойылмайды.



Сондай-ақ қатысушының банкке енгізген бастапқы жарнасының сомасы бойынша балл белгіленбейді. Үшіншіден, заңды некеде тіркелген әр жыл үшін бір балл беріледі. Сонымен қатар отбасындағы әр бала үшін 1 балдан қойылады. Тағы бір ерекшелік, төлем қабілеттілігін растау үшін «Отбасы банкке» құжат жинақтау уақыты 10 жұмыс күнінен 20 жұмыс күніне ұзарды. Бұдан бөлек, төлем қабілет-

“

Тағы бір қуанышты хабар, биыл бағдарламаға қатысушылар қосымша сала қызметкерлерімен толығып отыр. Мәселен, білім саласы бойынша, жекеменшік балабақшалардың тәрбиешілері де бағдарламаға қатысуға мүмкіндік алуда.

тілігін растаған күннен бастап бастапқы немесе қайталама нарықта тұрғын үй табу үшін берілетін уақыт 60 күнтізбелік күннен 30 жұмыс күніне өзгертілді, – дейді Жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Жомарт Зұлпыхар.

Тағы бір қуанышты хабар, биыл бағдарламаға қатысушылар қосымша сала қызметкерлерімен толығып отыр. Мәселен, білім саласы бойынша, жекеменшік балабақшалардың тәрбиешілері де бағдарламаға қатысуға мүмкіндік алуда. Сондай-ақ быттыр ғылыми-зерттеу институттарының ғылыми қызметкерлері ғана бағдарламаға өтінім бере алса, биыл жоғары оқу орындарының ғылыми қызметкерлері де бағдарламаға қатыса алады.

Дін саласына келсек, Діни зерттеу орталықтарының қызметкерлері бағдарламаға қосылды. Медицина саласы бойынша болса, биыл барлық аурухана, емхана, зерттеу, талдау орталықтарының бейінді қызметкерлері бағдарламаға қатысуға мүмкіндік алды. Мәдениет саласы бойынша, коммуналдық мемлекеттік мекемелердің негізгі сала қызметкерлері тізімге енгізілсе, спорт саласы бойынша коммуналдық мемлекеттік мекемелердің жаттықтырушылары бағдарламаға қосылып отыр.

Қазір бағдарламаға қатысуға өтінім қабылдау басталып кетті. Өтінімдерді қабылдау e-jambyl.kz платформасы арқылы 10–20 шілде аралығын қамтымақ. Өтініштерді қабылдау аяқталған күннен бастап 30 жұмыс күні ішінде әкімдік белгілеген тәртіппен бағдарламаға қатысушыларды саралауды жүзеге асырады. Одан кейін «Отбасы банк» АҚ ЖОФ-на жолдама береді. Қатысушы банкке іріктеуден өту үшін құжаттар топтамасын ұсынуға міндетті.

Міне, Әулиеата жастарын биыл осындай жағымды жаңалықтар күтіп тұр. «Үйі жоқтың, күйі жоқ» дейді қазақ даналығы. Сондықтан биыл 140 жас баспаналы болады деген үміт зор.

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

БАРНАУЫЛДА ҚАЗАҚ ӘНІ ШЫРҚАЛДЫ



Алтай өлкесінің Барнауыл қаласында Қарағанды облысы Тәттімбет атындағы академиялық ұлттық аспаптар оркестрінің «Ұлы Дала сазы» атты концерті өтті.

Тәттімбет атындағы академиялық оркестр әлемнің 40-тан астам елінде гастрольдік сапарда болып, әлемге танылса да Барнауылда Қазақстанның Сыртқы істер министрлігіне қарасты Отандастар қорының ұйытқы болуымен бірінші рет өнер көрсетті.

Концерттің өтуіне септігі тиген тағы бір ұйым – Алтай өлкесіндегі Қазақ ұлттық автономиясы. Автономия жетекшісі Мұрат Бекмұратовтың айтуынша, ұлттық әуендер бабалар рухын оятады. Бір жарым сағатқа созылған концерттің соңында қандастарымыз «Атамекен» әнін қосыла шырқады.

Тәттімбет атындағы академиялық оркестр мүшелеріне Алтай аймағының губернаторы Виктор Томенко, Алтай аймағының заң шығарушы органының төрағасы Александр Алексеевич Романенко, Барнауыл қаласының әкімі Вячеслав Генрихович Франк және Барнауыл қалалық думасының төрағасы

бекұлы бар зиялы қауым өкілдері жергілікті тұрғындармен тілдесіп, ұсыныс пікірлерін тыңдады.

Концерттің жабылу салтанатын түйіндеген «Отандастар» қорының президенті Абзал Сапарбекұлы өз сөзінде стратегиялық әріптес екі ел арасында саяси-экономикалық, инвестициялық ынтымақтастықпен қатар, мәдени-гуманитарлық байланыстар жоғары деңгейде екеніне тоқталып, осы концерт те халықтар арасындағы достық қарым-қатынасқа оң септігін тигізеді деп сенім білдірді. Жалпы, «Отандастар» қорының этникалық қазақтармен қатар, кезінде Қазақстанда туып-өскен, кейіннен өз тарихи отанына оралған бұрынғы отандастармен де жұмыс жүргізуге жауапты ресми мекеме екенін атап өтті.

Сондай-ақ қор басшысы Абзал Сапарбекұлы Алтай өлкесіндегі Қазақ ұлттық автономиясының жетекшісі Мұрат Бекмұратовты Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың төсбелгісімен және Алғыс хатымен марапаттады. Сонымен қатар бірқатар белсенді азаматтарға, атап айтқанда, Жанат Мырзахметұлына, Жанар Сүлейменоваға, Бақытжан Солтанғазинаға, Аида Русланқызы Бексұлтановаға «Отандастар» қорының Алғыс хаты және «Алғыс» естелік медалі табыс етілді.



БЕСҚАРАҒАЙЛЫҚТАР БАСПАНАЛЫ БОЛАДЫ

Бесқарағай ауданындағы 12 ауылда биыл 35 қоспәтерлі тұрғын үй салу жоспарлануда. Қазір аудан бойынша 10 қоспәтерлі тұрғын үй салынып, ішкі жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Оның ішінде 4 үй Бесқарағай, 2 үй Канонерка, 2 үй Глуховка, 1 үй Ерназар және 1 үй Қоянбай ауылында бой көтерді.



Ауданда салынған тұрғын үйлер толық аяқталғаннан кейін, үй кезегінде тұрған азаматтарға және де әлеуметтік осал топтардың өкілдеріне берілетін. Бұл мәселе Абай облысы әкімінің басшысы Нұрлан Ұранхаевтың жіті бақылауында.

«Бүгінде ауданымызда жаңа тұрғын үйлер бой көтеріп, көңілімізге қуаныш сыйлап жатыр. Өз басым Бесқарағай ауылының тұрғыны ретінде кезекте тұрмын. Осы салынған үйлердің бірінен жаңа үй кілтін аламын деген үміт бар. Айта кету керек, жанадан салынып жатқан баспаналардың сапасы өте жоғары. Осындай

жобалар көп болсын», – деді Бесқарағай ауылының тұрғыны Думан Кунгазин.

Абай облысы Бесқарағай ауданына тұрғын үйлерді салуға мемлекет тарапынан 890 млн теңге қаражат бөлінген.

«Аудан бойынша кезекте тұрған 276 тұрғынның 70-і жаңа үйлермен қамтамасыз етілмек. Жалпы, құрылыс жұмыстары биылғы қазан айында аяқталады деп күтілуде», – дейді Абай облысы Бесқарағай ауданының саулет, құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Сүнғат Назаров.



кесіп, жай орнына байлап қойған болатын. Қашарда бір жағын қолына алып, адымдай жөнеледі. Қаладан алысырақ бір сарайға барып, кісеннің екінші басын да кесіп, сол араға лақтырып тастайды. Біреулердің айтуынша, Құрманғазы қашар тұста кісенді жұлып аламын дегенде өзінің майқөшесінің бірін жұлып алады да қаша береді. Ол күні қалың шөптің арасынан ешқайда шықпайды. Кісен қиған жерлерін көйлек-дамбалынан жыртып алып орайды. Кеш бата Құрманғазы Жайықтың бойын төмен қуа жүре береді. Тан ата бір ауыл шетіндегі малшының үйіне келіп, өзінің мән-жайын айтады. Ол үйдің иелері Құрманғазыны тамақтандырып, басқалардың көздерінен тасалап, тығып ұстайды. Жарасына сормақта тартып, жақсылап байлап береді. Кішкене тыныққан соң, Құрманғазы домбыра алдырып, бірнеше күй тартарды. Ең соңғы күйінде қайғының үні шығады. Айналадағыларға Құрманғазы бұл күйдің «Кісен ашқан» екенін айтады...

Жайықты бойлап, көлігіміз жүйткіп келеді. Дәл осы жолда Құрманғазы атамыз абақтыдан жаяу-жалпы қашып шықты-ау деген



Көзі тірісінде елге келгенде үнемі Саясат дейтін ақсақалдың үйіне тоқтайды екен. Сол кезде өзі пайдаланған керуеттің қасындағы кілемше мен күніт-белікті кейін Саясат атаның ұлы орталыққа табыс етіпті. Көне жәдігерлерімен қатар, бес фото альбом да тұр. Бұл альбомдар кезіндегі Орал өңірінің тарихынан сыр шертеді. Мұның бәрін жинақтаған – ауыл тұрғындары.

Орталықта Ақұштап апа Жұбан аға туралы әдемі естеліктерін бөлісті. Әйгілі Желтоқсан оқиғасы кезіндегі Жұбан ағаның ерлігі туралы да айтып өтті.

«Жұбан ақынның ерлігі туралы «Ерлікті көзбен көрген күн» атты өлеңімде жазғанмын.

— Ұрпағыма халім бар не дер енді, Қорладыңдар бұл қазақ деген елді. Қыздарымды сүйретіп бұрымынан Ит таласын деп не едім немеремді?

Ақыниша айтсам, «ұлы елдің» бұл мазағын Менің дадам көтерді күллі азабын. Тың әсерімді иезерген бауырларың Тракторге таптамты қыр қазағын.

Оның да шыдады халқым менің, Берді емес не білігін, алтын кенің. Тұңғыш тұрсың алғашқы дәмін татып, Түсінбейсің замандас, салтын елдің.

Бір еместей өзіңмен жолым бүгін Мен айтсам паи етер сорымды кім, 70 жылдай, құрбым-ау, келесіңдер Пайдаланып қазақтың момындығын.

Деп үйреттің мәңгіртсің; бәрің надан, Тіл мен діннен айрылды елім, бабам, Кеше алаңда сабаған — сенің тегің, Ал таяқты жегендер менің балам...

Бірақ сол сәтте Жұбан ақынның жазған жок. Газеттердің өзі «сылап-сипап» беріп жатты.

«Біздің тілімізді алды. Оған да көндік. Сенімімізден айырды. Оны да көтердік. Менің халқыман тағы не қалайсындар?» деп ашық айтты. Батырлық қой. Мәскеу жіберген адамға олай сөйлейді деген ешкімнің ойында жоқ. КСРО депутаты жастарды қарапайым сөйлейді деп ойлаған ғой. Одан мұндай сөзді ешкім күткен жоқ. Колбин қыпқызыл болып кетті. Зал тегіс тынып қалған. Қол соғуға да қорқып тұрмыз. Үп еткен жел жоқ. Төбеден жай түскендей біз отырмыз. Бір сәтте біреу ақырын жерді тепкілеп, дыбыс шығара бастады. Барлығымыз жан-жақтан еденді теп-

Оралға бару көптен бергі арманымыз еді. Осынау бір өсем қаланың сұлу келбетіне тамсанып, көрікті кейпіне құмар едік. Суреттен көріп, сүйсінгеніміз болмаса, табанымыз тимеген қала. Сыртынан қанықып, ішкі өлеміне үңілмегеніміз барды. Құрманғазы мен Дина шыққан қасиетті мекен ғой. Мәншүктей батыры бар, Жұбан мен Қадырдай ақыны бар бұл өлкеге қалай мақтанса да жарасады.

Жайыраңған ЖАЙЫҚ АЗАДЫ...

Гүлзина БЕКТАС

Оралға келсек, ең бірінші іздейтініміз – Ақұштап Бактыгереева. «Ақжайықтың ақ шағаласы» атанған ақын апамның Алатауынан алыстап, туған өлкеге, Оралға қайта оралғанынан да хабардармыз. Ара-тұра қонырау шалып, әдебиеттің төңірегінде сырласатынымыз тағы бар.

«Ай, күні бар Жайықтың, Ақ таңы бар аралың, Айданы бар Жайықтың Әдидеген талайды», — деп өмір-бойы Жайығын жырлап келе жатыр. Ақұштап апа елден, бізді тосып отыр екен. Көлігіне отырғызып алды да, «шу, қарақұйрық» деп тартып кетті. Ақұштап

«Жайығымыз толып, көңіліміз марқайып қалды. Су болса, шаруаның да жайы түзеледі ғой» деп, ары қарай Құрманғазы туралы әңгімесін қайта жалғады. «Құрманғазы аталарың не көрмеді дейсің. Алты рет абақтыға қамалып, босап шыққан. Бір күні түрмеде жатқан Құрманғазыға анасы Алқа келеді. Баласының түрмеде өзінген түрін көріп, ұлының жағынан бір тартып жіберіпті. «Мен ұл тудым ба десем, ез туған екенмін ғой. Мына қас дұшпандарыңның алдында оныңды көрсетпе» деп, қапаста жатқан ұлына жігер беріпті. Сол кезде күйші қолына домбырасын алып, «Қайран, шешем» деп күмбірлете жөнелген деседі».

«Кісен ашқан» күйі де осы түрмеде тұса керек. Ол туралы Ахмет Жұбановтың жазғаны бар. Онда өнер зерттеу-

ой келеді. Кісен қажаған, кісенді жұлып аламын деп, еті қоса жұлынған, қан сарғалаған аяғын сүйретіп, бөзіп баралды. Қайда баралды, бағыт-бағдары да белгісіз. Бастысы, тор қапастан аман шықты. Тән жарасы жазылар, жан жарасын емдей ала ма? Сонында бар қайғысы, түрме азабы күй боп төгілді. Күй боп өрілді. «Кісен ашқан», «Түрмеден қашқан» күйлері — соның дәлелі.

СЫНАҚҚА СЫНБАҒАН ЖАН

Ақжайық ауданы. Бұрынғы Чапаев елді мекені. Ақұштап апа туған мекен. Бізді бірден аудандық орталықтандалырылған кітапханаға алып келді. Есік алдында еңселі ескерткіш орнатылған. Ол ескерткіш қазақтың көрнекті ақыны Сағынғали Сейітовтің 100 жылдығына арнап қойылған. Жұбан ақын мен Сағынғали Сейітовтің арасындағы рухани байланыс пен терең сыйластық талай жанға үлгі болды. Аудандық тарихи-өлкентану музейінде С.Сейітовтің тұтыңған заттарынан жасақталған жеке кабинеті ашылған. Музейде қаламгердің жылдар жүзінде жарық көрген кітаптары, фотосуреттері, жеке заттары, еңбегі мен қазақ кеңес әдебиетін дамытуға қосқан үлесі үшін алған грамоталары, медальдары қойылған.

Айтқандай, біз барған уақытта елге белгілі кәсіпкер Ләззат Сейткерееваның мерейтойын атап өтіп жатыр екен. Тура тойдың үстінде түсіпті. Ләззат апай Ақсуат ауылында тұрады. Орал – Атырау тас жол бойындағы «Салант» дәмханасы жергілікті жұртшылыққа жақсы таныс. Ләззат апайдың қиын тағдырын естіп, көзімізге жас үйірді. Нағыз қайсар рухты жан. Жолдасы екеуі алғаш кәсібін 1999 жылы бастаған екен. Күре жолдың бойында жаман вагонды сүйреп әкеліп, шағын дәмханасын ашады.

«Айналада дым жоқ. Зулап жатқан көліктер. Бос жатқан кең дала. Тіпті жарық та орнатылмаған. Халықтың кеңдігі шығар. «Мынау жаман вагон ғой» деместен, асханаға соғып, дәм тартып кететін еді. Шамның жарығымен жолдаушыларға тамақ беретінбіз. Жолдасымыз Ауған соғысының ардагері болғандықтан, жолдастарын еске алып жүрейін деп, дәмхананың атын «Салант» қойды. Алланың сынағы болар, 2008 жылы жолдасым жол апатынан көз жұмды. Екі ұл, бір қызымды жетіл-



апаның бір ойлағаны бар шығар деп, үнсіз отыра бердік. Қала сыртына шыққан соң ғана апам қатарылып, әңгімесін бастады.

«Орал шағын қала ғой. Оны аралау ешқайда қашпас. Сендерді Құрманғазы аталарың жүрген жолмен жүргізгім келеді. Өздерін білесіндер, қазақ даласын асқақ күйлерімен тербеген Құрманғазы аталарың Бөкей хандығы, қазіргі Жаңақала ауданына қарасты Жиделі деген жерде дүниеге келген. Әкесі Сағырбай өнерден алыс, қақ-соқпен ісі жоқ, қарапайым шаруа адамы болатын. Шешесі Алқа адуынды, бірбеткей, ер мінезді кісі болған. Той-томалақта күрескен палуан әйел атанған. Құрманғазы аталарың ерте жұрт назарына іліккен. Оны күй өнеріне баулыған әрі алғашқы ұстазы Ұзақ күйші болатын. Бала болса да, ұстазымен бірге ел аралап, талай-талай сайыстарға түсіпті. Сол замандағы небір атакты күйшілермен араласып, шеберлігін шындай түседі. Аяусыз азап пен сол заманның китүркі саясатына қарсы болған Құрманғазыны талай рет түрмеге де салды. Ол кісі жатқан түрме бар осы манда. Ескі түрменің орны сақтаулы тұр. Сыртынан өткен сайын «Құрманғазы жатқан түрме деп ел-жұртқа айтып өтемін» деп бір күрсініп алды апа.

Жайықты жағалай ұзыннан-ұзақ жол жатыр. Айнала көк-майса, жайқалып тұр. Биыл Жайыққа су мол жиылған секілді. Мал да қонды көрінді.

шісі: «Күндердің бір күнінде Құрманғазы амалдың жоқтығын біліп, қалайда қашуды ойлайды. Айсыз қаранғы бір түнде жұмыстан қайтып келе жатып, аяғы ауырып, тіпті жүргізбеген болып, Құрманғазы тұтқындар тобынан кейін қала береді. Қапысыны тауып, конвойдың біреуін қағып түсіріп, қаша жөнеледі. Қаранғыда күйшінің ізін жоғалтып алған конвойлар түрмеге қайтады. Оның алдында күндіз жұмыс үстінде Құрманғазы бағы Лавочкиннің шешесі берген болат араны ұлтарының астынан суырып, кісеннің бір жағын



Шағын дәмханадан басталған жұмысы ары қарай кеңейіп, ауылдағы ағайынды жұмыспен қамтып отыр.

КЕУДЕМЕ ӨЛЕН НҰРЫН ҚҰЙЫП ӨТКЕН...

Ақжайыққа барған Жұбан орталығына соқпай кетпейді. Есімі алты алаштан асып, «Мен — қазақпын!» деп жар салған ақынның есімі ұмытылмай-тыны сөзсіз. Академик Зейнолла Қабылов: «Жұбан — қазақ поэзиясындағы, әдебиетіміздегі ірі құбылыс. Ол — Оралдың ғана емес, қазақтың Жұбаны» деген екен. Сол қазақтың Жұбанына арнап, туған мекенінде орталық ашқанына да көп бола қойған жоқ. Бұл ғимарат Жұбан Молдағалиевтің 100 жылдығына арнап, кәсіпкерлердің тартқан сыйы екен. Жұбан орталығы төрт бөлмеден тұрады: кітапхана, рухания залы, ақын кабинеті, музей бөлмесі. Музейдің ішінде Жұбан ақынның қолданған заттары, кітаптары, кітапханасы әкелінген. «Мені білгілеріңіз келсе, менің жыр-дастандарыма үніл» деген ақын болмысын оның шығармаларынан табарымыз хақ.

P.S.

«Ақ Жайыққа барамын алып-ұшып, Жас жүректің жарқылы жсалын құшып. Сырым туған далаға сәлем айтад(ы) Жанарымнан тамшы жас ыршып түсіп».

Біз Жайықтан көрсек деген дүние көп еді. Соның бірі — Жұбан ақын туған мекенге ат басын бұру болатын. Ол арманымыз да орындалғандай. Ақжайық ауданы Жайық өзені жарып өтіп жатыр. Бір кездері Чапаев атанған мекеннен жалғыз Чапаев ескерткіші қалыпты. Оның өзі тал астында жасырылған. Есесіне, Молдағалиев ескерткіші қасқайып тұр. Кеше мен бүгінгі бейнесі секілді...

Біз осылай Жұбан туған мекенге барып бас иіп, тағзым етіп қайттық.

ЖЫРАҚТА ҚАЛҒАН БАТЫР ҰЛ

Екінші дүниежүзілік соғыстың аяқталғанына биыл 78 жыл толды. Содан бері қанша жыл өтсе де, әлі күнге есімдері аталмай қалған батырлар аз емес. Сондай асыл азаматтардың бірі – кеудесін оққа төсеп, соғыстан кейін де әскери қызметте болып, атағы да, абыройы да жат жерде қалған әкем Дүйсен Ибраимов деп ойлаймын.

Ол 1942 жылы Алматы облысы Кеген ауданы Қарабұлақ ауылында онжылдық мектепті аяқтап, 1943 жылы Воронеж майданының құрамына танкист болып қабылданады. Сол жылы «Курск шайқасы үшін» орденімен марапатталады. Әкем соғыс аяқталғанға дейін ең жауапты екі майданда – Бірінші Украин және Бірінші Беларусь майдандарында болғанын айтып отыратын.

Ол бірден соғыстың қайнаған ортасына түскен екен: майданға бара жатқанда олардың әскери эшелонның фашистік ұшақтар бомбалап, жанындағы бірнеше жігіт көз алдында қаза тауыпты. Олардың эшелондары Воронеж қаласына келеді. Қаланы қақ жарып ағып жатқан өзеннің бір жағалауында – немістер мен венгрлер,



екінші жағалауындағы авиациялық зауытта Кеңес әскерлері жайғасқан еді. Сол жерден Гитлер өзінің және одақтас әскерлерін Кавказға және Сталинградқа бұрып әкетті.

Архивтен және есеп карточкасынан алынған мәліметтерге сәйкес, подполковник Д.Ибраимов ең басында 1-гвардиялық танк армиясының танк бригадасы 11-танк полкіне қабылданады, онда ол Воронеж қаласы үшін болған шайқастың соңына дейін қатысады. 1944 жылға дейін ол Польшада, Сандомир плацдармында ауыр жарақат алады. Госпитальдан емделіп шыққан соң Орынбор командалық зениттік-артиллериялық училищесінде оқиды. Содан кейін офицер Ибраимов Берлинді басып алу үшін болған шайқаста артиллерия командирі ретінде соғысады.

Берлин үшін шайқаста ол Сталинградты қорғаған армия генералы Василий Чуйковтің басшылығымен 8-гвардиялық армияның 24-атқыштар дивизиясы 168-атқыштар полкінің құрамында шайқасады және «Германияны жеңгені үшін» жауынгерлік медалімен марапатталады.

Женістен кейін Германияда әртүрлі офицерлік лауазымдарға, сонымен қатар Силезиядағы көмір шахтасын күзету бастығы болып тағайындалады. 1948 жылы әкемді Қытай Халық Республикасының Қызыл армиясына көмектесу үшін жапон милитаристеріне қарсы соғысқа қатысуға Шығысқа жіберілді. Әскери білімі бойынша зениттік командир болғандықтан, ол әуе колоннасының әуе қорғанысы бастығы болып тағайындалады. Колонна Қазақстаннан шекара арқылы, одан әрі Суарға және Қытайдың шалғайында шоғырланған жерлеріне қарай жылжиды екен. Әкемнің айтуынша, сол кездері Қытай аумағында 600

мың қазақ, 10 мыңнан астам орыс және т.б. ұлттар өмір сүрген.

Әкем Германиядан 1953 жылы оралды. Осыдан кейін ол Алматыда замполит кавалерия полкінде қызметте болды. 1958 жылдың қыркүйегінде Ленин атындағы №1 Ленинград кешкі мектебіне оқуға түсті. Ал 1960 жылы маусымда Ленинград педагогикалық институтына Тарих факультетіне түсіп, 1964 жылы сәтті бітірді. 1963 жылдың желтоқсанында жетілдіру курстарына жіберілді, ал 1955 жылдың 20 желтоқсанында Тәжікстанның Чкаловск қаласына аттанды.

Үнемі әскери қызметте болғандықтан, ол соғыс туралы сөйлескенді ұнатпайтын, тек оны мектептерге, әртүрлі ұйымдарға кездесуге шақырғанда ғана еске алатын. Мен әкем Қырғызстанда әскери қызметте болғанда, Майлы-Сайда дүниеге келіпін. Әкем тау жотасында орналасқан уран кендерін игеру ауданының әуе қорғанысы бастығы болды. Содан кейін олар ұзақ уақытқа Тәжікстанның Чкаловск қалашығына көшіріліпті. Ол 30 мыңға жуық халқы бар жабық қала еді, уран өндірісімен айналысатын. Қала Мәскеудің қарамағында болған, тіпті балмұздақтың өзі Мәскеуден әкелінетін. 1968 жылы әкем Ташкенттегі Армия штабына ауыстырылды.

1970 жылдың 31 мамыры – әкемнің дүниеден өткен күні, бұл – менің өмірімдегі ең қаралы күн. Әкем жүрек талмасынан кайтыс болды. Жерлеу кезінде мен ұлыма оның есімін беретінді түсіндім. Өз елімде туып, жат жерде қызмет қылған әкемнің денесі 1970 жылдың 5 маусымында Тәжікстан жеріндегі Чкаловск қаласында жер қойнауында тапсырылды.

Міне, менің жалымда қалған әкемнің жарқын да батыл бейнесі осындай.

Естелік жазған ұлы
Юрий ИБРАИМОВ

Қызылордалық кәсіпкер кәдімгі құрт өнімін түрлі қоспалар арқылы түрлендіріп, өзгеше күйде тұтынушыларға ұсынып жүр. Ұлттық тағамды ұлықтап, тың кәсіптің көзін тапқан іскер жанның бұл өнімдері халықтың қызығушылығын арттырып, үлкен сұранысқа ие болуда. Қызылордалық кәсіп иесі Нұрсұлтан Қалмағамбет сүттен жасалатын өнімді ерекше әдіспен дайындауды көптен жоспарлап жүргенін айтады.

Кәсібін бастамас бұрын ұзақ ізденіп, ұлттық тағамды ерекше дәмдеуіштер арқылы тұтынушыларға ұсынудың тың тәсілдерін ойластырады. Осылайша, құрт тағамын шоколадпен араластыра отырып, ерекше өнім дайындауға кіріседі. Бүгінде арнайы цех жұмысын жолға қойып, тың әдіспен жасаған өнімдерін QURTELLA атауымен ел игілігіне ұсынып келеді.

«Біздің өнім – сырты шоколадпен қапталған сүттен жасалған табиғи құрт. Бұл кәсіпті өткен жылдан бері ойластырдым. Әлемдік тәжірибеге зер салсам, көптеген елдер өздерінің ұлттық тағамдарын заман талабына сай түрлендіре өзірлеп жүр. Осыдан кейін өзіміздің ұлттық тағамдарымызды да өзгеше етіп дайындау жоспарын ойлай бастадым. Бұл ұзақ уақыт ізденісті қажет етті. Шоколад пен құрттан бір-біріне үйлесім табатын ерекше дәмді ас дайындауды мақсат тұттым. Нәтижесінде, 2022 жылдың қараша айынан алғашқы өнімді шығара бастадым», – дейді ерекше кәсіптің иесі.

Негізінен, сүттен 35 түрлі тағам дайындалады екен. Соның ішінде құрттың адам ағзасына пайдасы орасан. Мамандардың пайымдауынша, құрттың құрамы түрлі минералдар мен дәрумендерге бай көрінеді. Сонымен қатар оны ұзақ уақыт сақтауға болады.

Кәсіпкер өзгеше дәмдеуіштер арқылы дайындаған өнімі алғаш сатылымға шыққаннан бастап халыққа ұнай бас-



Түрлі түсті ҚҰРТ

тағанын айтады. Арнайы қаптамада дайындалған ерекше дәмге деген сұраныс толастаған да емес. Соның нәтижесінде өнім көлемі артып, көл-көсір табысқа кенеліп отырғанын жасырмады.

«Бүгінде құрт өнімін алты түрлі дәммен дайындаймыз. Атап айтқанда, ақ шоколад, банан, алма, құлпынай секілді ерекше дәм татитын құрт шығарамыз. Бәрі де табиғи құрт дәмімен ерекше үйлесім тапқан. Осы орайда, бұл бизнес жоспарым небары 15 мың теңгемен басталғанын айта кеткім келеді. Мемлекеттен қолдау алған емеспін. Бәрін өз күшіммен жүргіздім десем болады. Кәсіпімді жолға қою оңай болған. Қазір Қызылорда облысымен қатар, Маңғыстау, Алматы, Шымкент қалаларына да өнімдімізді сатылымға жіберіп отыр-

мыз. Алдағы уақытта мемлекеттен қолдау алып, кәсібімізді бұдан әрі кеңейтсек деген ниетіміз бар», – деп алдағы жоспарымен бөлісті.

Қазір кәсіпкер дайын құртты шаруалардан сатып алып, оны ерекше әдіспен қайта дайындап жүргенін алға тартты. Кәсіпкер 5 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отырғанын да айта кету керек.

Дерекке сәйкес, көршілес Өзбекстан мемлекеті біздің ел үшін жылына тонналаған құрт жасап шығаратын көрінеді. Соған орай кәсіпкер алдағы уақытта құрт өндірісін де өзімізде жолға қоюды мақсат тұтып отырғанын жеткізді.

Ерекше кәсіптің ебін тапқан Нұрсұлтан өз жобасын заң шеңберінде патенттеп алғанын мәлімдеді. Осылайша, жоба авторы ретінде арнайы сертификатқа қол жеткізіпті.

Кәсіпін өркендету жолында аянбай еңбек етіп жүрген ол келешекте отандық өніммен еліміздің барлық аумағын қамтамасыз етуді көздеп отыр.

Ербакыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

«БОҚТЫ» – ХАЛЫҚТЫҚ КӨТЕРІЛІС

Бұрмаланған ақиқатты тарихшылар ғана емес жазушы, журналист, өлкетанушылар ашып, өткенді жаңа тұрпатта жаза бастады. Өткен ғасырдағы отарлаушылықтың ақиқаты толық ашыла қоймады. Ұлт азаттық көтеріліс деп тек 16 жылғы дүрбелеңді ғана айтамыз. Бүгінде 1920 жылдардың соңы 30 жылдардың басында бой көтерген «Боқты көтерілісі» де Ұлт азаттық көтеріліске жатқызылуы керек деген тұжырым айтылуда. Оған негіз де бар.

«Асыра сілтеу болмасын, аша тұяқ қалмасын» деген Голошекин басқарған қазақ даласында бірнеше болшевиктерге қарсы көтерілістер болды. Бір деректерде сол жылдары Кеңес саясатына қарсы 372 халық наразылығы болып, оған 80 мыңнан астам адам қатысқан делінеді. Сондай көтерілістердің бірақтары 1930 жылдары Семей өңірінде болды. Олардың қатарында Өскемен және Зырян көтерілістері, Шұбартау, Абыралы, Шығыстау көтерілістері және тарихи әлі толық зерттелмеген Боқты көтерілісі бар. Бұл көтеріліс Қарқаралы-Балқантау өлкесіне жататын, бұрынғы Қарқаралы уезі, Ақсары болысына қарасты №1 ауылында (1928 жылдан Қу ауд. №10 а.) өтті.

Боқты көтерілісі туралы ашық айтыла бастағанда, алғашқылардың бірі болып қолына қалам алып, зерттеуге кіріскен жазушы, этнограф Төрехан Майбас: «1931 жылғы 8 майда ашылған №02157 істің айыптау қорытындысында былай деп жазылған: «1931 жылы наурыздың ортасында мүлкінен айырылған ағайынды байлар Әбді Серіков, Әшкер, Мұқаш, Ыбырай және олардың балалары ауылда коллективтендіру тәрізді саяси шаруашылық науқанын жүргізу, тап ретінде байлар мен құлақтарды жою кезінде Қазақстанда Кеңес үкіметі құлайды деген өсек таратып, Қу және Қарқаралы аудандарының территориясында құрамында 500-600 адамы бар контрреволюциялық банды ұйымдастырған. Олар біраз ауыл кенестерін, колхоздарды, коммунистерді, қару-жарақты басып алып, Кеңес үкіметін құлатып, байлардың үкіметін құруды мақсат еткен», – дейді.

Халық көтерілістерін басу үшін 1931 жылдың 14 наурызы күні Қарқаралыда коммунистер мен комсомолдардан айрықша маңыздағы рота жасакталады. Үш взводтың әрқайсысында 20-дан атқыштар болған. Олар аудандық атқару комитетін, әскери комисариатты, аудандық партия комитетін, мемлекеттік банкті, сондай-ақ маңызды кәсіпорын ошақтарын тәулік бойы күзетті. Қолына «берденке», беліне наған байлаған милиция отряды өз алдына жеке. 22 наурыз күні ОГПУ, милиция және еріктілерден құралған бөлімше әскерлерінің біріккен тобы үлкен күшпен Боқты көтерілісшілерін қоршап алып, жан-жақтан жойқын шабуыл бастайды. Бірақ жер жағдайын жақсы білетін жергілікті қазақтар қоршауды бұзып шығып, Ақтоғай ауданының аумағына өтіп кетеді. Дегенмен кескілескен ұрыста көтерілісшілердің біразы қолға түсіп қалады. Енді Керегетас тауына бекінген топ қатарын Кеңес өкіметіне наразы жана адамдармен толықтырып, қарсылықты бұрынғысынан да өршіте түскен.

Сонымен қатар айтылмай қалған, бірақ ел аузында жүрген жайттар да зерттеушілердің қаламынан қағазға түскен.

«Токсаныншы жылдардың аяғында белгілі журналист Серікбай Алпысов «Орталық Қазақстан» газетінің бетінде «Қамбарлар көтерілісі» деген көлемді мақала жариялады. Соған орай редакцияға хабарласушылар көп болды. Сол келушілердің бірі Боқты көтерілісін басуға айырпанның қатысқанын айтып еді. Мұндай әңгімені белгілі жазушы, өлкетанушы Кәмел Жүністегі ағамыз да айтады. Ағамыздың айтуы бойынша бұл әңгімені әкесі Ыбыш Жүнісов айтқан екен. Ал Ыбыш әкеміз үлкен қызметтер атқарған адам. Ақтоғай, Шет аудандарының аудандық газеттерінде редактор болып қызмет істеген. Көптеген танымдық мәні бар жазбалар қалдырған» деп жазады Төрехан ағамыз.

Иә, бұл айтылған, жазылған дүние аты шулы көтерілістің, бір ғана эпизоды десек те болады. Анығында айтылар, ашылар ақтандықтың ауылы алыс емес...

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы



Соңғы уақытта Құдайға құлшылық етіп, бес парыздың бірі – қажылық сапарын орындамаққа ниет еткен отандастарымыздың қаңғып, қапасақа қамалып, ас-сусыз өбiгерге түскенi туралы ақпарат әлеуметтік желі бетін желдей ескен еді.

Наурызбек САРША

Бұған себеп Zam-Zam Qazaqstan туристік фирмасының заңсыз жолмен 120 адамды жинап, Сауд Арабиясына апарғандығы болып отыр. Ақыр соңы қажылық парызын өтеп жүрген кезде еліміздің азаматтарын сол елдің полициясы ұстап, екі күн бойы автобустан шығармай, тексергендігін, тамақ ішуге де, тіпті әжетханаға баруға да рұқсат бермегендігін, тек келесі күні сол елдегі Қазақстан елшілігі қызметкерлерінің араласуымен ғана олар босатылып, елге қайтқандығын оқып білдік. Бұл мәселеге Мемлекет басшысы да назар аударып, жауапты болған мамандарға тиісті шара қолдануын тапсырған болатын. Одан кейін Сыртқы істер министрлігінің ресми өкілі Айбек Смадияров жаңа деректерді жариялап, қазақстандық турагенттік Сауд Арабиясына қажылық жасамақ болған 306 азаматты туристік визамен апарғанын мәлімдеген еді.

Біз де осы ретте Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына сұрау салып, жалпы қажылық мәселесі бойынша азкем сұхбат құрған едік.

ҚМДБ Қажылық бөлімінің меңгерушісі Жанділлә Бекжігітовтің айтуынша, жыл басында өткен кезекті конкурс нәтижесінде биылғы қажылықты ұйымдастыруға лайықты 18 туристік фирма іріктеліп алынған. Олар – бұған дейінгі жылдары қажыларды қасиетті орындарға алып барған кезде өздерін оң қырынан көрсеткен, кемшіліктерге жол бермеген және қажылық маусымын отандастарымыз үшін қолайлы және жоғары деңгейде ұйымдастыруға қабілетті деп танылған туроператорлар.

– Сауд Арабиясының Қажылық және умра министрлігі қажылық квоталарын ерелдің саласына өкілетті мемлекеттік органдарына немесе ресми исламдық діни басқармаларға (мүфтият) ғана тиісті талаптар мен тәртіпке сай береді. Ал Zam-Zam Qazaqstan өкілдері қажылық квотаны тікелей Сауд Арабиясынан аламыз деп қажылыққа адам жинаған. Осылайша, заңды белшесінен басып отыр, – дейді ол.


Бір қызығы, аталған туроператор басшысы өзінің кінәсін мойындамақ түгілі, керісінше «ҚМДБ ер квотаны ақшаға сатады, ол жақта да паракорлық жайлаған» дегенді айтты. Бұл туралы Жанділлә Бекжігітов:

– Zam-Zam Qazaqstan өкілдерінің қажылық орындарын беруде «ҚМДБ паракор» деген мәтінде таратып отырған қауесеті жалған. Себебі қажылық орындарын Қажылық бөлімі емес, бұл салаға қатысы жоқ қоғам және дін қайраткерлері мен діни қызметкерлерден құралған арнайы комиссия мүшелері ашық конкурстық негізде «Үміткер туроператорларға қажылық орындарын бөлу туралы» ҚМДБ ересесінің талаптарына сай бөлінеді. Мүфтият бұл ақпараттың жалған екендігін және «Әкімшілік құқықбұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі №235-V ҚРЗ кодексінің 73-3 (жала жабу, яғни басқа адамның абыройы мен қадірі қасиетіне нұқсан келтіретін немесе оның беделін түсіретін көрінеу жалған мәліметтер тарату, көпшілік алдында немесе бұқаралық ақпарат құралдарын немесе телекоммуникациялар желілерін пайдалана отырып жасалған дәл сол іс-әрекет) «Жала жабу» бабына сәйкес Д. Илевтің үстінен сотқа шағым түсіретінін хабарлайды, – дейді.

Біз ғаламтордағы Zam-Zam Qazaqstan туристік компаниясының сайтында көрсетілген қызмет телефонына жазғанымызда, заңсыз әрекеттерінің әшкереленгеніне қарамастан, әлі де қажылық сапарларын ұйымдастырып жатқанын білдік. Ондағы менеджер умра сапарына 27 тамызға бос орындар бар екендігін, бағалары 1 300 доллардан басталатынын, сапалы қызмет көрсететінін айтты.

АЛЛА АТЫН ЖАМЫЛЫП АЛАЯҚТЫҚ ЖАСАҒАН

Қажылықты қаржы көзіне айналдырып, қоржынның компайтуды ғана мақсат еткен компаниялар тек Zam-Zam Qazaqstan ғана емес екен. Қажылық бөлімінің меңгерушісі Жанділлә Бекжігітовтің айтуынша, пайда табу мақсатында адамдарды заңсыз түрде қажылық сапарына апару – жыл сайын қайталанып келе жатқан келенсіздік. Биыл тек Zam-Zam Qazaqstan компаниясынан бөлек, Zulay Travel, Sultan Travel, Zamzam Company сынды туристік фирмалар да заңсыз жолмен Сауд Арабиясына адамдарды алып келген. Бір ерекшелігі, алғашқы



ҚАЖЫЛЫҚҚА АПАРЫП ҚАЛҒАСЫН ҚАҚҚАН

үшеуі қажылық барысында жергілікті құзырлы органдарға ұсталып қалып, адамдары қажылықтарын өтей алмай қалса, Zamzam Company қажылары ғана ұсталмай, құлшылықтарын толық өтеп шыққан. Мәселен, биыл қаңтар айында Алматы мен Шымкентте 50 шақты адамды Мекке мен Мәдинеге апарамыз деп ақшаларын алып, алдап кеткен «Кәусар-трэвел» атты турфирма, полицияның мәліметі бойынша, мыңға жуық тұрғыннан 33 миллион теңге алып, бірақ уәде еткен қажылыққа апармаған.

Жанділлә Бекжігітов қажылық визасы бар туркомпанияларға қарағанда туристік визамен апаратын компаниялардың шығыны едәуір аз болатынын айтады.

«Мысалы, биыл елімізден баратын 4 000 қажының әрқайсысына шаққанда сапар құнының бастапқы бағасы 5 500 доллардан басталды. Ал бейресми жолмен апаратын турфирмалардың ұсынған бағасы 6 000 доллардан басталады. Бірақ олар туристік визамен баратындықтан, ұшақ билеттері мен қонақүйлер арзанға түседі. Қажылық жасағаны үшін төленетін (1 000 доллардан аса) салықтан да бейресми туркомпаниялар жалтарып кетеді», – дейді ол.

КВОТА БЕРЕТІН КОМИССИЯ ДА КҮМӘНДІ

Қажылыққа қатысты ақпараттарды іздеу кезінде тағы бір мәліметке кез болдық. Сондағы көзімізге іліккені, 2020 жылы қаңтар айында Qamshy.kz сайтына шыққан «Нұр-Қазақстан» компаниясымен қажылық сапарға барған бір топ алматылық азаматтың аталған компанияға алданып қалғандығы жөніндегі мақала еді. Алданған қажылардың сөзінше, компания директоры Амангелді қажы Әбдіхалық қажылыққа баратын қазақстандықтардың қалтасын қағып, алаяқтық жолмен азаматтардан артық ақша алған. Олар «Нұр-Қазақстан» компаниясымен қажылық сапарға бару үшін олардың әрқайсысы компанияға 1 700 АҚШ долларынан төлеген. Ал Әбдіхалық сол ақшаға оларды 12 күндік қажылыққа апаруды уәде еткен, бірақ берген уәдесін орындамапты.

Алтыншы қаңтарда Алматы өуежайынан Дубайға ұшқан азаматтар Әбдіхалықтың тапсыруы бойынша, келен қызметкерлеріне қажылыққа емес, тек «Дубайға саяхаттап барамыз» деп өтірік айтқан. Олардың сөзінше, Амангелді қажы «Егер сендерден келенде шекарашылар сұраса, Дубайға барамыз деп айтындар, Меккеге демелдер», – депті. Бірақ кейін Әбдіхалық ашқызып берген визалары туристер

Сауд Арабиясының Қажылық және умра министрлігі қажылық квоталарын әр елдің дін саласына өкілетті мемлекеттік органдарына немесе ресми исламдық діни басқармаларға (мүфтият) ғана тиісті талаптар мен тәртіпке сай береді. Ал Zam-Zam Qazaqstan өкілдері қажылық квотаны тікелей Сауд Арабиясынан аламыз деп қажылыққа адам жинаған. Осылайша, заңды белшесінен басып отыр.

тік виза екенін білген. Айтуларына, виза аштыру үшін де олар «Нұр-Қазақстан» компаниясының директоры Амангелді қажы Әбдіхалыққа 150 АҚШ долларын төлепті.

«Мединеде төрт жұлдызды, Меккеде бес жұлдызды қонақүй болады, жағдайларының бәрі жасалады, өздерін ойлағандай құлшылық етіп келесіңдер», – деп уәдесін берген компания басшысының сөзіне сенген азаматтар Медине қаласында аялдаған қонақүйлері алдын ала уәде етілгендей төрт жұлдызды емес, ескі һәм жағымсыз иісі бар болып шыққанын айтқан. Аялдаған қонақүйлерінің қызмет сапасы көңілдерінен шықпай, басқа қонақүй тауып беруін талап еткенде, Амангелді қажы азаматтардың айтқан шағымна құлақпай, діни уағыздармен



қорқытқан. «Тәкаппарлық танытпай, қасиетті жерге келгенде барлық жағдайға шүкір етіңдер. Әйтпесе, шайтанның шақыруымен келгендей боласыздар», – деп қажылар уәжін тәкаппарлыққа тенеген. Қажылыққа барған азаматтар Амангелді Әбдіхалық олармен сапар барысында үш-ақ күн бірге болып, «Елбасының жиналысына мен қатыспасам болмайды. Елбасы мені жиналысқа шақырып жатыр» деген сылтаумен қаңтардың тоғызы күні Қазақстанға ұшып кеткен.

– Мына қызықты қараңыз: осындай алаяқтық жолмен қажылардың қалтасын қаққан компания биылғы қажылық маусымдағы квота алған 18 туроператордың тізімінде бар болып шықты. Сонда осындай заңсыз жолмен әрекет еткен компанияға ҚМДБ қалай квота бергендігі

ҚҰЛШЫЛЫҚТЫҢ «ҚҰНЫ» ҚЫМБАТ

Ғаламтордан қажылық сапарына барып-қайту құнын іздестіргенімізде, түрлі туркомпаниялардың әрқилы бағаларына жолықтық. Мәселен, kizmet.kz сайтындағы ақпараттарда қажылық сапар құны комфорт – 3 миллионнан жоғары болса, люкс пакеті 4 304 570 тг деп көрсетілген. Комфорт пакетінің ішіне: «Jabal Omar Marriott Hotel отелінде тұру (Аль-Харам мешітінен 2 200 метр қашықтықта); Мекке мен Мединеде тамақтану үшін арнайы бөлінген қонақүйлерде күндізгі екі мезгіл тамақтану; қажылық жасауға Сауд Арабиясы Корольдігінің визасы; қажыларды маршрут бойынша автокөлікпен қамтамасыз ету; Мекке мен Мединеде жұма намазын орындау мүмкіндігі, сонымен қатар 3 рет тегін умра жасау мүмкіндігі кіреді. Қажылықтың 16 күні қажылық рәсімдерін ыңғайлы өткізуге мүмкіндік береді. Қажылар тобына қазақ және орыс тілдерін меңгерген, қажылық пен умраны барлық рәсімдерін жақсы білетін және қажет болған жағдайда қажылардың іс-әрекеттерін үйлестіретін жоғары білікті рухани тәлімгер ілесіп жүреді» деп жазылған.

Сонымен қатар қажылыққа аттанарда VIP қызметін ұсынатын туристік компаниялар да бар екен. Осынау қызмет түрін алатындардың да қарасы көп екендігі белгілі болды. VIP қажылықтың қарапайым қажылықтан айырмашылығы – уақытының қысқа болуында. Мәселен, қарапайым қажылық кезінде жол жүру уақыты 20 күн болса, VIP қажылықта жеті күнге ғана созылады. Туристік агенттіктердің айтуынша, VIP қажылық бағасы 26 000 – 27 000 доллардан (шамамен 12 миллион теңге) басталады екен.

VIP қажылар Қағба мен қалаға қарайтын 120 шаршы метрлік президенттік көкестерде тұрады. Қағбаға көрініп тұратын корольдік люкстердің бір түні 1,3 миллион теңгеден асады. Одан бөлек, қонақүйлерде санаторийлер, қоғамдық моншалар мен спорт залдары бар екен.

ҚАДІРІ ҚАШҚАН ҚАЖЫЛЫҚ

Өзін мұсылман санаған әрбір шамасы жеткен адамның бес парызының бірі – қажылықты орындауы парыз саналатыны рас. Бірақ қазіргі қажылық – бизнес пен атакқұмарлықтың, саяхаттың түріне

айналып бара жатқан сияқты. Қажылық сапарға шығушы ең алдымен өз төңірегіндегі ел-жұрттың жағдайына болысып, жетім-жесірге қарайласып, ата-аналық, көршілік парызын орындауы қажет емес пе?! Бүгінгі қажылар осы үдеден қаншалықты шығып жүр? Мәселен, жоғарыда жазған «Нұр-Қазақстан» компаниясының директоры Амангелді Әбдіхалық 100 рет қажылыққа барғанына шүкір ету мақсатында «Аллаға шүкір» және «Шүкір» деген атаумен ұлан-асыр той жасағаны туралы кезінде ақпарат көздері жарыса жазған болатын.

Қажылық – адамның кемелдікке ұмтылып, Пайғамбардың ғибратқа толы ғұмырын сезініп, жол бойы әйгілі мешіт-медреселерден ілім үйреніп, көрген-білгендерін өз пайымдарымен бағамдайтын сапардың бірі. Осы қажылықтың қадір-қасиеті жөнінде әйгілі Мәшһүр Жүсіп қажыларға арналған деректі дастандар жазып, «Шоңтыбай қажы», «Жантемір қажы», «Ізбас қажы» деп сол кездегі қажылықтан көптеген дерек келтіреді. Мәшһүр Жүсіп бұл дастандарда Мекке-Мединеге барушыларды екіге бөліп қарастырған. Оның бірі – ақшасы мен атағына малынып, қалашы мен базаршы болып, зат алып, мээ бо-

лушыларда, екіншісі – шын ықыласымен Құдайға құлшылық етушілер.

Мәшһүр Жүсіп өз өлеңдерінде қажылықты мансап көрушілерді қатты сынаға алады.

«Дүниежүзі бұл күнде толып кетті, Біздерге өлең түстеніп қонып кетті. Ақырзаман бұл да бір ғаламатты, Жаннның бәрі қажеке болып кетті», – деп сол кезеңдегі ел ішіндегі қажылыққа бару сәнге айналғанын көрсетеді.

Бір қиссада парасатты ғалым әрі сопы Меккеде Харам Шәріпте қажылығын орындаған соң көзі ұйықтағанымен, көңілі ояу отырғанда, аспаннан екі періште келіп, біреуі екіншісіне: «Биыл әлемнің түкпір-түкпірінен келген 500 мың адам қажылық жасады. Бірақ бәрінің қажылығы Шамдағы бір аяқкіім жөндеушінің құрметі үшін қабыл болды», – дейді. Ғалым бұл халден оянаған соң таң-тамаша болады. Бәрін өз құлағымен естіп, сезіп тұр. Қайтар жолда керуенмен Шамға соғып, әлгі етікшінің елден сұрап жүріп, тауып алады. Оған: «Сен қажылыққа бармасаңда, тілегің қабыл болды. Жаратушының назары барша қажылардан асып, өзіне ауатындай қандай амал жасадың?» деп сұрайды. Сонда етікші: «Отыз жылдан бері қажылыққа баруды ниет еттім. Етік бүтіндеуден және ескі киімдерден 300 дирхам ақша жинадым. Жүкті әйелім: «Көршіден еттің иісі шығып жатыр, маған бір жапырақ ет сұрайсың ба?» деді. Көршіме барып ет сұрадым. Көршім жылап: «Жеті күннен бері балаларым аш. Жолда өлген жануар тауып алып, етінен аздап кесіп алдым. Соны қайнатып, оларды алдандырып жатырмын. Адал тамақ таба алмайтын болсам, мәжбүр соны жегіземін. Қаласан, берейін, бірақ осы қайнап жатқан ет бұларға өлімге қажындағандықтан адал, ал сізге харам», – деді. Мұны естігенде ішімнен бір нәрсе үзіліп кеткендей болды. Қиналып жатқан 300 дирхамды соған бердім де: «Ау, Аллам! Қажылық ниетімді қабыл ал!» деп мінежат еттім», – депті етікші. Сонда парасатты ғалым әрі сопы «Аллам маған түсімде шындықты аян еткен екен», – деді.

Міне, осы қиссада баян етілгендей, қажылықтың мәні елдің мұңын мұңдап, жоғын жоқтап, жетім мен жесірге пана болып, ағайын-көршісіне қамқор бола білген жан ғана қажылық сапарға баруына рұқсат. Ендеше біздікі не дарақылық?! Иә, Пайғамбар хадисінде де «Өзі тоқ, көршісі аш отырған адам бізден емес» деген емес пе?!

Тарихты жасау бір бөлек, оны ұрпаққа сол күйінде жеткізу тағы бір бөлек. Біз өткенімізді тарихшының еңбегі арқылы білеміз. Түркістан қаласында тұратын алаштанушы, тұлғатанушы Хазретәлі Тұрсын көпшілікке етене таныс. Алаш арыстарын түп-тұқиянына дейін зерттеп жүрген белгілі ғалым Хазретәлі Тұрсын архив қорларынан талай құнды деректерді жарыққа шығарды.

**МЕН САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ҚҰР-
БАНДАРЫНЫҢ ҰРПАҒЫМЫН**
— Хазретәлі аға, Түркістанды киелі, көне қала деп жатамыз. Оның тарихы мен тарихи тұлғалары туралы айтқанда, алдымен өзіңіз ойға ораласыз. Түркістанға ерекше құрмет көрсететінінзді, бар ықыласыңызды қойып, тұлғаларын зерттейтінінзді білеміз. Жалпы сізді Түркістан тақырыбына жетелеген неңдей күш, осыған тоқталып өтесіз бе?

— Түркістан — менің тағдырыма еніп кеткен тақырып. Мен Түркістан қаласына жақын Жанақорған ауданында өсіп, білім алдым. 1991 жылы Қ.А.Ясауи атындағы Қазақ-түрік университеті ашылғанда жұмысқа тұруға осында келдім, бірақ мүмкіндік болмады. Ауданда мектепте директор бола жүріп, «Түркістан (Кокан) автономиясының құрылуы мен күйреуі» деп аталатын кандидаттық диссертациямды қорғау үшін ұзақ дайындалдым. 2000 жылы Түркістан қаласына келіп, университетке кіші ғылыми қызметкер болып орналас-тым. 2001 жылы академик Кеңес Нұрпейісовтың жетекшілігімен кандидаттық диссертациямды қорғадым. Зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында Ташкенттің архивтерінде жиі болып, көптеген құнды дүниеге кезіктім. Жинаған материалым көп болды, оны бірден игеру өте қиын. Кандидаттық диссертация шағын көлемде, оған көп материал сыймай қалды. Кандидаттығымды қорғаған соң жетекшіммен ақылдасып, «Түркістан ұлттық элитасының қалыптасуы мен қызметі» атты докторлық тақырыбымды бекіттім. Бұл тақырып аясында мен тұтастай Түркістан өлкесіндегі қазақ саяси элитасы туралы материалдарды жинақтауға кірістім. Докторлық қорғадым, 2 монография шығардым. Біріншісі кандидаттық жұмыс негізінде жазылған «Түркістан ұлт-азаттық қозғалысы және Түркістан Мұхтарияты» деп аталса, екіншісі «Алаш хәм Түркістан» деп аталды. Ұстазым Кеңес Нұрпейісов «Алаш хәм Алашорда» деген монография шығарып еді. Онда Алаштың оңтүстік қанаты Түркістан өлкесінде қызмет жасады деген концепциясы бар. Ұстазымның осы концепциясын ғылыми және деректік тұрғыда негіздеп, тұтастай монографиялық зерттеуге айналырдым. Алаш қозғалысының орталық бөлігі (Семей), батыс бөлігі (Жымпиты, қазіргі Сырмы ауданы) деп қалыптасқан ұғымдар бар. Менің «Алаш қозғалысының Түркістан қанаты — Оңтүстік қанаты» деп алуымның мәні Алаш қозғалысын жеке-жеке аймаққа бөлу емес. Бұл тақырыпты жан-жақты тереңдей зерттеу және оның халықаралық сипатын ашу деген мәселеге назар аудару еді. Сонымен бірге, бөлім мен қанаттың айырмашылығы бар екендігі есте болуы керек. Бөлімдерде үкіметтік құрылымдар болды. Ал Түркістан қанатында ондай саяси, ресми үкіметтік құрылымдар болған жоқ. Түркістан қанаты жарғалай жасырын, жарғалай жария жағдайда ұлттық-территориялық межелеуге дейін қызмет істеді. Біз осы мәселені жан-жақты қарастырдық. Алаш қозғалысының Түркістан қанаты бұл жерде қазақты ауқымнан шығып, Орталық Азиядағы өзбек, қырғыз, түркімен, қарақалпақ халықтарының арасында да кеңінен таралғандығына көз жеткіздік. Алаш қозғалысының идеясы Түркістан өлкесінде аса ықпалды болғандығы сияқты халықаралық сипаттар ашылды. Мен отандық тарих ғылымына Түркістан тарихының маманы ретінде келдім деп ойлаймын. Бұл тақырып менің ғылыми шығармашылық бағдарымды айқындайды.

— Хазретәлі Маханұлы, білуімізше, сіз Тәжікстанда туынсыз. Зерттеулеріңіз негізінен Түркістан тақырыбына арналған. Сізді Түркістанмен не байланыстырады?

— Иә, мен Түркістан тақырыбына неге келдім? Бұл мәселе барынша ауқымды ғой. Мен ауа көшушілердің, саяси қуғын-сүргін құрбандарының ұрпағым. Біздің әкелеріміз 1930-32 жылдары Өзбекстан, одан әрі Тәжікстанға ауып көшкен. Өзім 1960 жылы Тәжікстанның Коргантөбе облысында дүниеге келдім. Сонда ар бағында Ауғанстан 18 шақырым жерде



**Хазретәлі ТҰРСЫН,
ҒАЛЫМ:**

ТАРИХИ

ТҰЛҒАЛАР ЖАЙЛЫ

болған. Туған жерден үдере көшіп, туған елден жырақта күн кешудің ашы дәмін бесікте жатып сезінгенмін. Ауа көшу тарихы санама анамның әлдімінен, әкемнің өлең-сөзімен сіңген еді. Жызак, Самарқан асып, Тәжікстанның Ауғанстанмен шекаралас Пархар ауданына табан тіреген көш 1960 жылы ғана елге бет түзген. Тәжікстанда бір ғана біз емес, тұтастай буын туып өсті. Маған Орталық Азия тақырыбының өте жақын болуының осындай да себебі бар.

Ендігі мәселе Мемлекет басшысы Қ.Тоқасевтың саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі жарлығы бойынша осы бағытта жан-жақты жұмыстар жүріп жатыр ғой. Комиссияның жұмыс тобы құрылған кезде менде «кай бағытта жұмыс істесем екен» деген ой болды. Барлық бағытта жиналдығым бар. Дегенмен, мен сол кеңестік биліктің ықпалынан, қысымынан туған жерін тастап көшуге мәжбүр болған ауа көшушілер мен ашаршылық босқындары деген бағытты тандап алдым. Сол бағыт бойынша жұмыс тобын құрып, жетекшілік жасадым. Осы бағыттағы зерттеу жұмыстарының аясында 2020 жылы Тәжікстанның архивтерін ақтардым. Міне, осындай осындай мәселелермен бұл Орталық Азия тақырыбы маған өте ыстық. Осы тұста, еске түсіп отырғаны, 2001 жылы кандидаттығымды қорғағанда, соңғы сөз маған берілді. Жасым 40-тан асканда кандидаттық қорғауға мүмкіндік берген ғалымдарға үлкен алғысымды жеткіздім. Сонда академик Манаш Қозыбаев: «Неге олай дейсің, 41 жас деген — нағыз ғылымға келетін, ғалымның жасы. Оның үстіне, тақырыбын керемет біздің тарихымыздың жартысы Орта Азияда жатыр. Ташкенттің архивтерінде жатыр, сен ол елдің тілін, ділін, салт-дәстүрін білесің, енді сен осы тақырыпты тереңдей зертте» дегенде, шынымен ойланып қалдым. Қазіргі кезде Өзбекстандық әріптестеріммен етене араласамын. Орталық Азияда қызмет еткен ұлт қайраткерлері туралы зерттеулер жүргіземін. 2020 жылы 60 жылдық мерей-тойыма орай барлығын біріктіріп, арнайы кітап шығардым. Жинақтап қарасам, жазған еңбектерімнің барлығы дерлік Түркістанның дәстүрлі элитасын, саяси элитасын қамтиды екен. Сондықтан Түркістан өлкесіне қатысты тарихи тұлғаларды жинақтап, «Түркістанның текті тұлғалары» деген атпен 30 баспа табактық ғылыми мақалалар жинағын шығардым. Бұл енді үлкен еңбек болып қалды.

**ТҰРАДЫ ТАҢУҒА
ЖАҢА ИМПУЛЬС БЕРДІМ**

— Сізді нәзіртанушы деп те жатады. Нәзірді ғана емес, Сұлтанбек Қожановты, Тұрар Рысқұловты да бір кісіді зерттедіңіз. Осынау тұлғалар төңірегінде іздеу жұмыстарың жүргізгенде қандай мәселелерге, зерттеулерге ерекше назар аудардыңыз? Неңдей тың деректер кезіктірілді?

— Нәзіртанушы, сұлтанбектанушы, тұрартанушы екенім де рас. Бұл жерде

болады ғой деп ойлаймын. Қазіргі кезде елімізде әлі күнге дейін Қожанов өз бағасын алып үлгерген жоқ. Оның әртүрлі себептері бар.

Енді Тұрарға байланысты айтар болсақ, Тұрар туралы мағандейінде жазғандар бар, менен кейін де жазар. Мен енді олардың ешқайсысын қайталағам жоқ. Қай жұмысты алсам да, ғылыми жаңалыққа, дерекке негізделгенді дұрыс көремін. Осыған байланысты Тұрардың бұрын ешкімнің көзіне түспеген деректерін негізге алдым. Осы тұста мына нәрсеге назар аударғым келеді. Жалпы, тарихты тарихи тұлғалар жасайды, тарихи оқиғаларға себеп болады. Ол тарихқа айналады. Ал тарихи процестің өткен кезеңінің бір сәтін өзгертуге патшаның да, президенттің де дәрмені мен пәрмені жетпейді. Сондықтан да тарих қалай өрбіді — солай қабылдануы керек. Тарихшы тарихи оқиғаға деген пікірді, көзқарасты, тұжырымды ғана өзгертуі мүмкін. Сондықтан тарихи тұлғалар туралы сөз еткенде оның ұлттық мүддеге қаншалықты және қандай қызмет жасағандығы бойынша ғылыми тұжырым жасалуы керек. Зерттеулер барысында жаңа көзқарас, жаңа тәсілдер алдан шығады. Жаңа теориялық қағидалар пайда болады. Бірақ тарихи тұлғалар туралы халықтың санасында қалыптасып қалған стереотипті өзгерту, оны ақиқатқа бейімдеу өте қиын. Кезінде ұлттық мүддеге қарсы қызмет жасаған тарихи тұлға емес, ол туралы жазған тарихшының өзі кінәлі болып шыға келеді. Тарихи таным тәжірибесінде осындай қисынға келмейтін дүниелер де кездеседі. Сондықтан тарихшы өмірден өтіп кеткен тұлғаларды айыптамауы керек деген мәселені жеңіл түсінуге болмайды. Тарих ғылымының екі миссиясы бар. Бірі — ақиқатты айту, екіншісі — жаңалық ашу. Ақиқатты айту үшін жаңа теориялық тұжырым керек болса, ғылыми танымды жаңалау үшін тың деректер қажет.

2006 жылы докторлық диссертация жазып жүргенде, Мәскеуде бір ай архивте отырдым. Осы аралықта қаншама материалмен таныстым. Соның ішінде

СТЕРЕОТИПТІ ӨЗГЕРТУ ҚИЫН

Алаш қозғалысының Түркістан қанаты бұл жерде қазақтың ауқымнан шығып, Орталық Азиядағы өзбек, қырғыз, түркімен, қарақалпақ халықтарының арасында да кеңінен таралғандығына көз жеткіздік. Алаш қозғалысының идеясы Түркістан өлкесінде аса ықпалды болғандығы сияқты халықаралық сипаттар ашылды.

жеке айтуға болмас. Тарих ғылымында тұлғатану деген бағыт бар. Тұлғатану — бұл жеке ғылым емес, ғылымның бағыты. Тарихты зерттеудің әдіс-тәсілдері көп қой. Соның бірі — биографиялық тәсіл. Яғни, жеке бір адамның қоғамдық саяси қызметі арқылы сол кезеңнің күрделі проблемаларын алып шығуға болады. Осы бағытта біраз нәрселерді қаралым, көрдім. Жеке тұлғаларды зерттеулер барысында солардың кезеңдерін байланысты талай дүниемен таныстым.

Иә, Нәзір Төреқұлов — қазақтың біртуар азаматы, ол туралы зерттеушілер көп. Бірақ олардан менің ерекшелігім, мен тікелей архив деректеріне сүйеніп зерттедім. Қоғам қайраткерінің 125 жылдығы қарсаңында 4 томдық кітабын шығарып бердім. Шәкіртім Гаухар Батырбекқызы екеуіміз монография, оқу құралын, құжаттар жинағын дайындадық. Құжаттар жинағына Мәскеудің архивтерінде бұрын қолжетімсіз болып келген қаншама деректерді алып, ғылыми айналымға ұсына алдық. Сұлтанбек Қожановтың да 125 жылдығына етене араластым. Осы кезеңге байланысты Қожановтың архив құжаттары, шығармалары және материалдар жинағының 5 томдығын дайындаймыз дегенбіз. Соның 1 томдығын ғана шығарып үлгердік. Сосын тандамалы бір томдық құжаттар жинағын шығарып үлгердік. Сұлтанбек Қожанов туралы Мәскеудің, Ташкенттің архивтерінен көп дүние жинақтадым. Осылардың негізінде қазір менде Қожановтың 5 томдық құжаттар, шығармалар жинағы дайын. Келер жылы — Қожановтың 130 жылдығы. Сонда 5 томдығын шығарсақ, үлкен жұмыс болғалы тұр. Сұлтанбек Қожанова қатысты көптеген дерек әлі де шетелдік архивтерде жатыр. Бірақ қолжетімсіз. Сондықтан Сұлтанбек Қожановтың құжаттарын ғылыми айналымға шығару сұлтанбектануға қосылған жаңалық

дербес мемлекеттерге межелегенде Қазақстанға бірінші басшы болып келуді көзделді. Бірінші басшы болып келу үшін өзіне балама болатын тұлғаны саяси аренадан ысыру. Осы мансапқорлық пиғыл өзінің қарсыласы деп санаған Сұлтанбек Қожанов бастаған қазақ саяси элитасын «оққа байлатты». Тұрар жалғыз Қожановты емес, соның төңірегіндегі қаншама қазақ зиялыларын саяси айыптауға негіз қалап берді. Қазаққа «Қылыш үстінде серт жүрмейді» деген сөз бар. Бірақ дәл осы кезде 1924 жылы Тұрар Рысқұловтың желкесіне ешкім тапанша кезеп тұрған жоқ, аяқ-қолы кісендеулі, тергеудің азабын тартпаған еді. Өз еркімен, өз ықыласымен, өз мақсат-мүддесін көздеп, саналы түрде жазды. Осыны түсінуіміз керек. Ал 37-38 жылдардағы тергеулерде ұрып-соғып қинап, азаптаумен алынған қайраткерлердің жауаптары «қылыш үстінде серт жүрмейді» дегенге келеді. Ал, қамауға алынбаған кезде жасаған әрекеттерді басқаша тәпсірлейтін боламыз. Осылайша мен Тұрар Рысқұловты тануға жаңа импульс бердім деп ойлаймын.

ТҰЛҒАЛАНДЫРАТЫН

ҚАЙРАТКЕРЛЕР ӘЛІ ДЕ КӨП

— Сіз осынау танымал тұлғалармен қоса ел аузында аса айтыла бермейтін жандар туралы біраз тұлғаны жарыққа шығардыңыз. Мәселен, Телкожа Атығайұлы, Садықбек Сапарбаев, тағы басқа...

— Телкожа Атығайұлы — ұлт-азаттық қозғалысының мықты қайраткерлерінің бірі. Тарихшының тақырып таңдауының өзі ұзақ эксперимент болады. Телкожа Атығайұлын таңдауыма Рахманқұл Бердібайұлы себепкер болды. Сол кісі Үргенішке барған сапарында Майлықожа-ның «Үргеніште қалды сүйегі, Телкожа батыралпының» деген сөзі бар, батырымыз жерленген жерді, сүйегін тауып беріңдер деп Өзбекстандық әріптестерге тапсырма берген ғой. Өзбекстандық әріптестермен жұмыс істеп жүргенім, осы сөз ойымда жүрді. Бірте-бірте тақырыпқа ене бердім. Телкожа батыр Кеңесарының баласы Садықпен бірге Шолақорған, Түркістан, Шымкент, Ташкент қалаларын орыстардан қорғауда белсене араласқаны жөніндегі деректерге тап болдым. Тіпті, сол кездегі орыстілді басылымдарда Телкожаға байланысты материалдар жарияланған. Соларды таптым. Зерттеу барысында Үргенішке, Хиуаға бірнеше рет сапарға барып, көнекөз қариялармен сөйлестім. Телкожаның сол жақтағы ұрпақтарымен кездестім. Осылайша, түркіхалықтарының азаттығы үшін күрес халықаралық деңгейдегі тұлға деген тұжырым жасап, тұлғаландыра алдым. Телкожа сияқты қайраткерлеріміз көп, солардың барлығын ғылыми негізде зерттеп тұлғаландырасақ біздің тарихымыз толығыра түсетін болады.

Садықбек Сапарбековтың тұлғасы өте күрделі, оны Алаш қайраткерлерімен салыстыруға келмейді. Бұл — мүлдем жаңа тұрпаттағы саяси элитаның өкілі. Бұларды кеңес үкіметі дүниеге әкелді, тәрбиеледі. Ал, кеңестік билік осындай өзі тәрбиелеп, өзі өсірген кадрларын өзі құрбандыққа шалды. Яғни олар жаңа билікті құрды және сол өздері құрған биліктің құрбандарына айналды. Солай дегенмен мұндай типтегі тұлғаларды біржақты халыққа қарсы қызмет жасады деп кеңес үкіметімен бірге теріс бағалауға болмайды. Халықты қиын жағдайлардан алып шығу, дәстүрлі қоғамды модернизациялауда жақсы еңбектері бар. Садықбек Сапарбековтың 110 жылдығына байланысты құжаттар мен материалдарын дайындап жарыққа шығардым. Алдағы уақытта жас толқын келеді, оған берілетін баға сол жас толқынның қолында.

— «Атқара алмадым» немесе «әттеген-ай» дейтін кездеріңіз болды ма? Алдағы жоспарларыңызбен бөлсеңіз...

— Жоспарлар көп. Жас ұлғайған сайын ақыл-ой кемеліне келіп, бәрі көз алдына келіп тұрады екен. Қаншама архивтің деректерін жинадым. Сол деректерді жинақтап, монография, мақала етіп жариялауым керек. Алдағы уақытта осы кезге дейінгі ғылыми шығармашылық жұмыстарымыздың қорытындысы ретінде бірқатар монография, жинақты шығару жоспарыма бар. Жақын арада атқаратын жұмыстарымның бірі — Сұлтанбек Қожановтың 5 томдық құжаттар, материалдар, шығармалар жинағын және монографияны аяқтап, баспаға тапсыру. Одан соң ең үлкен жұмыс — саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау жөнінде Түркістан өңірілік комиссияның мүшесі, жұмыс тобының жетекшісі ретінде бірнеше жинақты дайындап, жарыққа шығаруымыз керек. Биыл саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жұмысы аяқталады. Жұмыс қорытындысы бойынша Түркістан өңірі бойынша әр бағытта қорытынды есеп дайындауымыз қажет.

— Әңгімеңізге рақмет, алдағы жұмыстарыңызға сәттілік тілейміз!

Сұхбаттасқан
Назгул НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы



ЕСІМ

ЕҢБЕК

ЕШ КЕТТІ...

Диқан еңбегі адал. Ерте көктемнен жерге кетпен салып, қара күзге дейін егіннің басында жүреді. Осы аралық – шаруа үшін уайымға толы шақ. «Көктемнің әр күні – жылға азық» дегенді ұстанған ауылдағы ағайын нәпақасын жерден табатын болған соң қарызданса да жерге егін салып қалу үшін тырмысып бағады. Одан соң қара тердің өтеуі болар шақты асыға күтеді.

Назгүл НАЗАРБЕК

Бастапқыда егіннің бітік шығуына, бакшанын жақсы жеміс беруіне аландаса, кейін базар нарқына тағы елендейді. Осылайша, адал еңбектің тәтті нанын жегенше тыным таппайтын дикандар қауымы егін маусымының қалай өтіп кеткенін де білмейді. Былтырғы бау-бакша өнімдерінің нарықтағы сатылымына назар аударатын шаруа осы жылы сол өнімге ерекше көңіл бөлетіні тағы бар. Өкініштісі, көп жағдайда былтыр саудасы қызған өнімнің назар аударатын шаруа осы жылы сол өнімге ерекше көңіл бөлетіні тағы бар. Өкініштісі, көп жағдайда былтыр саудасы қызған өнімнің назар аударатын шаруа осы жылы сол өнімге ерекше көңіл бөлетіні тағы бар.

Түркістан облысының Жетісай ауданындағы шаруалардың жағдайы дәл қазір осындай болып тұр. Олар алқаптағы пісіп тұрған қауын-қарбызды өткізе алмай, шығынға батып жатыр. Алушы таппаған дикандар амалсыз келісін 30-35 теңгеден саудалауда. Ал тіпті өткізе алмағандар үзілген қауынды малға тастауға мәжбүрміз деп ашынады. Пайда таппасақ та шығынды жапса екен дейді.

Қауын-қарбыз кәсібінде 20 жылдан бері айналысатын шаруа Абдулла Мейірбеков биыл бағаның түсіп кеткенін айтады. Қауынды жинап, оны басқа жаққа апарып сатар болса шығыны көп. Бір келі қауынның бағасы – 30-35 теңге.

«Бір қорап қауын 1 000 теңгенің көлемінде болып тұр. Оның ішінде 6-7 қауын бар. Жинайтын жұмысшыларға бір қорап қауын үшін 300-400 теңге береміз, трактор шығынына да бір қорапқа 300-400 теңге төленеді. Сонда өзімізге қалатыны 100-200 теңге көлемінде. Онда да қалса... Ал сол қалған 100-200 теңге ала жаздайғы еңбек, тұқым, селитра, техника, жұмысшылардың еңбекақысын жаба алмайды. Қазір қауындар алқапта шіріп жатыр. Кеше бір трактор қауын жинатып, оны сатпақ болып шығарғанбыз. Өтпей бір күн тұрды, сосын трактор иесі тіркемені босатып беруін сұраған соң, амал жоқ 15 мың теңгеге малға жем ретінде өткіздім. Оның 9000 теңгесін тракторға берсем, қалғанының үстіне қалтамнан 11 мың теңге қосып, қауын артқан жігіттерге 17 мың теңге төледім. Пайда көрмек түгілі шығынға батып жатқан соң алқаптағы қауынды тергізіп не істеймін. Енді алқапқа малды жібере саламыз»

Мамандардың айтуынша, биыл бакша дақылдары 4 мың гектарға артық егілікті. Жетісай аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің мамандары аудан әкімшілігі тарапынан басқа да облыстарға әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясына хат

деп отырмыз. Алқапта әлі 2 гектардай қауын жатыр», – дейді асықаталық шаруа ашынып.

Осылайша, биылғы егіс шаруалардың шығынын ақтамақ түгілі жартысын да жаппапты. Былтыр қорабы 3 000-4 000 теңге болған екен. Биыл 8 гектар жерге қауын-қарбыз тұқымын тастаған дикан енді қандай амал қарастыраын білмей дал.

«Жыл сайын қауын-қарбызды Ресей жаққа алып кететін фуралар кезекте тұратын. Биыл өте аз келіп жатыр. Ауылдағы барлық диканның жанайқайы осы. Көбі несие алған. Жанындағы Бакыт есімді жігіт 2 миллион теңге несие алып, бастаған жұмысының шатқаяқтап қалғанына налып отыр. Енді қалай төлеймін деп уайым шегеді. Бір ай бұрын дайын болған қауын-қарбыздың біразын ауыл-аймаққа «Газель» көлігімен тасып, саттық. Одан қалатын пайда – жоқтың қасы. Басқа амал болмады. Әкімдіктен тырс еткен қозғалыс байқалмайды. Нарық осындай, басқа амал жоқ деп шығарып салады», – дейді тағы бір шаруа Абдулла Мейірбеков.

Дикандар бакша өнімдерін еліміздің өзге облыстары мен жергілікті жерлерге сату тиімсіз екенін айтады. Шығыны көп, сондықтан оны көбіне сырттан келетіндерге жіберетін. Бұл жолы Ресейдегі жағдай шаруаларға да салқынын тигізіп отырғанға ұқсайды. Енді біреулерінің ойынша, делдалдар әдейі істеп отыр. Рубльдің түсіп кеткені де шаруалардың шатқаяқтап тұруына бірден-бір себеп деп санайды.

Мамандардың айтуынша, биыл бакша дақылдары 4 мың гектарға артық егілікті. Жетісай аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің мамандары аудан әкімшілігі тарапынан басқа да облыстарға әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясына хат

жібергенін, онда дайын өнімнің саны көрсетіліп, сатып алушы іздеп жатқанын айтады.

Бұл жағдай Жетісай ауданында ғана емес, көршілес Мақтаарал ауданы дикандарының да жанайқайы болып тұр. Мақтаарал ауданының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы Әлімқұл Баязит биыл Мақтаарал ауданында 16 911 гектар жерге бакша дақылдары егілгенін айтады. Оның ішінде 5 699 гектар жерге пленкалы қауын, 10 666 гектар жерге ашық қауын және 380 гектар пленкалы қарбыз, 166 гектар жерге ашық қарбыз орналастырыпты.

Әкімдік қызметкерлері қазір аудан бойынша 151 171 тонна бакша өнімі жиналғанын, жалпы аймақта 54 қауын қабылдайтын бекет бар екенін айтты.

«Шаруаларымыз жиналған өнімдерінің 1 қорабын 1 300-1 400 теңгеден Қазақстан аумағына ТМД және Ресей мемлекеттеріне экспорттауда. Сонымен қатар шаруаларымызға өз өнімдерін делдалсыз сатуға Алматы облысы Сауда департаменті басшыларымен келіссөздер жүргіздік. Нәтижесінде, Алматы қаласында орналасқан «Алтын орда» базарында Мақтаарал ауданының ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілері үшін өз өнімдерін делдалсыз қала тұрғындарына сатуға арналған арнайы тегін орын белгіленді. Белгіленген орында шаруалар бакша, көкөніс өнімдерін сата алады. Бүгінде басқа да облыстардың Сауда департаменті басшыларымен бакша және көкөніс т.б. дақылдарды делдалсыз сатуға арналған арнайы орындар қарастыруға келіссөздер жүргізілуде», – дейді Әлімқұл Базарбайұлы.

Иә, әкімдіктен әрекет бар сияқты. Дегенмен ерте көктемде басталған егіннің көлемін білетін жауапты тұлғалар осынау жұмыстарды ертерек бағамдап, жүйелеп реттеп қойса, шаруалар да аландасмас еді. Аты аталған екі аудан тұрғындары да оңтүстіктегі жерден нәпақасын тауып отырған өңір саналады. Біресе қауын-қарбызды өткізе алмау, біресе мақта құнының түсуі жыл сайын мақтааралдықтар мен жетісайлықтардың бас ауруына айналған. Шыны керек, соңғы жылдары Түркістан облысының ауыл шаруашылығы саласында мұндай жағдайлар жиі кездеседі. Қантардағы қатты аязда шаруалар жылжылайларды жылжытатын көмір таппай, қызанақтарын үсітіп алды. Ал жақында ғана Астанадағы Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингте Түркістан облысының әкімі Дархан Сатыбалды биыл өңірде ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі алғаш рет 1 триллион теңгеден асты деп мақтанышпен айтты. Бұл қалай болғаны? Сонда облыс басшысы жауапты мекеменің жазып берген санын оқып бере салғаны ма?! Қалай болғанда да ауыл шаруашылығының драйвері саналатын Түркістан облысындағы бұл салаға серпіліс керек сияқты.

Түркістан облысы

ЖАСЫЛ ҚАЛА АЖАРЫНАН АЙЫРЫЛДЫ

Кезінде Талдықорған көшелерінің бойындағы арықтармен мөп-мөддір су сылдырап ағып жататын. Кейінгі жылдары сол көрініс көзден бұлбұл ұшып, төселгелі ылғал көрмеген кейбір арық желілерінің жақтаулары сөгіліп, іші қоқысқа толып кететін болды. Тек орталық көшелерде, оның ішінде облыстық, қалалық әкімдік ғимараттары орналасқан тұстардағы арықтарда ғана азы-көпті су бар. Қалғандары қазір де қаңсып жатыр. Оны айтасыз, тұтас саябақтар қурай бастағаны қынжылтады...



Осыдан біраз жыл бұрын Баталов облыстың тізгінін ұстай салысымен қолға алып, бірер жылда жайнатып жіберген, бір кездегі иесіз саябақ «Жастар» деген атауға ие болып, қаланың қосалқы тынысын ашып, кіреберіске көрік бергенде қуанған қалалықтар бүгінде сұрқы қашқан саябақтағы қураған ағаштарды көріп, бас шайқайды. Осындағы сазды, түрлі түсті субұрқактан әдемі әуен естілмегелі, жарқ-жүрк етер сәулелер көзге шалынбағалы да көп болды. Жалпы, кейінгі жылдары қаладағы жасыл желектің қурай бастауы биыл ерекше қарқын алып, көшелер бойындағы тал-шыбықтар мен бұталарды айтпағанда, өсіп тұрғанына ондаған жыл болған алып ағаштардың өзі семіп, солып кетті.

Былтыр тендері түрлі әңгімеге өзек болған, журналистер мердігердің жауапсыздығын дәлелдеу үшін гүл санап кеткен саябақтар мен гүлзарлардың жағдайы мүлде нашар.

Қалай болғанда да, бір жылдары жергілікті тұрғындары «Талды Париж» деп мақтанатын жасыл қала бүгінде бар ажарынан айырылып барады. Соңғы күндері жиі талқыланып кеткен мәселеге ақыры прокурорлар араласып, бұл салада да біраз былық-шылықтың бетін ашыпты. Қаланы көгалдандыру, жасыл желекті бөлеуге жауапты мемлекеттік қызметкерлер арасында да осынау ел үшін істелер игілікті істен де жеке басының пайдасын көздегендерге қатысты бірқатар жемқорлық деректер белгілі болыпты. Талдықорғандағы журналистер үйінде БАҚ өкілдерінің басын қосқан Жетісу облысының прокуроры Мадияр Басшыбаев Талдықорған қаласы әкімдігі қызметкерлері тарапынан облыс орталығындағы саябақтар мен гүлзарлар, саяжолдардағы гүлдер мен бұталардың, ағаштардың қурап кетуіне тікелей қатысы болуы мүмкін шектен шыққан шетін жағдайларды баян етті.

– Прокурорлар анықтағандай, жауапсыз мемлекеттік қызметшілер жасыл желекті күтімге алатындарды анықтау кезінде мемлекеттік сатып алуларды дұрыс ұйымдастырмаған. Дұрыс өткізілмеген конкурстар жеткізушілер арасындағы бәсекелестіктің барынша шектелуіне әкеліп соқтырған. Қаладағы алты саябақ пен гүлзарды ұстау бойынша жалпы сомасы 900 миллион теңгеден асатын конкурстар бір лотпен ғана жарияланған. Ал еліміздегі қолданыстағы заңға сай әрбір нысанға конкурстар жеке-жеке лотпен жариялануға тиісті болатын. Көпе-көрінеу заңбұзушылық пен бұра тартудың кесірінен конкурстар қатысқысы келген жеткізушілердің қаржылық тұрақтылығына қойылатын талап еселеп өсіп шыға келген де, жағдайы орташа жеткізушілер конкурстар еріксіз тысқары қалған. Қазір біздің қалаға ақтілерімізбен барлық конкурстар заң талаптарына сәйкестендірілді. Заңбұзушылықтарға жол берген 67 лауазымды тұлға жауапқа тартылды. Олардан мемлекет пайдасына 10 миллион теңгеден астам айыппұл өндірілді, – деді облыс прокуроры.

Прокурорлардың айтуынша, мемлекеттік органдардың жылы да жайлы кабинеттерінде отырған «жемқорлар» өңірдің экономикасына орны толмас зиян шектіруде. Әсіресе, бюджеттік қаражатты жұмсаудың заңдылығын бұзуда басуға байланысты деректер тым жиілеп кеткен.

– Қадағалау нәтижесінде жалпы сомасы 3 млрд теңге болатын 35 конкурстар бойынша рәсімдердің күшін жойдық. Мәселен, Қаратап, Алақөл және Панфилов аудандарында сметалық құжаттамаға сараптама жасалмағанына қарамастан, автокөлік жолдарының орташа жөндеуі бойынша 1,5 млрд теңгеге конкурстар жарияланған. Мұнда қарастырылған қаражаттың іс жүзіндегі жұмыс көлемімен сәйкестігін тек осы сараптама нақтылайтынын атап өткен жөн. Бүгінде облыс прокурорлары 16,5 млрд теңге сомасындағы қаражаттың қымқырылуына қатысты белгілері бар бес қылмыстық істі тергеуде. Бұлар бойынша 15 тұлға байланысты алдын алу шаралары қолданылған. Төртеуі тұтқындалса, 10-ы ұйқамда, біреуі кепілдікпен босатылған. Әзірге тергеу мүддесіне сәйкес, аталған істер бойынша егжей-тегжейлі айтуға болмайды. Биылғы жылдың өткен айларында арнайы прокурорлар 420 миллион теңгені қымқыру белгілері бар екі қылмыстық істі сотқа тапсырып, бес адам сотталды. Тергеу барысында мемлекеттік кіріске 230 млн теңге өндірілді, – дейді Мадияр Басшыбаев.

Сонымен бірге Жетісу облысының прокуроры журналистердің назарын прокурорлық қадағалаудың жаңа құралына да аудара кетті. Қазір прокуратура жедел-іздістіру шараларын жүргізуге бастамашылық ете алады. Бұл құралды прокурорлар талдамалық жұмыстар барысында мәлім болған заңбұзушылық белгілеріне байланысты қылмыстарды ашу үшін пайдаланады. Күні бүгінге дейін осы тәсілдің арқасында денсаулық сақтау саласындағы аса ірі қаржылық қымқыру және есірткілік заттарды саудалау деректерінің беті ашылыпты.

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы





Қазақстандағы құс етін өндіруден алдыңғы қатарлы кәсіпорынның бірі – Ақмола облысы Бұланды ауданындағы Макинск құс фабрикасы. Аталған кәсіпорынның іске қосылғанына көп уақыт болмаса да, бүгінде ішкі сұранысты өтеп отыр. Қазіргі уақытта ол тауық етін өндіру көлемі бойынша Орталық Азиядағы кешбасшы кәсіпорынға айналды. Алдағы уақытта мұнда бройлер өсіру өндірісінің үшінші кезегін іске қосу жоспарланып отыр. Жобаны іске асыру өндірісті тірі салмақтағы құс көлемін жылына 56 мың тоннадан 100 мың тоннаға дейін ұлғайтуды көздейді.

КӘСІПОРЫННЫҢ ҚАРҚЫНЫ ҚАТТЫ

Наурызбек САРША

Фабриканың үшінші кезегінің құрылысы 2021 жылы басталған болатын. Жобаға салынған инвестиция сомасы 25 млрд теңгені құрайды. Алдағы уақытта құс фабрикасының қуаттылығы жылына 100 мың тоннаға дейін құс етін өндіруге мүмкіндік береді деп күтілуде.

Құс фабрикасының аумағы мен қуатын арттырудан бөлек, үшінші кезек жобасы жаңа құс қораларын салу, соудан қалған қалдықтарды қайта өңдеу жабдығының қуатын тәулігіне 133 мың бастан 140 мың басқа дейін ұлғайту, жем түйіршіктендіру желісінің өнімділігін сағатына 20 тоннадан 30 тоннаға дейін арттыру және өндірістің өзекті талаптарына жауап беретін дайын өнімді сақтауға арналған орындар көлемін ұлғайту кіреді.

Макинск құс фабрикасы үшінші кезегінің құрылысы – құрамына осы өндірістік кәсіпорын кіретін АІТАС холдингінің стратегиялық жоспарының ажырамас бөлігі. Макинск құс фабрикасының үшінші кезегін іске қосу жобасы импортты алмастыру және аймақты дамыту, сонымен қатар жаңа жұмыс орындарын құру сияқты әлеуметтік нәтижеге қол жеткізуге бағытталған. Қазіргі уақытта кәсіпорында 1900-дан астам адам жұмыс істейді.

«Макинск құс фабрикасы және үшінші кезек жобасы құрылысының жүзеге асырылуы – бұл Қазақстанның құс шаруашылығы саласына қосылған үлес, құс фабрикасының өзінде де, МҚФ айналасында дами бастаған басқа да шағын және орта



бизнес кәсіпорындарында жұмыс орындарын құру. Біз өз қызметі аясында Бұланды ауданы мен Макинск қаласын дамытуға қатысып келе жатқан Ауылдық аймақтарды тұрақты дамыту қорымен өте жақсы серіктестік қарым-қатынастамыз. АІТАС – осы қордың бас демешісі, ол ақшалай қаражатты өніміміздің инфрақұрылымын, білім саласын, медицинасын дамытуға бағыттайды», – деді фабриканың бас директоры Ришат Раисов.

Бүгінгі таңда кәсіпорында 17 өндірістік нысан, атап айтқанда, инкубатор, әрқайсысында 12 құс алаңы бар қолданыстағы 8 құс қорасы және пайдалануға берілу жоспарланып отырған 4 құс қорасы, құс өңдеу зауыты, құс саңғырығын,

ет және сүйек қалдықтарын қордалау алаңы, жем өндіру цехы бар. Өндірістің биоқауіпсіздігі мен экологиялық талаптарын сақтау мақсатында кәсіпорында инкубациялық өндіріс, құс өсіру, сою және ет-сүйек ұнын өндіру сатыларында жоғары технологиялық энергия үнемдейтін жабдықтар пайдаланылады.

Құс фабрикасының аумағында орналасқан барлық ғимараттың жалпы ауданы 300 мың шаршы метрден асады. Жоба Еуропалық қайта құру және даму банкінің, Baitek Venture Fund венчурлық қорының және Қазақстанның Даму Банкінің қолдауымен АІТАС холдингінің дамулық ұзақмерзімді стратегиясы шеңберінде іске асырылуда.

АУЫЛ БАЛАЛАРЫ ЭКО-ЖОБА ЖАСАДЫ

Назарбаев университетінде ауыл мұғалімдері мен оқушылар арасындағы «Орталық Азиядағы климаттың өзгеруімен күресу бойынша жастардың іс-әрекеті: жастардың идеяларын іске қосу алаңы» атты ғылыми конференция өтті. Іс-шараның негізгі мақсаты – экологиялық мәселелерді шешудегі жастардың талпынысына қолдау көрсету.



Конференцияға Орталық Азия елдерінен жас белсенділер, экология саласының мамандары, педагогтар мен сарапшылар қатысты. Оларға ауыл мектептерінен келген оқушылар өздерінің түрлі экологиялық жобаларын таныстырды. Осы ұсынылған жобаларды Оқу-ағарту министрлігінің өкілдері, ЮНИСЕФ және грант беруші – Дүниежүзілік банк өкілдері, Назарбаев Университетінің профессорлары, сондай-ақ негізгі серіктес – Орталық Азия университетінің өкілдері бағалады.

Экологиялық жобаларды жасауға Ақмола облысындағы Оразак ауылы және Ақтөбе облысындағы Бестамақ ауылының мектептері тандалды. Оқушылардың жұмыстарына қарап, олардың экологиялық мәселелерге бейжай қарамайтындығына куә болдық.

– Біздің жоба тікелей суға қатысты. Көптеген су қойыққа толып, ластанып жатыр. Ол су арқылы қаншама жан-жануар мен балықтар да улануда. Біздегі мақсат – осы проблеманы азайту. Сол мақсатта қазір суды қойықтан тазартатын роботтың кішкентай үлгісін жасап қойдық, алдағы уақытта үлкенін дайындаймыз. Бұл жобаны келесі жылы бітіреміз деп ойлап отырмыз. Бұдан соң қойықты жинап қана қоймай, суды тазалайтын да көптеген құрылғы жасағымыз келеді, – дейді оқушы Назерке Шынболатова.

Конференция барысында оқушылар осы уақытқа дейін жоба жасауда тәжірибелері бар екенін көрсетті.

– Біздің жобамыз ауылымызды тазартуға және бос жатқан қалдықтарды қалдырмауға арналған. Біздің ауылда көп жерде қойық үйіліп жатқанын байқадық. Олардан бөлінетін газ ауаны ластауда. Соның кесірінен қышқылды жаңбыр жауып, ол біздің бау-бақшаларымызға зиян әкеліп жатыр. Бұдан бөлек, біз далалық өрттің алдын алуға, ауыссу мәселесіне арналған жобаларды да жасағанбыз. Мысалы, ауылдағы бұлақ суын арнайы зерттеуден өткіздік. Нәтижесінде, таза әрі қолдануға жарамды болған соң, оны ауылға тартуға мүмкіндік беретін жобаны әзірледік, – дейді оқушы Жангүл Максұтова.

Мұғалімдердің айтуынша, мұндай жобалар балалардың ғылымға деген қызығушылықтарын арттыра түседі.



– Ғылыми жобаға дайындыққа шамамен 1 ай уақыт берді. Алғашында біз арнайы дайындық сабақтарына қатыстық. Жалпы, жобаның мақсаты, жүзеге асырылуы жайлы тренинг өткізілді. Ең белсенді деген оқушыларды таңдап алды. Оқушылардың ұсынған 5-6 жобасынан ең үздігі іріктелді. Осы уақытқа дейін біз де оқушылардың ғылымға деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында сайыстар өткізіп тұратынбыз, – дейді мұғалім Сәуле Ермекқызы.

Министрлік тарапынан да балалар мен жасөспірімдердің экологиялық мәселелермен күреске бағытталған жұмыстарына қолдау көрсетіліп келеді.

– Бүгінгі таңда еліміздің барлық білім беру деңгейлерінде экологиялық білім алу көзделген. Оқу-ағарту министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы экологиялық проблемаларға қызығушылық танытатын оқушыларды қолдау мақсатында көптеген іс-шара өткізеді. Мысалы, «ProEco» экологиялық жобалар конкурсы аясындағы «Туған өлкеңің табиғаты», «Эколайнерлер арасындағы «Үздік экологиялық бастама», «Таза қала сізден басталады» атты байқауларды атап өтуге болады, – деді Оқу-ағарту министрлігінің бас сарапшысы Гүлжан Әмірқұлова.

«ҚазМунайГаз» ҰҚАҚ ұжымы «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС вице-президенті
Макишев Данияр Абайұлының
мезгілсіз дүниеден өтуіне байланысты ауыр қайғыға ортақтасып, отбасы мен жақындарына көңіл айтады. Марқұмның жаны жәннатта, топырағы торқа болсын.



ШЕРХАН ТОП ЖАРДЫ

Отандық жас өнерпаз Шерхан Арыстан «Витебск» балалар байқауының бас жүлдесіне ие болды.

Шерхан Арыстан жүлдені «Витебскідегі славян базары» XXXII халықаралық өнер фестивалінің ашылу салтанатында Беларусь Президенті Александр Лукашенконьң қолынан алды. Қазылар алқасы 12 жастағы Шерхан Арыстанға екі күнде ең жоғары баға – 70 балдан берді. Ол барлық қарсыластарын жеңіп, 140 ұпай жинады. Жас орындаушы мықты вокалдык өнерін көрсетіп, көрермендер мен қазылар алқасын таңғалдырды.

Ал Беларусь елінің атынан өнер көрсеткен София Рустомова байқау көшбасшысынан небәрі 4 ұпай артта қалып, екінші орынға тұрақтады.

ЖҰМАҒҰЛОВ UFC-ден ШЫҒАРЫЛДЫ

Аралас жекпе-жек шебері, қазақстандық Жалғас Жұмағұлов (14-9) UFC файтеерлері тізімінен шығарылды. Бұл туралы лиганың ростеріндегі өзгерістер туралы жаңалықтарды жариялайтын UFC Roster Watch Twitter-аккаунтында хабарланды.



Еске сала кетсек, Жалғас Жұмағұлов 24 маусымда өткен соңғы жекпе-жегінде UFC дебютанты америкалық Джошуа Ваннан жеңіліп қалған. Бұл «Жаконьң» қатарынан төртінші және UFC-де алтыншы жеңілісі болған еді.

Дайындаған Жәнель ҚҰТТЫБАЙ

NUR MEDIA
МЕДИАХОЛДИНГІ

AIQYN
апта

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Ысқақ ЕГЕМБЕРДИЕВ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Асқар БЕК –
Сайттың бас редакторы

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІАШЛАЕР:

Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Нұрболат АДЫРБЕК –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫАҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назғұл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Роза ШӘКЕН –
Солтүстік Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛАҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Баян ЖАНУЗАК –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Талсырыс №4325
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,